



# САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,  
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»


Республикалық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН,  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
ДЕЯТЕЛЬ»

Материалы республиканской  
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**  
**Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары  
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ  
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции  
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Төраға (Председатель):**

*Сыдықов Е.Б.*, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
**мүшелері (члены):**

*Оңғарбаев Е.Ә.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Мерзадинова Г.Т.*, техника ғылымдарының докторы, профессор  
*Қозыбаев И.М.*, тарих ғылымдарының докторы, профессор  
*Сматлаев Б.М.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Нұрмағамбетов А.М.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Тлепина Ш.В.*, заң ғылымдарының докторы, профессор  
*Сембекова Б.Р.*, заң ғылымдарының кандидаты, доцент  
*Сақтағанова И.С.*, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

**Бас редактор (Главный редактор):**

*Абдрасулов Е.Б.*, заң ғылымдарының докторы, профессор

**Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):**

*Дауталиев Қ.Н.*, заң ғылымдарының кандидаты

*Женисов С.К.*, заң ғылымдарының магистрі

**Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері:** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

**Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель:** материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340  
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021  
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

## Мазмұны Содержание

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--	---

### 1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар Часть 1. Приветствия участникам конференции

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі .....	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі .....	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

### 2-бөлім. Ғылыми баяндамалар Часть 2. Научные доклады

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабикинов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46



<i>Ударцев С.Ф.</i>	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
<i>Нурғалиева Е.Н.</i>	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
<i>Тлепина Ш.В.</i>	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
<i>Абдрасулов Е.Б.</i>	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
<i>Нурмагамбетов А.М.</i>	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
<i>Ахпанов А.Н.</i>	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
<i>Ибрагимов Ж.И.</i>	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
<i>Шангирбаева Б.Ю.</i>	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
<i>Балтабаев К.Ж.</i>	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
<i>Дауталиев Қ.Н.</i>	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
<i>Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.</i>	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
<i>Арыстамбаева С.А.</i>	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
<i>Канатов А.К.</i>	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
<i>Габдулина Б.А.</i>	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
<i>Баймолдина С.М.</i>	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
<i>Балғынтаев А.О.</i>	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
<i>Мергембаева Н.Б.</i>	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
<i>Бексултанова Р.Т.</i>	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
<i>Даурембеков Е.Қ.</i>	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
<i>Абдилов К.С.</i>	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
<i>Нурмагамбетова С.Б.</i>	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
<i>Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.</i>	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
<i>Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.</i>	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқабаетаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбетова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңгер заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсаямова С.С., Капсаямов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

### **3-бөлім. Конференция фотолары Часть 3. Фотографии конференции**

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

### **4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции**

Қазақ тілінде .....	238
Орыс тілінде.....	240

## **ПРЕДИСЛОВИЕ К МАТЕРИАЛАМ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

19 февраля 2021 года исполнилось 100 лет со дня рождения академика Салыка Зимановича Зиманова. Его имя известно сегодня во всех странах Содружества независимых государств и за его пределами: академик Национальной академии наук Республики Казахстан, автор масштабных трудов по юриспруденции, государственному строительству, политико-правовой истории Казахстана и стран Центральной Азии, мыслитель, яркая фигура в плеяде выдающихся юристов своего времени.

Значение творчества Салыка Зиманова, его вклад в юридическую науку и общественную мысль Казахстана XX-XXI вв. до сегодняшнего дня оставались вдали от серьезных осмыслений. В этой связи в 2020 г. Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева выступил инициатором и возглавил подготовку проведения юбилейной даты С.Зиманова, этого важного во всех отношениях события.

Особо хочется отметить, что в сентябре 2020 года ректор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева академик Е.Б. Сыдыков обратился с письмом к Президенту Республики Казахстан К.-Ж.К. Токаеву, в котором предложил в масштабах всей Республики провести мероприятия в честь 100-летия выдающегося ученого-юриста Казахстана. С одобрения Главы государства начались подготовительные мероприятия, в которые включились Министерство образования и науки, Министерство юстиции РК, другие государственные органы и общественные организации, университеты и юридические вузы страны. В ходе этих мероприятий был намечен и сегодня во многом реализован план по наименованию улиц городов и сел страны именем С.Зиманова, проведению многочисленных научных конференций, круглых столов, книжных выставок, посвященных юбилейной дате. Республиканской ономастической комиссией при Правительстве РК имя С. Зиманова внесено в список исторических лиц.

В рамках ЕНУ им. Л.Н. Гумилева запланированы и проведены различные мероприятия: конкурсы на лучшие студенческие и магистерские научные работы, открытие кабинета им. С.Зиманова, выставки книг ученого, проведение открытых кураторских часов, издание монографии по актуальным проблемам юридической науки, также посвященной памяти академика С.Зиманова, другие мероприятия и встречи.

Одним из крупных событий в череде этих важных и ответственных мероприятий стала проведенная 19 февраля 2021 года Республиканская научно-практическая конференция «Салык Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель» с участием представителей Парламента, Правительства, Верховного Суда, Конституционного Совета нашей Республики, общественных и политических деятелей страны, ученых, студентов, магистрантов и докторантов. Конференция проходила в офлайн и онлайн-формате с охватом более 500 человек.

Открыл конференцию и выступил модератором ректор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева академик Е.Б. Сыдыков.

Приветственное слово от имени Президента Республики Казахстан К.Ж. Токаева озвучил Заместитель Премьер-Министра РК Е.Л. Тугжанов.

В представляемом Сборнике материалов конференции нашли отражение 53 публикации, где выражены мысли и взгляды государственных и общественных деятелей, политиков, ученых, молодых исследователей по вопросу о роли и вкладе академика С.Зиманова в юридическую и историческую науку Казахстана, в теорию и практику государственного суверенитета и государственного строительства, независимости законодательной и судебной властей, возрождения уникальных правовых институтов традиционного казахского общества, имеющих мировое значение. Немало работ в Сборнике посвящены личным качествам С.З. Зиманова, характеризующимся авторами как пример высокой нравственности, академической честности, неутомимого трудолюбия, политической смелости в высказывании своих небесспорных взглядов, беззаветного служения науке и своему народу.

Коллектив авторов и составителей сборника представлен аудиторией из широко известных в Казахстане и за его пределами личностей: Ж.М. Абдильдин, М.Ж. Журинов, К.С. Султанов, С.Н. Сабикенов, Е.Б. Сыдыков, К.А. Мами, Е.Л. Тугжанов, Ж.К. Асанов, М.Т. Алимбеков, М.А. Кул-Мухамед, М.Б. Бекетаев, М.М. Дауленов, Е.А. Онгарбаев, Р.К. Сарпеков, С.Ф. Ударцев, Б.М. Сматлаев, А.М. Нурмагамбетов, Е.Н. Нургалиева и др.


Материалы конференции еще раз подтверждают, что жизнь и творчество академика С.З. Зиманова, его фундаментальные труды и высказывания находят отражение в исследованиях именно сейчас, в наше время, востребованы в будущем, поскольку имеют непреходящую ценность.

Сборник снабжен иллюстрацией с показами фотографий хода конференции, открытия кабинета ученого, предшествовавшего началу форума, организационных моментов подготовки конференции.

Редакционная коллегия выражает глубокую признательность всем авторам за сотрудничество и помощь в подготовке к изданию Сборника.

Уверены, что работы, представленные в настоящем сборнике конференции, в значительной мере будут способствовать распространению и широкому обсуждению идей и политико-правовых взглядов выдающегося ученого С.З. Зиманова.

**АБДРАСУЛОВ Ермек Баяхметович**  
*доктор юридических наук, профессор,  
академик Академии юридических наук Республики Казахстан,  
главный редактор сборника конференции*



**1-БӨЛІМ.**

**КОНФЕРЕНЦИЯ  
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН  
ҚҰТТЫҚТАУЛАР**

**ЧАСТЬ 1.**

**ПРИВЕТСВИЯ  
УЧАСТНИКАМ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

*На переходном этапе, сопряженном с экономическим кризисом, разгулом преступности и коррупции, нужна сильная Президентская власть. Она никогда не будет сильной и авторитетной без эффективно работающего Парламента... Лучшие законы – не те, которые «куются» в недрах аппаратной «кузницы», а те, которые рождаются и принимаются в Парламенте, ибо в нем есть народное представительство.*

**Зиманов С.З.**

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы**  
*Қазақстан Республикасының Президенті*



**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ  
ҚАЙРАТКЕРІ»**  
**атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушыларға**

**Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Бүгін аса көрнекті ғалым, академик Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толды.

Бұл – отандық заң ғылымы ғана емес, бүкіл еліміз үшін айтулы күн.

Салық Зиманұлы Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалыптастыруға орасан зор еңбек сіңірді. Ол «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияны, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды, алғашқы Ата заңымызды әзірлеуге атсалысты. Сондай-ақ, Қазақстандағы парламентаризм институтын дамытуға айрықша үлес қосты.

Әйгілі ғалым, құқық саласының қыр-сырына терең бойлап, тағылымды еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе еліміздің саяси және құқықтық тарихы, билер институты секілді тың тақырыптарды терең зерттеді. Оның мол мұрасы алдағы уақытта да ел игілігіне айнала беретіні анық.

Салық Зиманұлы ұлағатты ұстаз ретінде көптеген білікті заңгерлер тәрбиелеп өсірді. Оның шәкірттері ел экономикасының түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр.

Дүйім заңгер-ғалымдар қоғамдастығына мәлім Салық Зимановтың мерейтойы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның символдық мәні зор. Туған еліне қалтқысыз қызмет еткен Салық Зимановтың ғибратты ғұмыры жас ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге.

Конференцияның жұмысы табысты болсын!

Егемен еліміз өркендей берсін!



**ТОҒЖАНОВ Ералы Лұқпанұлы**  
*Қазақстан Республикасы*  
*Премьер-Министрінің орынбасары,*  
*саясаттану ғылымдарының докторы,*  
*заң ғылымдарының кандидаты*



### **Құрметті конференцияға қатысушылар!**

Сіздерді **ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АКАДЕМИК, ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ЕЛІМІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ МАЙДАН АРДАГЕРІ САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА** арналған республикалық ғылыми конференция жұмысының басталуымен құттықтаймын!

Салық Зиманұлы еліміздің ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасып, дамуына айрықша үлес қосып, өзінің атын отандық юриспруденцияның тарихына алтын әріптермен жазған азамат.

Оның ғылыми-зерттеу еңбектері мемлекет пен құқық тарихы, Қазақстан мен Орталық Азияның өзге де аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен даму жолдарына, тәуелсіз қазақ мемлекетінің құқықтық платформасының қалыптасуына арналған.

**Салық Зимановтың есімімен еліміздегі жоғары заң білімінің дамуы мен ғылыми зерттеу жұмысының өркендеуі тікелей байланысты.** Өнегелі өмірінде академик **200-ге жуық ғылыми еңбек жазып**, заң ғылымдарының негізін қалап, өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ғалым.

Салық Зиманұлы жоғары білікті құқықтанушы ғалымдар мен тәжірибелік заңгер қызметкерлерді дайындау тәрізді аса маңызды өрісте тынбастан еңбек етті және үлкен ғылыми мектепті қалыптастарды. Оның шәкірттері қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде, құқық саласының әртүрлі өрістерінде жемісті еңбек етуде. Олардың қатарында ұстаздарының ақ батасымен өздерін ғылыми, ағартушылық және қоғамдық-саяси қызметке арнағандары да жетерлік.

Мысалы, бүгінгі таңда мемлекеттік билік саласындағы құқықтық жүйенің басшылығында жүрген **Қайрат Әбдіразақұлы Мәми**, кеше ғана өмірден озған қоғам және мемлекет қайраткері **Қабылсаят Әбішев**, бүгінгі сенатор **Қанат Сафин**, білім саласының ардагері **Қазыбек Жиреншин**, тағы басқаларды атап өтуге болады.

Солардың ішінде мен де бармын – кандидаттық диссертациямды Салық Зиманұлының басшылығымен қорғағанымды, ұлы ғалымның білімінен сусындап, әкелік қамқорлығын көргенімді мақтаныш тұтамын.

Қазақ халқының қолына уақыттың өзі берген тарихи мүмкіндікті пайдаланып, аталарымыздың арманы болған тәуелсіз мемлекетті қалыптастыруға деген қажеттілік, көптеген біртуар тұлғалардың тарих сахнасына жарқ етіп шығуына себепкер болды. Академик Салық Зиманов осындай тарихи тұлғалардың бірі және бірегейі.

### **Уважаемые участники конференции!**

**Академик С.З.Зиманов** известен для юридической общественности Казахстана, прежде всего, как **крупный ученый-исследователь и наставник**. Он подготовил свыше 30 докторов и кандидатов юридических наук, создал и оставил после себя целую школу ученых историко-правового направления. Его перу принадлежат крупнейшие исследования в области общественного и политического строя казахов, истории становления национальной государственности в Казахстане. Венцом его научной деятельности является издание десяти-томника «Древний мир права казахов». Эти труды в целом и каждый в частности раскрывают неповторимость творческого гения великого ученого.

Огромный вклад С. Зиманова в **формирование правовой системы независимого Казахстана**. Являясь депутатом Верховного Совета Казахской ССР, Салық Зиманович принимал самое активное, непосредственное участие в разработке многих важных, исторически значимых правовых актов нового государства.

Первым историческим актом для народа и страны явилась Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. Салық Зиманович являлся председателем Комиссии по обобщению предложений и замечаний и доработке проекта данного акта. Именно он выступал с проектом Декларации, который был единодушно поддержан Парламентом.

В этот период принимались важные для страны законы о гражданстве, о государственных символах, о собственности и многие другие. С. Зиманов принимал самое активное участие в их разработке, обсуждении и принятии. Как ученый в области государственного строительства и права, он всегда оставался на принципиальных позициях, настойчиво и терпеливо разъяснял своим коллегам по законотворческой деятельности целесообразность и необходимость той или иной нормы в предложенной разработчиками редакции.

Салық Зиманович Зиманов - человек целой эпохи. В какое бы время он не жил, он отдавал себя общему делу, своей стране, честно и беззаветно служил своему народу. И сегодня он является эталоном подражания для нового поколения. Это истинный интеллигент, человек широкой эрудиции не только в области юриспруденции, но и в различных областях науки и культуры.

В рамках празднования 100-летнего юбилея академика Салыка Зиманова по всему Казахстану запланированы мероприятия.

Принято решение о присвоении имени известного юриста Залу диссертации Национальной библиотеки Республики Казахстан в городе Алматы.

Планируется проведение на международном уровне ряда научно-практических конференций, посвященной юбилею академика. Это - Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова и Университет «КАЗГЮУ» им. М.С. Нарикбаева.

Республиканской ономастической комиссией при Правительстве РК имя С. Зиманова внесено в список исторических лиц. В дальнейшем местными исполнительными органами в соответствии с требованиями действующего законодательства будет проведена соответствующая работа.

На родине ученого, в Атырауской области, в рамках государственного заказа начаты работы по съемкам документальных фильмов и культурно-просветительских мероприятий, посвященных заслуженному деятелю науки Казахстана.

2021 году планируется выпустить издание библиографического указателя, посвященного 100-летию академика С.Зиманова.

Это лишь небольшая часть мероприятий, которые будут проведены в рамках юбилея. И это нужно нам – потомкам **ВЕЛИКОГО УЧИТЕЛЯ, ПАТРИАРХА НАУКИ, ГОСУДАРСТВЕННОГО И ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, ПРЕДАННОГО И ВЕРНОГО СЫНА НАРОДА.**

**Құрметті конференция қатысушылар!**

**Академик Зимановтың 100 жылдығы еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығына тұспа-тұс келуі кездейсоқ жағдай емес деп ойламын.**

Тәуелсіздігіміздің тұғырын құқықтық тұрғыдан бекемдеуге еңбегі өлшеусіз сіңген Салық Зимановтың өмірінің жалғасы, оның мәңгілігі – ғылыми зерттеу бағытын жүргізетін білім мекемелерінің қолында.

Салық Зимановтың халқына, еліне, жеріне, ұлтына сіңірген еңбегіне арналған осы сияқты конференцияның материалдары өнегелі елдің ұрпағы үшін үлгі де, өрісіне түрткі де боларлық дүние екені сөзсіз.

Оның жарқын бейнесі – халқына қалтықсыз қызмет етудің, ұлтжандылық пен ғылымға деген адалдықтың символы ретінде халқының есінде мәңгі сақталып қала береді.

Салық Зиманұлы Зимановтың жүз жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қатысушыларына шын жүректен табыс тілеп, жоспарланған шаралардың сәтті өтуіне тілектестігімді білдіремін.

**МӘМИ Қайрат Әбдіразақұлы,**  
*Қазақстан Республикасы*  
*Конституциялық Кеңесінің Төрағасы,*  
*жоғары біліктілік сыныбы бар судья,*  
*І-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі,*  
*заң ғылымдарының докторы, профессор*



### **Құрметті Ерлан Бәтгашұлы!**

Сізді және Еуразия ұлттық университетінің ұстаздар қауымын, ізденушілер мен студенттерді 25 жылдық атаулы мерейтойларыңызбен құттықтаймын.

Еуразия ұлттық университеті тәуелсіздік арайында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен ашылған алғашқы университеттердің бірі. Ол білім беру саласында әлемдік нарықта бәсекеге түсе алатын, заман сұранысына сай, жаңа заманауи мамандарды даярлайтын білім ордасына айналды. Осы ширек ғасыр мерзімде үдемелі ізденіспен сыртқа танылып, өзін мойындата алған оқу орны. Бүгінгі таңда сапалы білім беруді сәтті жүзеге асырып іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұтымды жолға қойған жоғары оқу орны ретінде бұрынғы посткеңестік аймақта оза шауып, ғылыми тәжірибелер мен академиялық алмасуларда қарымды жетістіктерді көрсетудесіздер.

Университеттің заңгер ғалымдары құқық ғылымының дамуына, құқықтық реформалардың ілгерілеуіне өз үлестерін қосуда. Олардың бір бөлігі Конституциялық Кеңес жанындағы Ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінің санатында, ел Конституцияның мызғымастығын ғылыми қамтамасыз ету бағытында игілікті қызмет атқаруда. Біз оларға дән ризамыз. Сіздерге, университет ұжымына зор денсаулық және шығармашылық табыс тілеймін.

Жаңа заман тренді – сапалы білім мен замануи ғылым, соның биігінен көрінулеріңізге тілектеспін.

**АСАНОВ Жақып Қажыманұлы**

*Қазақстан Республикасы*

*Жоғарғы Сотының Төрағасы,*

*2-ші дәрежелі мемлекеттік*

*әділет кеңесшісі,*

*заң ғылымдарының кандидаты*



**Құрметті конференцияға қатысушылар,  
ханымдар мен мырзалар!**

Академик Салық Зиманұлына арналған форумға қош келдіңіздер! Студенттік жылдары ұлы ғалымның дәрістерін қызыға тыңдайтынбыз.

Ұлағатты ұстаздың алдынан мыңдаған шәкірттер шықты. Олар бүгінде еліміздің әр саласында жемісті еңбек етуде.

Салық Зиманұлы – отандық заң ғылымының негізін қалаған тұңғыш академик.

Оның есімі тарихымызға алтын әріптермен жазылды.

Ол Егемендік, Тәуелсіздік туралы декларация мен заңды дайындауға қатысты. Алғашқы Ата Заңды дайындау тобын басқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Жоғарғы Кеңестің екі мәрте депутаты болды. Осылайша ұлттық парламентаризмінің қалыптасуына зор үлес қосты.

Оның бай ғылыми еңбектері – біздің бүгінгіміз бен келешегіміз үшін құнды мұра.

«Ағаш тамырымен мықты» дейді халқымыз. Тарихымыз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз – ұлттық кодымыздың негізі.

Зиманов пен оның шәкірттері бізге осы ұлттық кодтан бастау алатын билер сотының маңызын ашып берді.

Турашыл билер дауларды қарауда ақиқат пен әділдікті басшылыққа алды. Осы принциптер бүгінгі біздер үшін де – айнымас қағида.

Зиманов атап өткендей: «Бұрынғы билер дауларды шешуде екі тарапты татулыққа, бірлікке шақырған. Сондықтан да бұл кезең тарихымыздың алтын ғасыры деп аталды».

Атадан балаға мұра болып қалған бітімгершілік дәстүрі бүгінде өз жалғасын табуда.

Қара қылды қақ жарған әділ билер зор абырой-беделге ие болды. Бүгінгі таңда қоғам судьялардан дәл осындай әділдікті, адалдықты, тазалықты күтеді.

Халықтың сенімін ақтау үшін біз осы талаптарды ескеріп, 3 жыл бұрын «Жеті түйін» атты бағдарламаны іске қостық.

Аталған жобалар арқылы судьяларды іріктеу, бағалау, соттардың тәуелсіздігін нығайту жолдары заңмен бекітілді.

Азаматтық процесте судьяның белсенділігі мен жауапкершілігі артты. Қазір тараптарды татуластыруға барынша басымдық беріп жатырмыз.

Қоғам мен мемлекет арасындағы дауларды әділ шешу үшін шілденің 1-нен бастап әкімшілік юстиция күшіне енеді.

**Құрметті әріптестер!**

Осы форум Зимановтың ғылыми мұрасының өміршеңдігін кезекті рет айқындап береді деп сенемін.

Халқымыздың ардақты перзенті, көрнекті ғалым Салық Зимановтың мұрасы бүгін жан-жақты айтылады деп сенемін.

Форум жұмысына сәттілік тілеймін!

**ДӘУЛЕНОВ Мирас Мұхтарұлы**  
*Қазақстан Республикасы*  
*Білім және ғылым вице-министрі,*  
*құқық саласындағы PhD доктор*



### **Құрметті конференция қатысушылары!**

Бүгін еліміздің тарихындағы біртуар қайраткер ғалым академик Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толып отыр. Ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері ретінде еліміздің дамуына, ғылымның өркендеуіне қосқан үлесі өте зор. Жоғары заң мектебінің профессоры ретінде жастарға жол көрсетіп, тәрбие берумен бірге, елімізге және алыс-жақын шетелге танымал жоғары білікті кәсіби заңгерлерді дайындауға ат салысты.

#### **Құрметті әріптестер!**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан конференцияны ұйымдастырушыларға Салық Зиманұлын еске алып, осындай ғылыми іс-шара өткізіп жатқаны үшін алғыс айтамыз. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зиманұлының есімі отандық заң ғылымының тарихына үлкен әріптермен жазылды. Белсенді өмірлік ұстанымы мен ғылымға деген шынайы қызығушылығы Салық Зимановтың ғылыми қызметтегі күрделі болмысын ашуға септігін тигізді. Ол заң ғылымының дамуына және Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде тұғырлануына елеулі үлес қосты. Салық Зиманұлының еліміздің құқықтық дамуына қатысты жазған 400 ден астам ғылыми жұмысы бар. Жас ғылым кандидаттары мен докторларды әзірлеуде қамқорлық таныта білді, ізденістерін белсенді түрде қолдап отырды. Олардың көпшілігі еліміздің табанды ғалымдары болып қалыптасты, мемлекет қайраткері ретінде де қызмет атқаруда. Салық Зиманов заңгерлер қауымы арасында жарты ғасырдан астам уақыт еліміздегі ең ықпалды ғалымдардың бірі болды. Оған мемлекет пен құқық теориясының, саяси және құқықтық ой тарихының дамуына қосқан орасан зор шығармашылық еңбегі үшін лайықты құрмет көрсетеміз.

Салық Зиманович и его авторитет неиссякаем даже по прошествии времени. Он поистине наследник традиции широкого правопонимания и эффективного правового регулирования. Салық Зиманович более полувека являлся главой юридической науки и одной из самых влиятельных фигур среди ученых-юристов. Следует отдать ему должное за огромный творческий труд, за книги и статьи, внёсших существенный вклад в развитие

казахстанской теории и истории государства и права. Нам еще предстоит глубоко осмыслить жизнь и деятельность, многочисленные труды выдающегося современника, неординарного человека академика-юриста, мыслителя и классика казахстанской юриспруденции. Мне сегодня особо приятно принять участие в данной конференции, посвященной 100-летию великого ученого, как человек, который возглавлял в свое время Академию имени С.З.Зиманова при КазГЮУ, хотелось бы отметить, что его труды и идеи актуальны для нашей страны и нуждаются более глубокому осмыслению.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет!



**БЕКЕТАЕВ Марат Бақытжанұлы**

*Қазақстан Республикасының*

*Әділет министрі*



**Құрметті Ерлан Батташұлы!**

**Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрылғанына 25 жыл толуына қарай ұлттың мақтанышына айналған – аса көрнекті ғалым, педагог, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығы мен «Отан» орденінің иегері Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдығын атап өту тарихи маңызы жоғары әрі құнды іс-шара деп санаймын.

Күн тәртібіне негіз болған бұл атаулы даталар бірімен-бірі тамырлас әрі бірін-бірі толықтырушы ерекше оқиғалар.

Бәрімізге мәлім, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев ел тәуелсіздігін ресми жария еткен кезеңнің алғашқы күнінен бастап кезек күттірмейтін өте маңызды проблемалар төңірегінде жылдам және нақты шешімдер қабылдауды маңызды деп таныды. Сондай сын сағатында академик Салық Зиманұлы мемлекет басшысының жанынан табылып, қоян-қолтық жұмыс істеді. Жаңашыл бастамаларды қолдап, олардың ұлттық заңнамамен қамтамасыз етілуіне өз үлесін қосты. Жаңа сападағы мемлекеттік құрылысқа негіз болатын 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны, 1991 жылдың 16 желтоқсан күні қабылданған «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңын және 1993 жылғы қабылданған тұңғыш Конституция жобасын әзірлеуге, олардың жан-жақты талқылануына және дер кезінде заңды күшіне еніп, Республика қызметіне жарауына қосқан еңбегі өлшеусіз.

Одан кейінгі жылдардағы ғылыми еңбектері мен ресми мінберлерде сөйлеген сөздерінде елдегі президенттік басқару жүйесінің тиімділігі туралы тұщымды ойлар айтты. Республикадағы мемлекеттік биліктің біртұтастығын, оның Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінетіндігін, тепе-теңдік әрі тежемелік қағидасын басшылыққа ала отырып олардың өзара ынтымақтастықта жұмыс жасауы қажеттігін түсіндірді.

Еліміздің демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасуына және дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Аса дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлы Отан соғысының ардагері, академик Салық Зиманұлы Зиманов ағамыздың өмір өткелдері мен ғылыми еңбектері әлі де зерттеле береді.

Бүгінгі дөңгелек үстелде де жағымды естеліктер мен мазмұнды ойлар айтылатынына сенімдімін. Зиманов тұлғасын тануға ұмтыла отырып, оны ел дамуының әр кезеңіндегі сындарлы сәттермен байланыстыра қарау маңызды. Мұның еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, құқықтық мәдениет пен тәрбиенің дамуына берері мол.

Дөңгелек үстел отырысының мазмұнды өтуіне тілектеспін.

**Назарларыңызға рахмет!**

## **ҚҰЛ-МҰХАММЕД Мұхтар Абрарұлы**

*Қазақстан Республикасы Парламенті*

*Сенатының депутаты,*

*ҚР ҰҒА академигі,*

*заң ғылымдарының докторы,*

*профессор*



### **Қайырлы күн, құрметті Ерлан Бәтташұлы, конференция қатысушылары, ханымдар мен мырзалар!**

Биыл барша қазақстандықтар ең қасиетті құндылығымыз тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтеді. Тәуелсіздігіміздің тарихи белесіне арналған жылдың басы – қазақ заң ғылымының патриархы, ұлтымыздың үлкен қайраткері, бәріміздің ортақ ұстазымыз Салық Зимановтың ғасырлық тойымен ашылуда. Мен соған ерекше қуанып отырмын. Сондықтан, осы республикалық конференцияны өткізуге бастамашы болған, еліміздегі ең іргелі оқу орындарының бірі – Л.Н.Гумилоев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басшылығына, оқытушылар мен профессорлар қауымына және бүгінгі конференцияның қатысушыларына зор алғысымды білдіргім келеді.

Салық Зиманов – бұл академик Қ.И.Сәтбаев мектебінен шыңдалып шыққан, ұлы ғалымдардың қатарындағы қайталанбас тарихи тұлға. Ол Мәскеуде заң ғылымы бойынша алдымен кандидаттық, кейіннен 1961 жылы докторлық диссертация қорғады. Күш-қайратын ғылымға салды. Бір сөзбен айтқан кезде бүкіл ғұмырын отандық заң ғылымының қалыптасуы мен дамуына арнаған ұлы ғалым, біртуар академик, белгілі мемлекет қайраткері.

Салық Зимановтың екінші үлкен қыры – оның ұстаздығы. Ол, Қазақ ұлттық университетінде заң факультетінің қалыптасуы мен дамуына зор еңбек сіңірген тұлға. Ол осы күнгі еліміздің құқыққорғау саласында қызмет істеп жүрген мыңдаған шәкірттерді тәрбиеледі. Ғылыми мектеп қалыптастырып, шәкірт оқытып, 50-ге тарта ғылым кандидаттары мен докторларды дайындап шығарды.

Салық Зимановтың үшінші үлкен қырына тоқталар болсақ, ол – елімізді жаудан қорғаған ардагер. Отан қорғаушы азамат. Ұлы Отан соғысына өрімдей күнінде аттанып, қан-қасап майданда қатардағы жауынгерден миномет полкі командирінің орынбасары – дивизион командирі дәрежесіне дейін өсті. Соғысты артиллерия бойынша механикаландырылған бригада командирінің орынбасары дәрежесінде аяқтаған қолбасшы.

Салық Зимановтың төртінші үлкен қыры, ол – тәуелсіз Қазақстанның аса көрнекті мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі – 1991 жылдың 16-желтоқсанында ресми анықталды. Бұған дейін осынау тарихи құжатқа негіз болған Қазақ

КСР-нің "Мемлекеттік егемендігі туралы" декларацияны 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған едік. Салық Зиманов осы Декларацияны қабылдаған негізгі авторлардың бірі ретінде көп жұмыстар атқарды. Оны талқылау мен қабылдау барысында Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде тағдыршешті баяндама жасады. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық заң талқыланған кезде де оған жетекші үн қосқан, сол талқылаудағы келісім комиссиясының құрамында болып, оны әзірлеуге атсалысқан тағы да Салық Зиманов ағамыз. Ол ұлттық парламентаризмнің қайнар бастауында тұрды. Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде ғана емес, комитет Төрағасы ретінде де жауапты қызметтер атқарды. Міне осындай сан қырлы тұлға, батырлық мінезімен, әділет туралы іргелі пайымымен соңында өшпес мол мұра қалдыра білді.

Жалпы Салық Зимановтың қаламынан шыққан еңбектерді жинайтын болсақ, әзірге жарық көргені 10 томды құрағанымен, 15-20 томға дейін баратын қомақты дүние. Зиманов шығармашылығының көлемі ғана емес, мазмұны да бай, ол заң ғылымының дерліктей бар саласын қамтиды десек артық айтқандық емес. Мемлекет пен құқықтың тарихынан бастап, олардың теориялық мәселелеріне дейін қалам тартты. Отандық саяси-құқықтық ойдың ақтандақтарына үңіліп, бүтіндей ұлттың арманы мен конституциялық мұратын көруге һәм көрсетуге тырысты. Мемлекеттік құқық пен конституциялық заңнама дамуына қатысты іргелі ойларымен бөлісті.

Салық Зиманов мұнымен ғана шектеліп қойған жоқ, ол депутаттық қызметтен кеткеннен кейін де елімізде қабылданып жатқан маңызды заңдарға өз ойын білдіріп, академиялық байламдары мен ұсыныстарын мемлекет басшысына арнайы жолдап жүрді. Баспасөз беттерінде қоғам қызығушылығын тудырған өзекті тақырыптарға мақалалар жазды.

Салық Зиманов ағамыздың туғанына 100 жыл толуына арнап өтіп жатқан мерейтойлық шаралар елімізге құт әкелсін дегім келеді. Абыз академиктің шығармашылығы тәуелсіздігіміздің іргесін бекіте түсуге әлі де болса мол үлес қосады деп сенімді түрде айта аламын. Сол себепті де Зиманов мұрасына тән ұлттық рух пен биік гуманитарлық құндылықтарды бүгінгі күннің ғалымдары мен шәкірттері аманат ретінде арқалап, ағамыздың есімін ХХІ ғасырдың төрінде ұстауға аянбай атсалысады деп сенемін.

Мерейтойлық ғылыми жиын қатысушыларына жемісті жұмыс тілей отырып, Салық Зиманов секілді ұлтымызға үлгі-өнеге болатын бетке ұстар ағаларымыздың еңбегі тәуелсіздігімізге қызмет ете берсін дегім келеді.

Баршаңызға рахмет!

## **ЖҰРЫНОВ Мұрат Жұрынұлы**

*Қазақстан Республикасы*

*Ұлттық ғылым академиясының президенті,  
химия ғылымдарының докторы, профессор,  
академик*



**Құрметті Ерлан Бәтташұлы!**

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

Академик Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толуына байланысты мерейтойлық іс-шараны ұйымдастырып отырғандарыңыз ғылымға деген жанашырлық пен құрметтің шынайы белгісі деп қабылдаймын. Осы себепті мұрындық болып отырған өздеріңізге, бас-қасында жүрген ұйымдастырушылар мен ордалы білім шаңырағына академиктер қауымының атынан рақметімді айтқым келеді.

Ал енді Салық Зиманұлының тұлғасы туралы сөз тарқатар болсақ, оның қалыптасу жолы сан-салалы, соқпақты, күрделі. Әуелі қазақ мектебін бітірген жас өрен, арманы дәрігер болуды қалап тұрса да, үйдің үлкені болғандықтан мұғалімдерге арналған қысқа мерзімді оқуға түсіп, оны аяқтасымен, мектепке мұғалім болып жұмысқа қабылданады. Арада көп уақыт өтпей әскер қатарына алынады, ары қарай Ұлы Отан соғысы басталып, отан қорғау жолында қан майданда от кешеді. Соғысқа бастан-аяқ қатысқан ол, сын сағаты соққанда шешім қабылдай алатын батылдығымен көзге түседі. Әкери шені мен дәрежесі де жоғарылайды. Дивизион командирі – қатардағы құрам бойынша миномет полкі командирінің орынбасары (1944-1945), артилерия бойынша механикаландырылған бригада командирінің орынбасары (1945ж. ақпан – сәуір), артиллерия полкі штабының бастығы (1946) дәрежесінде соғысты аяқтап, елге оралады. Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі екі орденімен, Қызыл жұлдыз орденімен және 1942 жылы «Кавказды қорғағаны үшін», 1945 жылы «Кенингсбергті алғаны үшін» медальдерімен марапатталады. Салық Зимановтың бірінші дәрежелі орденді екі рет алуымен байланысты ерліктері үшін-ақ, оған Кеңес Одағының батыры атағын беруге болушы еді деп ойлаймын.

Салық Зимановпен бірге қызмет істедік. Ұлттық ғылым академиясына сайланған кезімде аға ретіндегі ақыл-кеңесін берді. Әсіресе заңнамалық мәселелермен байланысты сұрақтарда өзінің ақсақалдық ойы мен қолдауын көп көрсетті. Жоғарыда айтып кеткенімдей Салық аға батыр тұлғалы кісі еді. Бір мысал келтіре кетейін, сонау 1989 жылы Ғылым академиясының жалпы жиналысы өтіп жатты. Өздеріңізге белгілі Ғылым академиясы

мемлекеттік маңызы бар мекеме болғандықтан, оның жиылыстарына Д.А.Қонаевтың өзі де үзбей қатысып отыратын. Бір жағы Д.А.Қонаевтың академик ретінде де қатысуға хақысы бар еді. Қазақстандағы Коммунистік партияның Орталық комитеттің бірінші хатшысы Г.В. Колбиннің қатысуымен өтіп жатқан сондай бір жиылыста академик Салық Зиманов жарыссөзге рұқсат сұрап, ортаға шығып «Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылмауы – бұл тікелей заң бұзушылық! Бүтіндей бір ұлттың, қазақ халқының құқығын аяққа таптаумен тең дүние» деді. Мұндай сөзді ол кезде тікелей ешкім айта алмайтын. Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, заңгер-ғалым Сұлтан Сартаевта артынан мінберге қоса шығып, Салық Зиманұлының ойын қуаттап, дәлелдеп сөз сөйледі. Осы бір тұста Жазушылар Одағы да қазақ тілінің мәселесін батыл көтере бастады. Сол жылдардағы Салық Зимановтың мұзды жарған белсенділігінің арқасында қазақ тілі төңірегіндегі сіресіп қалған сендер қозғалып, бір жылымық кезең келді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деп белгіленді. Тіпті 1989 жылға дейін елімізді басқарып тұрған Г.В. Колбиннің өзі де қазақша үйрене бастады. Қазақстанның барлық аймақтарында «Қазақ тілі» қоғамының өңірлік құрылымдары жасақталды. Мен ол кезде Ғылым академиясының корреспондент-мүшесімін, ғылыми институтта директорым, сөйте жүре «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды өңіріндегі жұмысына жетекшілік жасадым. Сол бір тәуелсіздіктің алдындағы ала-кеуім уақыт, ұлттың бұла рухы бойына симай тұрған бұлқынған шақ еді. Санада, қоғамдық ойда да шын мәніндегі рухани жаңғыру жүріп жатты. Міне осындай бір кезеңнің төбе биіндей болып Салық Зиманов та бой көрсетті. Жас ғалымдар, шығармашылық иелері алдымызда арыстай ағаларымыз бар екен ғой дегендей бір серпіліп, еркін қозғала бастады.

Одан кейін іле-шала тәуелсіздіктің таңы атып, Қазақ елі жаңа саяси кезеңге аяқ басты. Бұл тұста да ер сыналатын сәттер мен оқиғалар аз болған жоқ. Салық Зимановтың «жастарға жол беремін, қатыспай-ақ қояйын» дегеніне қарамай Ғылым академиясы атынан бірауыздан Жоғарғы Кеңестің депутаттығына сайлап жібердік. Ғылым академиясының тәуелсіздікке берген тарихи үлесі орасан зор. Мемлекеттіліктің іргесін бекітіп, егеменділікті қалыптастыруда Ғылым академиясы қатарынан сайланған депутаттар тарихи маңызы бар жұмыстар жасады. Салық Зимановпен бірге Манаш Қозыбаев секілді академик ағаларымыз ұлттың өзін-өзі анықтауы, мемлекетқұрушы ұлт секілді тұжырымдарды қазақстандық саяси-құқықтық өмірдің айналымына енгізді. Сол тұста Мәскеудің ықпалы әлі де болса күшті еді. Соған қарамастан ұттық мемлекет концепциясын табандап дәлелдеу, негіздеп алып шығу ісінде Салық Зиманов айрықша көзге түсті.

Салық Зимановтың есімін тәуелсіз елдің бүгінгі мен ертеңі үшін де тиімді пайдалану қажет деп есептеймін. Ол үшін біртуар ғалым ағамыздың атынан көше аттары беріліп, елдік деңгейдегі түрлі игі шараларда Зиманов мұрасы кеңірек насихатталғаны жөн.

Назарларыңызға рахмет!

**АБДОЛЛА Сәкен Жүсіпахметұлы**  
*Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының судьясы,  
Қазақстан Республикасы Судьялар  
одағының Төрағасы,  
заң ғылымдарының кандидаты*



**Құрметті конференцияға қатысушылар,  
ханымдар мен мырзалар!**

Биыл заңгер заңгер Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толды. Құқық қорғаушылардың атасы, ұстазы саналатын Зимановтың отандық заң ғылымын дамытудағы еңбегі өлшеусіз. Академиктің тәуелсіз еліміздің алғашқы құқықтық құжаттарын дайындауға қосқан үлесі зор. Бүгінде заңгердің жүз жылдығына орай әр салада ғибратты істер, еске алу шаралары, жиындар өтуде.

Жақып Қажыманұлы «Зиманов – талантты педагог, сұңғыла ғалым. Ұстазымыз таңдаған мамандыққа деген құрметімізді арттырып қана қоймай, бойымызға ұлтжандылық рухын сіңірді» деген жүрекжарды лебізін білдірген болатын.

Салық Зиманұлы шынында бірегей тұлға. Оның есімі Қазақстан заң ғылымының негізін қалаушылардың бірі ретінде, қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы, қазақстандық алғашқы академик-заңгер ретінде тарихта қалары талассыз. Зимановтың аты Тәуелсіздік шежіресіне алтын әріптермен жазылары анық. Ол Қазақ КСР-нің егемендігі туралы декларацияны, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң жобасын дайындауға қатысқан. 1993 жылғы Конституциямызды әзірлеген жұмыс тобына башылыққа еткен білікті азамат. Жоғарғы Кеңестің депутаты және ғалым-заңгер ретінде Зиманов парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты.

Әсіресе, ғалымның ұстаздық қызметі, шәкірт тәрбиелеудегі тағылымы таңдантпай қоймайды. Ұлағатты ұстаздың алдынан мыңдаған шәкірт шықты. Олар бүгінде еліміздің әр саласында жемісті еңбек етуде. Салық Зиманұлы – отандық заң ғылымының негізін қалаған тұңғыш академик. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Жоғарғы Кеңестің екі мәрте депутаты болды. Осылайша ұлттық парламентаризмнің ілгерілеуіне ықпал етті.

Ғалымның бай ғылыми еңбектері – біздің бүгініміз бен келешегіміз үшін құнды мұра екені күмән туғызбайды. Әсіресе, Зимановтың қазақы құқықтық дәстүрді, билердің билік ету үрдісін зерделеп, жұртқа ұсынудағы жанкешті еңбегі жоғары бағалауға тұрарлық. Тарихымыз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз – ұлттық кодымыздың негізі. Зиманов пен оның шәкірттері бізге осы ұлттық кодтан бастау алатын билер сотының маңызын ашып берді.

Турашыл билер дауларды қарауда ақиқат пен әділдікті басшылыққа алды. Осы принциптер бүгінгі біздер үшін де – айнымас қағида, академиктің ғылымдағы еңбегі әлі де зерттеуді қажет ететді.

Зиманов көзі тірісінде қазақы құқық негіздерін жан-жақты зерделеген. Түрмесіз-ақ тентегін түзеп, тараптар арасында туындаған дауды бір ауыз сөзбен шешкен билер тағылымын ғалым озық құқықтық тәсіл деп есептеген. «Бұрынғы билер дауларды шешуде екі тарапты татулыққа, бірлікке шақырған. Сондықтан да бұл кезең тарихымыздың алтын ғасыры деп аталды» - деген Зиманов бүгінгідей екінің бірі өзін қорғау үшін сотқа жүгініп жатқан заманда ел ішіндегі татулық пен тыныштықты сақтау үшін билер дәстүрін жаңғыртудың маңызды екеніне көпшілік назарын аударған.


Зимановтың зерттеуі атадан балаға мұра болып қалған бітімгершілік дәстүрін жаңғыртуға бірден-бір себепші. Себебі қара қылды қақ жарған әділ билер ел ішінде зор абырой-беделге ие болды. Бүгінгі таңда қоғам судьялардан дәл осындай әділдікті, адалдықты, тазалықты күтеді. Осыған орай Зиманов арман еткендей қазақстандық сотты жаңғыртуда, судьялар жүктемесін төмендетіп, бітімге келудің мүмкіндіктерін қарастыруда билер дәстүрінің ықпалы аз болып отырған жоқ. Ұйымдастырылған шаралар Зимановтың ғылыми мұрасының өміршеңдігін кезекті рет айқындап берді.

Баршаңызға сәттілік тілеймін!



*Язык – базовый компонент нации и основной ее признак. Ослабление и затухание языка независимо от их причин и обстоятельств ведет к ослаблению и затуханию нации. Так было и такова общая закономерность. Если нация является государствообразующей, то этим самым она приобретает мощнейшую интернациональную силу и громадный внутренний импульс саморазвития и развития языка как государственного языка. Но все это происходит не само по себе, не стихийно и не по рыночным законам. Само признание языка государственным, а нации государствообразующей – это только данность и основание и не более того, в то же время потенциальная сила, которая должна проявляться и превращаться в реальную, действующую, творчески активно преобразующую общество силу.*

**Зиманов С.З.**



**2-БӨЛІМ.**

**ҒЫЛЫМИ БАЯНДАМАЛАР**

**ЧАСТЬ 2.**

**НАУЧНЫЕ ДОКЛАДЫ**

## **СЫДЫҚОВ Ерлан Бәтташұлы**

*Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ  
Басқарма төрағасы-ректоры,  
ҚР ҰҒА академигі,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор*



### **Құрметті конференцияға қатысушылар! Қадірлі қонақтар!**

Бүгінгі конференциямызға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары **Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы**, еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері, құқықтанушы ғалымдар, студенттер, магистранттар, докторанттар қатысуда. Қош келдіңіздер!

Биыл – мемлекетіміз үшін межелі жыл. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Біз бұл отыз жылдық межеге **Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық саясатының нәтижесінде іргелі мемлекет қалыптастырып, өткенімізді түгендеп, өшкенімізді қайта жаққан азат ел ретінде келдік.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында:

**«Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау, – деп атап өткен болатын.**

Осы қастерлі тәуелсіздігіміздің орнығуына, құқықтық мемлекет болып қалыптасуымызға өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларымыздың бірі - ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зиманұлы Зиманов.

Бүгін ғұлама ұстаз, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткерінің туғанына 100 жыл толып отыр. Академик Салық Зимановтың мерейтойы, Еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Сонымен бірге, қалыптасуы мен дамуына Салық Зиманұлының өзі мен шәкірттері атсалысқан, Еуразия ұлттық университеті де 25 жылдығын атап өткелі отыр.

Еуразия университеті Салық Зимановтың 100 жылдық мерейтойын алғашқылардың бірі болып бастап жатыр. Оқу орнымыздың деңгейінде де бірқатар іс-шара өткізу жоспарланды. Солардың негізгісі – бүгінгі республикалық конференция.

«Салық Зиманов: азамат, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізудегі басты мақсат – ұлағатты ұстаздың сан қырлы, ауыртпалығы мен қызығы мол өмірі мен шығармашылығын жас ұрпақты тәрбиелеу үшін үлгі етіп, насихаттау.

Айта кетерлік жағдай, академиктің 100 жылдығын атап өтуіне қатысты, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа бірқатар ұсыныстар жеткізген болатынмын. Сол ұсыныстар міне бүгін қолдау тауып, іске асып келеді! Еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарында түрлі іс-шаралар өткізумен қатар, Нұр-Сұлтан қаласында Салық Зимановтың атына көше берілді.

**Құрметті конференция қатысушылары!**

Сіздерді академик, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зимановтың туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық ғылыми тәжірибелік конференциясының басталуымен құттықтаймын!

## АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ЗАҢШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

### СҮЛТАНОВ Қуаныш Сұлтанұлы

*саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, мемлекет және қоғам қайраткері, Нұр-Сұлтан*

Қадірлі күн құрметті Ерлан Бәтташұлы!

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Құрметті зиялы қауым, ғалымдар, ұстаздар және студент жастар!

Әрине, Салық Зиманұлы ағамыз өзі болса бүгінгі төрімізді көркейтіп, көңілімізді шалқытып, мерейімізді тасытып «қазақтың төбе биі жүзге келді!» дегізіп, ғылым мен құқықтың мәртебесін өсірген бір ғажап кездесу болар еді. Бүгінде ұлы ұстазға барлық өңірлерде құрмет көрсетіліп, түрлі ғылыми шаралар өткізілуде. Сондай бір шара өткенде – 2021 жылдың 29 қаңтарында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне қарасты Заңнама және құқықтық ақпарат институтында өтті. Бұл үрдіс республика аумағында жалғасын таба беретін болады.

Бүгін, осы конференцияға келердің алдында Салық Зиманұлының қасында көп жүрген ең жақын әріптесі, көпшілігіміз жақсы танитын академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Абдильдиннің «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттеріне шыққан мазмұнды мақалаларымен, сондай-ақ Салық Зиманов шәкірттерінің бірі заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтің «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласымен танысып шықтым. Тізе берсек, ұстаз турасында осындай тұщымды дүниелер көптеп жазылып, игі шаралар елімізде бірінен-кейін бірі өтуде. Осының бәрі «ұлағат» деген сөздің мінездемесі мен мазмұнын ашып тұрған сияқты.

Конференция барысында құнды ойлар мен жақсы пікірлер айтылып жатыр. Толассыз айтыла түсетініне күмәнім де жоқ. Бұл өзі мәжбүрлі емес, өзінің ерік-ықтиярымен жүріп жатқан шынайы құбылыс. Айтатын мәселе де көп. Зиманов еңбектерін тізбелейтін болсақ, оны бір конференцияның аясында түгесу мүмкін емес.

Жаңа ғана Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың құттықтау сөзін жария еткен –Ералы Лұқпанұлы да, конференцияның ашылуында кіріспе сөзбен баяндама оқыған Ерлан Батташұлы да арнайы тоқталып өткен Зиманов тұлғасының басты ерекшелігі, бұл оның отандық заң ғылымының негізін қалап, іргетасын тұрғызуы деп атаған болар едім.

Салық Зимановтың мемлекет құрылысы туралы зерттеулері тәуелсіздігімізді жариялаған тұста пайдаға асып, келелі мәселелерді дұрыс талдауға, ақ-қарасын ажыратып қарауға зор мүмкіндік берді. Өзі де іргелі пайымдарымен, тұщымды тұжырымдарымен ерінбей еңбек етіп, қоғам назарын аударып, алғысына бөленді.

Тәуелсіздік алған жылдары мемлекеттің тұғырын құқықтық тұрғыдан негіздеу мәселесі туындады. Осы сәт Салық Зимановтың академиялық мол тәжірибесі мен жұртты өзіне баурап алатын шешендігі күрмеуі қиын күрделі сұрақтардың ел игілігіне жұмыс істеуіне, тағдыршешті шешімдердің қабылдануына пайдасын тигізді. 1990 жылы 25 қазанда «ҚазССР-нің егемендігі туралы» декларациясын, кейіннен бір жыл өткен соң 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңын әзірлеуге және қабылдауға көп күш-қайратын жұмсады. Егемендік туралы декларацияны әзірлейтін комиссияның жұмысын басқарды. Ол кезде Мәскеудің ықпалы күшті болатын. Соған қарамастан егемендік мәселесін сөз ету, оны биік мінберде талқылау, тек білімділікті ғана емес, батылдықты, мінезді қажет етті. Төңірегіне білімдар азаматтарды топтастыра білді. Ұлттық тарихымыз бен құндылықтарымызды тереңнен білетін, ой-пайымы сергек, депутаттық мандатты мүмкіндік қана емес, бүтіндей мемлекетқұрушы ұлттың аманаты ретінде қарайтын қайраткер тұлғалармен тізе қосты.

1991 жылы «Тәуелсіздік туралы» конституциялық заңның жобасы 15-16 желтоқсан күндері екі күн бойы үзіліссіз талқыланды. Бұл жиынға осы күнгі Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі де қатысқан болатын.

Белгілі заңгер-ғалым С.Сартаев баяндама жасады. Салық Зиманов өз тарапынан әлденеше рет талқыға араласып, тұщымды ұсыныстарын берді.

Зиманов мұраларының ішіндегі іргелі дүниелердің бірі – бұл заң ғылымының өркениеттік болмысы. Құқық дамуындағы адамзат баласына ортақ өркениеттік құндылықтарға маңыз беріп, олардың зерттелуіне қазақ билер соты мысалында ерекше назар аударды. «Қазақтың ата заңдары» аталатын 10 томдық іргелі еңбек негізінде өзінің концептуалдық ойларын жүйелеп көрсетті.

Мен өзім Салық Зимановпен бірге Жоғарғы Кеңесте депутаты ретінде әріптес болғанымға өте қуаныштымын. Бірге жұмыс істеп, тәлім-тәжірибе алдым. Әсіресе «Ұлттық рәміздер туралы» заңды әзірлеуде тығыз байланыста болдық. Сол кісінің ақыл кеңестері, ой түйюі мен үшін үлкен олжа болып, Зиманов университетінен өттім десем артық айтқандық емес.

Сәкең әр уақытта сергек ой, тұжырымды әрі тұщымды сөз айтатын. Салық ағамыздың дарыны абыз жасына жеткен шағында мейлінше жинақталып, түйдек-түйдек ұсыныстармен ұштасып, шешендік өнерін төгілтіп, білімдарлығын жарқырата түсті. Қазақ халқының рухани өсу жолында бүгінгіміз бен ертеңіміз үшін Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев сияқты ұлт қайраткерлері қандай қызмет етсе, Салық Зиманов та сондай ұлт ұстазы бола білген дара тұлғалардың бірі.

Бүгінде қазақ қоғамы бұрын соңды кездеспеген технологиялық дәуірге дейін бетпегет келіп отырмыз. Жас ұрпақ онымен үндесіп, ілесіп-игеріп кететініне күмәніміз жоқ. Алайда адамдардың санасы, дүниетанымы, құндылықтары саналауан. Осы жерде С.Зимановтың ғылыми еңбектеріне, рухани мұрасына сүйенгеніміз абзал. Ортақ мүдде – мемлекеттік тәуелсіздігіміз, оның іргетасы – ұлттық бірлігіміз һәм құқықтық қуаттылығымыз. Республика Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өз жолдауында айшықтаған «әділдік, адалдық, даму – құқықтық мемлекетте ғана болады. Егер де құқықтық мемлекетті құра алмасақ, бұл үш құндылыққа қол жеткізуіміз қиын. Ешкімнің құқығына қиянат келтірмеу, өтірік айтпау, пара алмау, пара бермеу, ұрлық-зорлыққа тиым салу, тек қана заңмен өмір сүрсек – құқықтық мемлекеттің жетістіктері сол болар еді. Осы құндылықтарды уағыздап, әрбір азаматтың санасына жеткізіп айтып, сіндіруге тырысқан жанның бірі – Салық Зиманов. Рухына тағзым етіп, есімін құрметтеп отырған Салық Зиманұлының бүкіл ғұмыры – аталмыш құндылықтардың қалыптасуына басы бүтін арналып еді. Арманы да, тілегі де, абыздық батасы да осы еді. Заңдылық пен құқықтық тәртіп салтанат құрса, әрбір азамат мұны парызы санап үлесін қосса көптеген игіліктерге қол жеткізеріміз анық.

Назарларыңызға рақмет!

## **АКАДЕМИК САЛЫК ЗИМАНОВ – ВЫДАЮЩАЯСЯ ЦЕЛОСТНАЯ ЛИЧНОСТЬ**

### **АБДИЛЬДИН Жабайхан Мубаракович**

*академик НАН РК, доктор философских наук, профессор,*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан*

Академик Салық Зиманович Зиманов являлся выдающейся личностью, которая относится к классу таких великих людей нашего народа, как Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов. О Салық Зимановиче Зиманове говорить только, что он юрист, или говорить, что он просто учёный, это будет просто одностороннее понимание его целостной личности. А для того, чтобы понять, кто он, что из себя представляет как личность, надо его рассмотреть целостно и проследить основные этапы его жизни.

Первый этап, когда ему было всего 19 лет, он, окончив школу, сначала преподавал математику в той же школе, потом был призван в армию. В армии хорошогодились его хорошие знания математики. Он быстро стал продвигаться. Через некоторое время

командовал батареями и действительно стал как талантливый командир, как талантливый воин. Через некоторое время он становится заместителем миномётного полка. Здесь тоже проявился его талант командира. После этого через некоторое время он становится начальником штаба дивизии. Таким образом, он прошёл с начала войны почти до конца, награждён Орденом Отечественной войны и многими медалями. Вот это первый этап. Этот этап вполне достаточен для любой личности, любого человека, чтобы гордиться своим участием в Отечественной войне.

Второй этап его личности: после демобилизации в 26 лет он оканчивает юридический институт и становится крупным специалистом по расследованию особо важных дел. Через некоторое время он назначается ректором юридического института, затем - деканом юридического факультета КазГУ. На этом этапе раскрылся его талант педагога, организатора высшей школы Казахстана. До сих пор все юристы вспоминают, что в подготовке юридических кадров, как организатор высшей школы, он имел действительно большой вклад и большие заслуги. В те годы он в Москву посылал юристов, аспирантов по 15-20 человек. Таким образом, его ученики, аспиранты, соискатели, которых он послал в Москву учиться, там они защищали кандидатские диссертации, это был основной костяк юридических кадров в нашей республике. Таким образом, этот этап вполне достаточен для любого человека, чтобы сказать: я был организатором науки, организатором высшего учебного заведения, участвовал в подготовке кадров и т.д. В 1958-м году лично по приглашению академика Каныша Имантаевича Сатпаева он становится директором вновь открывшегося института философии и права Академии наук. В эти годы полностью раскрылись его талант выдающегося учёного и его способность готовить выдающихся кадров, создавать школы как по философии, так и по юридической науке.

Я познакомился с С.З.Зимановым в 1957 году, когда он приехал в докторантуру по защите докторской диссертации. В те годы он защитил докторскую диссертацию по теме «Политическая система Казахстана в конце XVIII начала XIX-го веков», затем стал академиком. Им опубликовано множество крупных монографий, а также десятитомное собрание сочинений. Он являлся не только крупным учёным, но одновременно раскрылся его талант в подготовке философских и юридических кадров. Хочу подчеркнуть, что в своей личной жизни, в развитии своего творчества я обязан С.З.Зиманову. Салык Зиманович пригласил меня научным сотрудником института философии, мне тогда было всего 25 лет. Когда мне было 26 лет, он создал сектор по диалектической логике. Это было впервые в Советском Союзе, и даже в Москве не было такого сектора. В Москве ещё шёл спор между сторонниками диалектической и формальной логики. Сторонники формальной логики отрицали диалектическую логику, а среди тех, кто занимается диалектической логикой, не было единодушия. Он создал сектор по диалектической логике и пригласил туда не только меня, но и таких талантливых молодых людей, как Л.Науменко, М.Баканидзе, А.Касымжанов. Поскольку нам было оказано такое доверие, мы окрылённо работали. Кроме того, он часто называл нас будущими Кантами, Гегелями, Аристотелями и т.д. Но, конечно, его близкие товарищи делали на это замечания, что он молодых людей так перехваливает, а на самом деле это для нас имело большое значение доверие такого человека, как академик С.З.Зиманов. Мы хотели оправдать и работали напряжённо. Точно также были приглашены в области юриспруденции такие замечательные, талантливые юристы, как М.Т.Баймаханов, Б.М.Имашев, К.С.Сапаргалиев и др. Таким образом, наш институт был образцовым в развитии науки и во взаимоотношениях людей. В институте была исключительно творческая обстановка. Для С.З.Зиманова в оценке человека имело место только одно, если этот человек способный и талантливый. В институте по его устоявшейся традиции, он многих наших аспирантов, младших научных сотрудников посылал в Москву защищать кандидатские и докторские диссертации. У него было очень хорошее отношение с директором юридического института Москвы. Поэтому он мог посылать 15-20 человек, которые были затем основными кадрами в юридической науке. С.З.Зиманов не был абсолютно формальным человеком. Например, когда мы писали научную тему «Логическое

отражение действительности в теоретическом знании», то в Казахстане не было необходимой литературы, а также специалистов. Надо было поехать в командировку в Москву, работать в ленинской библиотеке, а также консультироваться и общаться крупными специалистами. Он посылал в командировку нас и других сотрудников института на 30 дней. Когда мы не успевали, он продлевал ещё на десять дней наше пребывание. Это имело для нас большое значение в разработке научной проблемы. Этот этап тоже был бы вполне достаточным для любого учёного, чтобы гордиться: я был директором института, создавал школы по философии и по юридическим наукам.

Ещё одним этапом его жизни является депутатская деятельность в независимом Казахстане. Когда стоял вопрос о суверенитете Казахстана, С.З.Зиманов как опытный юрист возглавлял комиссию по разработке концепции о суверенитете. Когда Казахстан получил государственную независимость, С.З.Зиманов был депутатом и возглавлял Комитет Конституционного законодательства. Здесь тоже ярко проявились его талант и глубокое знание юридической науки. С.З.Зиманов был не только знающим депутатом, но также был принципиальным человеком. Он всегда высказывал то, что думал. Он как крупный специалист, честнейший человек был гарантом того, что депутаты будут принимать качественные законы. Если в депутатский корпус приходили министры-докладчики с некачественными законами, то Салык Зиманович остро критиковал такие законы, при этом он абсолютно не считался с тем, что эти должностные лица могут обидеться на него. Он всегда ставил выше всего интересы казахстанского народа и был верен ему. Этот этап тоже был бы вполне достаточен для любого человека, чтобы гордиться, что он был депутатом, вносил вклад в законодательную деятельность Республики Казахстан. Я должен сказать о его человеческих качествах: он был исключительно принципиальным, кристально честным человеком. Он своё мнение мог высказывать ясно и нелицеприятно. Поэтому его побаивались должностные лица как в Академии, так и в последующем этапе его жизни. Я его хорошо знал, начиная с 1958 года и до конца его жизни, всегда был с ним в хороших отношениях. Он всегда нас поддерживал во всех наших всесоюзных конференциях. Он активно поддерживал специалистов по диалектике. Первый всесоюзный симпозиум в 1968 году прошёл на самом высоком уровне, он оказывал колоссальную поддержку. Представители догматической философии обвиняли Зиманова, что он поддерживает группу Ж. Абдильдина, которые являются ревизионистами, гегельянцами и кантианцами и т.д. А на самом деле эта группа оказалась международной известностью, мы получили множество премий и т.д. Он всё время поддерживал наше направление по диалектике. В Астане, когда мы проводили международные конференции, он первым выступал на этих конференциях, высказывал ценные содержательные мысли. Свообразие академика С.З.Зиманова выражалось также в том, что он был однолюбом, уважал тех, кто честно трудится на поприще науки. В то же время резко отрицательно относился к людям двуличным, подхалимам и т. д. Поэтому у него были и поклонники, и противники. Подытоживая, хочу сказать, что академик С.З.Зиманов являлся выдающейся личностью, целостным человеком. По своему вкладу в науку, образование и другим формам деятельности он был достоин любой самой высокой награды, но в своё время это не было сделано должностными лицами. Однако академика С.З.Зиманова оценивает очень высоко сам казахский народ, представители духовной культуры. Его относят к числу таких великих сыновей нашего народа, как К.И. Сатпаев, М.О.Ауэзов. По моему мнению, было бы правильно, если в г. Атырау, где родился Салык Зиманович, поставить ему памятник. Такой памятник нужен не ему, а нужен казахскому народу, нашей молодёжи. Пусть они учатся у личности академика С.З.Зиманова, он был талантливый воин, талантливый организатор образования, он был талантливый учёный, он был талантливый воспитатель кадров, он был талантливый депутат, патриот. Человек, который бесконечно любил свою Родину – Казахстан.



**АКАДЕМИК С.З. ЗИМАНОВ - ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЁНЫЙ-ЮРИСТ  
СОВРЕМЕННОСТИ, ОСНОВАТЕЛЬ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ И  
ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА**

**САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич**

*академик НАН РК, доктор юридических наук,  
профессор Института Сорбонно-Казахстан КазНПУ им.Абая, Алматы*

Қадірменді ханымдар мен мырзалар, құрметті зиялы қауым, мемлекет қыметкерлері!

Бүгінгі Республикалық ғылыми-практикалық конференция, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз академик Салық Зиманов көсеміздің 100 жылдығына арнап ұйымдастырушы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Бәтгашұлына және профессорлық-оқытушылар құрамына зор алғысымды білдіремін.

Осы конференцияға қатысушыларға зор денсаулық, елеулі табыс және бақытты өмір тілеймін.

Мен Салық ағаны қырық жылдан бері білемін, араласып-құраласып, аялы алақанының табын сезіп, ол кісіден тәлім-тәрбие алып келгенмін. Аса дарынды, ғұлама ғалымның ұстаздығынан өткен мен ғана емеспін. Туған республикамыздың заң ғылымын қалыптасуына, дами түсуіне Салық ағаның қосқан үлесі орасан зор. Салық ағаның өмірлік бай тәжірибесінен тағлым алған, бүгінде атақтары жер жарған заңгерлеріміздің бәрі де осыны айтады, оның шәкірті болғанын мақтан тұтады.

Меніде 1965 ж. Москва қаласы ССРО ғылым академиясына мемлекет және құқық институты аспирантурада оқуға осы ағамыздан жолдама алғанмын.

Салық аға – қасиетті адам. Салық ағада өзіне тартып алатын ерекше күш бар. Салық аға мақсат көздегіш, ізденімпаз, жігерлі адам.

Біріншіден, Салық Зиманов – сирек кездесетін, дара тұлғалы дарын иесі, бұрынырақта болса, бұл кісі атақты би болар еді. Дүйім жұртты аузына қаратып, кара қылды қақ жарар еді! Қазір ше? Салық аға – әділ қазы, нендей бір мәселені, нендей бір күрделі істі шешкенде, бір таң қаларлығы, өзінің білімдарлығына, өмірден алған тәжірибесіне сүйенетіні бар, бұлтартпас дәлел, бұлғалақсыз деректер келтіре отырып, екінші біреуді тырп еткізбей тастайды. Тағы бір өнеге аларлық қасиеті, Салық аға ешқашан да қарсыласының арнамысына тимейді, өзінен кем түсіп жатқан жақтарына да ашынбайды, қайта оны иландырып, қателігін түзетіп, кем-кетігін толықтырып, ойына ой, біліміне білім қоса отырып, терезесін тең ұстайды. Сол кезде Салық ағаны басыңа көтергің келеді, тіпті айтқанына көніп, айдауына жүріп кеткенінді де байқамай қаласың. Бұл да бір құдірет емес пе?

Екіншіден, Салық аға – ержүрек адам. Кешегі қылышынан қан тамып тұрған тоталитарлық, әкімшіл-әміршіл заманда да тайсалған жоқ.

Елімізде 1986 ж. болған желтоқсан уақиғасына да Салық аға өзінің ғылыми тұрғыда әділ және батыл көзқарасын айтты. Бір қарағанда зиялы, жұмсақ мінезді адам көрінгенімен, Салық ағаға таусылмас жігер, қайтпас қайсарлық, табандылық тән. Осының бәрін тал бойына сыйғызғын адамның дара қасиетіне қайран қаласың.

Үшіншіден, мен білетін Салық аға – от ауызды, орақ тілді шешен. Салық Зиманов сөйлеп тұрғанда оны ұйып тыңдамасқа шараң қалмайды. Түйдек-түйдек ой тастап, сол ойын бейнелі сөз, мәнерлі ырғақпен тарау-тарау етіп тарқатып, өріп отыратынын талай көрдік, оған талай тамсанғанымыз да бар. Салық ағаның тілі, қазақша айтқанда, жоқтан бар жасайды, бардан жоқ жасайды, жылы сөйлеп жыланды да інінен шығарады, қатыгезді де жібітіп жібереді.

Ол Қазақстандағы заң ғылымының пайғамбары, заңгерлердің ақсақалы, ақылшысы, кеңесшісі. Бұл да қазақ халқының маңдығына біткен бақыты десе болады.

Туған халқының сүйіспеншілігіне бөленген ғұлама ғалым академик Салық Зиманов 91 жасында өкінішке орай дүниеден озды.

Салиқалы, сабырлы, сырбаз мінезімен ғылым, білім, қоғам өміріне белсене атсалысып келді, өзі бел шешіп, негізін қаласқан егемен Қазақстанымен бірге жасасып келді. Мен үшін бір қасиет – егеменді туған елім болса, екінші қасиет – осы ұлы адам, адал ағамыз Салық Зиманов.

А теперь мне хотелось бы обратить ваше внимание на анализ некоторых научных трудов академика С.Зиманова, имевших и имеющих в современное время огромное значение для развития нашего государства и его правовой системы.

Во-первых, академик С. Зиманов одним из первых создал целостную научную теорию о национальной государственности. Этому вопросу он посвятил свой научный труд под названием «В.И. Ленин и Советская национальная государственность в Казахстане» (Алма-Ата, 1970 г.).

При этом он опирался на идею В.И. Ленина, который в условиях царского самодержавия Российской империи первым поставил вопрос о необходимости создания национальной государственности.

В канун Октябрьской революции В.И. Ленин писал: «Нам представителям великодержавной нации... неприлично было бы забывать о громадном значении национального вопроса: особенно в такой стране, которую справедливо называют «Тюрьмой народов»... И действительно, Российская империя была настоящей тюрьмой народов.

В 1918 году на «Всероссийском съезде Советов» по инициативе В.И.Ленина была принята «Декларация прав трудящегося и эксплуатируемого народа», которая заложила основу национальной политики в СССР. Мы, казахи и другие народности, должны быть благодарны В.И.Ленину. Дух великорусского шовинизма до сих пор живет в сознании некоторых россиян. Об этом свидетельствуют высказывания некоторых депутатов Государственной думы, связанных с территориальными претензиями к Казахстану. Такой дух мы наблюдаем в некоторых высказываниях Главы Российского государства В.В.Путина. Он при беседе с влиятельным иностранным журналистом говорил, что по Российской империи первый удар нанес В.И.Ленин, который расшатал сильную империю, объявив о праве нации на самоопределение, повлекшее развал Российской империи.

Все это свидетельствует о том, что мы, казахи и другие братья- этносы, должны беречь и зорко охранять суверенитет и независимость своего государства. Именно академик Салык Зиманов, будучи депутатом Верховного Совета КазССР и Председателем Комиссии по обобщению и доработке предложений закона о государственном суверенитете, свои знания о национальной политике заложил в Декларации о государственном суверенитете Казахской ССР, принятой 25 октября в 1990 году.

Во-вторых, академик Салык Зиманов внес неоценимый вклад в исследование проблемы обычного права казахов. Под его непосредственным руководством было подготовлено и издано 10 томов по обычному праву казахов. Академик Зиманов С. лично пропагандировал забытые нами институты обычного права казахов и убеждал компетентные государственные органы использовать и внедрять в науку правоприменительную практику с учетом менталитета современного казахстанского общества.

Однако, увы, его ценные пожелания не были учтены в процессе судебно-правовой реформы. Многие автоматически внедряли правовые институты из континентальной и англосаксонской правовых систем в нашу национально-правовую систему. Поэтому многие наши правоведы считают, что наша правовая система относится к континентальной, т.е романо-германской правовой системе. Мне думается, что это ошибочное утверждение: наша национальная правовая система находится на переходном этапе от социалистической правовой системы к новой национальной правовой системе. Нам необходимо иметь собственную правовую систему, а не копировать чужую правовую систему.

Недооценивая свою прошлую правовую культуру, до сих пор в наших юридических вузах преподают предмет «Основы римского права». В свете «Рухани жанғыру» необходимо в юридических вузах ввести предмет «Основы обычного права казахов» вместо «Основы римского права».

В-третьих, академик Салык Зиманов стоял у истоков становления, развития правовой науки и юридического образования в Казахстане.

Поэтому неслучайно его называют патриархом правовой науки и юридического образования. Он лично воспитал целую плеяду ученых, способных исследовать сложные проблемы права и государства. На основе таких молодых исследователей сложилась «Зимановская школа правоведов – ученых, которые получили широкую известность не только в рамках Союза ССР, но и за его пределами.

Организаторская способность академика Салыка Зиманова проявилась в период работы на должности директора Института философии и права АН Казахской ССР. Академик Салык Зиманов в равной мере уделял внимание в росте ученых как философов, так и правоведов. Этот институт превратился в мощный мозговой центр философской и правовой науки не только в нашей республике, но и в пространстве Средней Азии. В стенах этого института воспитывались многие ученые Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана и др.

В связи с развалом СССР этот институт в условиях суверенного Казахстана разделился на два института: на Институт философии и политологии и на Институт государства и права. В последствии институт государства и права был передан из Академии наук в распоряжение Казахского государственного юридического университета, а затем, в связи с приватизацией данного вуза, Институт государства и права перестал существовать. Таким образом, юридическая научная общественность потеряла свой мозговой и координационный центр, тогда как другие гуманитарные институты сохранились до сих пор. Они функционируют непосредственно при Министерстве образования и науки РК.

В связи с этим вношу предложение: созданный при Министерстве образования и науки Институт истории развития государства преобразовать в Институт государства и права и присвоить ему имя академика Салыка Зиманова.

Қорыта айтқанда, академик Салық ағамыз туралы көп жазуға, көп айтуға болады. Ол кісі ғасырдың біртуар азаматы, бәрімізге өнеге, ұлтымыздың мақтанышы, ал ағамыздың есімі – құқықтық тәрбиені көзі мен заңдылықтың эталоны. Сол себепті мемлекет тарапынан Зиманов тұлғасын насихаттауға, мәңгілік есте қалдыруға бағытталған маңызды іс шараларды күтеміз.

## **ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ТУРАЛЫ СӨЗ**

### **АЛИМБЕКОВ Мұсабек Тұрғынбекұлы**

*заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының экс-Төрағасы, Нұр-Сұлтан*

**Құрметті Ерлан Бәтташұлы!**

Құрметті конференцияға қатысып отырған ханымдар мен мырзалар!

Біздің Қазақстан халқы үшін, оның тарихы үшін биылғы жыл өте ерекше жыл. Өйткені биылғы жыл егемендігіміздің 30 жылдығы болғаныменен, бұл жыл ұлыларымызды ұлағаттайтын, өткендеріміз бен өткелдерімізге тереңнен зерттейтін, тағы қайтып айналып келіп, зерттеулердің нәтижесін сараптайтын жыл деп есептеймін. Сондықтан да, биылғы жыл тек қана 30 жылдық емес, биылғы жыл Абай Құнанбаевтың жылы, биылғы жыл біздің ұлы даналарды атап өтетін жыл, олардың еңбектерін зерттейтін жыл. Осы тұрғыдан алғанда Салық Зиманұлы сол ұлылардың қатарында екені айдан анық. Өйткені мынау бір сызықтың екі басы сияқты кез келген адамның бойында адамгершілік және пендешілік деген екі қасиет қатар жүреді. Бірақ ұлылардың ұлылығы сол, өзінің пендешілігін саналы адамгершілігімен баса отырып, оған жол бермей, адамгершілікті ең жоғары – биікке көтере білгендерінде.

Салық Зиманұлы туралы ойымды бастамас бұрын, академик Ғарифолла Есімнің Абай туралы айтқан мына бір тұжырымдамасымен келіскім келеді. Ол кісі айтады: «Абай Құнанбаевтың ғұламалылығының негізін іздесеңіздер, оны Қорқыттың әуенінен, әл-

Фарабидың білімінен, Жүсіп Баласағұнның дүниетанымынан және Ахмет Иассауидың тақуалылығынан қараңдар дейді. Осы айтылған пікірмен толық келісемін. Өйткені кемел адам турасында Абай Құнанбаев айтқан қағидаттар Салық Зиманұлының бойында бар қасиеттер. Сондықтан да бұл кісі – ұлы тұлға. Ол кісінің тұлғалық әрекеттерін, бір сәттік сөзінен не болмаса бір сәттік ісінен ғана байқауға болады.

Алматы қалалық сотында Төраға болып жүрген кезімде Иванов деген азаматтың қылмыстық ісі бойынша Салық Зиманұлының келгендігі турасында өткенде де бір жиында айттым. «Мына іске аса көңіл бөл» – деді. Басында түсінбей «не үшін?» деп едім: «ісі алқада қаралады, анау аудандық соттарда айтып едім, олар менің тілімді алмады. Бірақ өзің қарап шық» – деді. «Бұл азамат менің саябағымды тонап кетіпті. Саябақты тонаса да, менің ең қымбат деген тоныма тимей, тастап кеткен. Сосын тергеу изоляторына барып сұрадым. Қалай болды? Неге тастап кеттің қымбат тонды? Алып кетпедің бе? – дегенде, – «заттарға қарап бұл үйде жасы үлкен кісінің тұратынын байқадым. Сондықтан, далада қыс мезгілі, ол кісіге суық тиіп қалуы мүмкін ғой деген оймен тастап кеттім» дегенін айтты.

Сонда қараңызшы, кішкентай ғана бір әрекеттен, кішкентай дүниеден, жақсылықтың нышанын іздеп тұр. Бүгінгі заманда тырнақ астынан кір іздейтіндер көп. Ал бұрын бірнеше рет сотталған қылмыскердің іс-әрекетінен адамгершіліктің ізін танып, «ол адамгершілігі тұтастай жоғалмаған адам, соған реті келсе заңның жұмсартылуы мәселесін қолданыңдар» – деп ұсыныс айтты. Мен: «аға біз оны қараймыз, зерттейміз, сіздің ұсынысыңызды ескереміз» – деп айттым. Мінекей, бұл адамгершіліктің белгісі. Осындай әреттерден адамның тұлғалығын тануға болады деп ойлаймын.

Салық Зиманұлының ұлағатты ұстаз екенін бәріміз жақсы білеміз. Талай рет дәрістерін тыңдадық. Ол кісінің бір ерекшелігі сөзінің нәрі бар, ойының дәні бар шәкірттерін жазбай танушы еді. Ізінен ерген шәкірттерінің бетін қақпай, белін бұған қамқоршы аға. Салахаддин ағамыз (академик Сабикенов С.Н. – ред.) айтып кеткендей өзі келіспей тұрса да, оппонент тұжырымдарының ішінен рационалды дән іздейтін. Соны іздеп, дұрыс бағытқа жарата, игілікке айналдыра білетін. Егер тіптен теріс, мүлдем қате дүние болатын болса, оны ретімен, ақыл-парасатымен бағыттаушы еді. Мінекей оның ұстаздығының биіктігі осы жерде жатыр.

Ал енді ол кісінің ғылыми шығармашылығы мен академиялық ізденістері мемлекет пен құқықтың көптеген бағыттарын қамтыды. Оны бір конференция аясына сиғызу мүмкін емес. Бір адам айтып тауыса алмайды. Ол әлі де зерттелетін, зерделене түсетін дүние. Салық Зиманов баса назар аударған тақырып – қазақ билерінің әділ соты. Ол өркениеттік мәні бар бірегей сот жүйесі деген биік тұжырым жасады. Мұны әлі терең зерттейтін боламыз.

Суд биев – это золотой век правосудия казахской государственности. Данное утверждение было доказано и подтверждено на международной научной конференции в 2008 году, которая проходила в городе Алматы. В конференции принимали участие ученые из 22 стран. Суд биев – суд средневековья, его никоим образом нельзя переносить на сегодняшний мир в той форме, которая была соответствующей своему времени. Почему? Потому что, мы сегодня живем в других условиях. Если с социальной точки зрения посмотреть, то суд биев действовал тогда, когда казахское ханство было мононациональным государством.

Но сегодня мы живем в многонациональном государстве. Если мы будем говорить о необходимости внедрения суда биев, то как быть с другими этносами, которые живут в единой казахстанской семье. Некоторые могут говорить, что надо создать мировой суд, другие могут сказать, что надо казачий круг создавать, и таким образом мы вместо пользы можем нанести вред в единую судебную систему государства.

Поэтому считаю идею восстановления бийского суда недопустимой в связи с многонациональным составом Казахстана. Это связано с тем, что суд биев применял обычное право, применимым правом было обычное право. В сегодняшней системе правосудия применимым правом являются законы, основанные на романо-германской правовой традиции. Данные правовые системы несовместимы, тем более могут противоречить государственной программе «Путь в Европу». Вместе с тем, академик Салық

Зиманов учит в своих трудах, что можно получить уроки и опыты бийского правосудия, при решении современных проблем правосудия.

Во-первых, это порядок формирования суда биев. Биев-судей никто не назначал, их только признавали. И в процессе признания они формировались как известные бии – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Биев признал народ. В процессе формирования бийского суда был такой интересный институт – «бала би». Известный би готовил себе из молодого поколения «бала би» и представлял его перед «төбе би». И они определяли, что этот человек по сознанию, по уровню познания мира, по красноречию, по таланту соответствует. И ему давали мелкие дела, для того, чтобы они выносили свои решения. Последующим они стали большими, опытными биями-судьями. Сам Төле би начинал со статуса «бала би». Надо думать вокруг этого вопроса.

Второй момент. «Тура би де туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Это не просто словосочетание, а фундаментальный принцип в построении бийского правосудия. Поэтому, когда наши судьи дойдут до этого нравственного состояния и поймут, что они – слуги народа, а не те лица, которые диктуют свои решения другим, скажут: «Да, я – бий, я – судья. Я должен решать это дело по закону. Никакие внешние влияния на меня не действуют». Когда судейский корпус поднимется до уровня бийской судейской морали, только тогда мы можем формировать справедливую систему правосудия.

Третий момент. Мне интересны вопросы защиты прав человека в бийском правосудии. Был такой известный в южных регионах Сыпатай би. Во время судебной тяжбы, когда начали перебивать его слово, он сказал: «Дау туғанда билетпейтін кім едің, сөз келгенде сөйлетпейтін кім едің. Ел басқарар ақылың мен түрің жоқ, Мәмбеталы деген әкім сен бе едің? Жүрген жерім киелі, сөйлеген сөзім жүйелі, Сыпатай би мен едім, менің сөзімді бөлме». Какая острота мысли присутствует в изложении своих суждений в этих словах?! Нам известно, что в англо-саксонских правовых семьях присутствует элемент дискуссионности. Точно такой же элемент есть в системе суда биев казахов. Скажем, би одного рода, он – истец, сообщает стороне ответчика – другому бию, что прибывает с определенными претензиями. Второй би встречает его, потом как стороны спора тут же переходят в дискуссию. Каждый доказывает и приводит свои аргументы. В результате которого в большинстве случаев они приходят в «бітім» (медиация по-современному), а иногда принимается отдельное решение тебе бия. Взвесив и исследовав аргументы сторон, тебе би принимает решения.

Данный институт широко практикуется в англо-саксонском праве. Например, как только солисторы и барристоры готовят документы истца, судья спрашивает их, сколько времени нужно для того, чтобы разобраться в этом деле. Другая сторона тоже готовит свои аргументы. И они заранее друг другу раскрывают свои доказательства. Есть такое понятие в английском правосудии, как «досудебное раскрытие доказательств». Те доказательства, которые не раскрываются друг другу, судья вообще не принимает в учет. Поэтому в процессе дискуссии стороны приходят к одному знаменателю. Когда они приходят к знаменателю, обращаются к судье, который может его утвердить в виде медиации или своим решением. Если они не приходят к взаимному согласию, то судья исходя из тех материалов, которые представлены ему, принимает окончательное решение. Понимаете, идет дискуссия, а не состязание! Принцип состязательности уже пройденный этап. Это характерно исключительно для романо-германской правовой системы, где любой ценой обвинение хочет доказать обоснованность своей позиции или истец хочет доказать только свою правоту. Иногда дело доходит до такого состояния, где последний аргумент оглашается только на уровне высшего суда. Они его тщательно скрывают, не раскрывают, пока не наступит выгодный момент. Поэтому мне думается, почему бы не ввести элементов английского правосудия на нашу юридическую практику? Это было бы отличной реформой.

Вопреки научным суждениям Салыка Зимановича, сегодня стали называть реформой некоторые мелкие вопросы. По рекомендации V съезда Союза судей было поручено подготовить закон о медиации. В процессе его подготовки изучали мировой опыт. С учетом

международной практики составили проект и предложили, что по отдельным категориям дел, где требуются специальные познания, например, в части применения финансовых инструментов и других, обозначили необходимость профессиональных медиаторов. И они не могут быть бесплатными, потому что требуют приличных ресурсов, и мы их отделили, сделали платными профессиональными медиациями. А во всех остальных случаях допускали применение норм обычного права. Но при этом, главный концептуальный элемент был такой, что медиация – это спор с участием медиаторов в отсутствие государства. Государство не должно вмешиваться, потому что медиация – это альтернативный внесудебный способ разрешения споров. Совершенно иной способ разрешить спор. Поэтому, в русле государственной программы «Путь в Европу» оставили понятие «медиации», а не «бітімгершілік» (примирение – ред.). Мы обсуждали с Салыком Зимановичем и другими учеными, обменивались мнением насчет этого вопроса. Салык Зиманович утверждал, что не следует ставить на один уровень суд биев и медиацию, поскольку суд биев – это институт, это система власти, а медиация – это небольшой микрофакультет, это один из способов разрешения споров. Факультативные явления нельзя путать с институтом. Когда выступал перед Сенатом Парламента Республики Казахстан, помню, что мне задал вопрос наш уважаемый, покойный академик – К.А.Сагадиев, он спросил меня: «Какого мнения по этому вопросу Салык Зиманович»? Я изложил позицию академика С.З.Зиманова по этому законопроекту. Он заявил, что нет больше вопросов и поддерживает законопроект.

Поэтому предостерегаю коллег, что нельзя отдельные эпизоды и частные моменты правосудия возводить на уровень реформ.

В сфере правосудия в рамках правовой реформы первые шаги были сделаны в начале нашей независимости Н.А. Шайкеновым. Эта была реформа, когда объединили две разные системы в одну целую, приняли Конституционный Закон о судостроительстве и судопроизводстве, статусе судей. Позже изменились подходы к пониманию проблемы. Остались ряд актуальных вопросов, которых обсуждаем до сих пор.

В настоящее время в законотворческой деятельности имеет место некоторый модернизм. Иногда воля отдельно стоящих чиновников отражается в законе. Я абсолютно согласен с коллегами, которые утверждают, что закон должен быть проверен на уровне Института законодательства. Институт законодательства должен изучать законопроекты с точки зрения научной обоснованности. В последующем Союз юристов, Союз судей и другие общественные правовые институты приступают к изучению, и только после этого Парламент может принять законопроект к обсуждению.

Пару слов о качестве законов. Мы занимаемся зачастую последствием, а не первопричиной. К примеру, мы хотим победить коррупцию, борясь со следствием, а не борясь с первопричиной. Один человек не может победить коррупцию, только системные меры способны достичь результата. Тот, кто выходит за пределы системного механизма противодействия коррупции и нарушает установленный режим, однозначно должен нести ответственность. Пока каждый работник государственной службы не поймет, что нарушение системного механизма приведет к необратимой ответственности, невозможно победить коррупцию. То есть, во всех направлениях должны быть введены системные механизмы противодействия коррупции. И тогда мы можем достичь успеха. А для этого, я думаю, в первую очередь нужно изучать труды, естественно, Салыка Зимановича и других величайших наших ученых.

У нашего государства древнейшая история. Да, независимому состоянию Казахстана 30 лет, но это не противоречит тому, что у нас традиция государственности формировалась в древности. Для того, что бы правильно определить направление правового развития нашей страны, мы должны изучить исторический опыт прошлого, анализировать его и сделать выводы. Как говорил Олжас Омарович Сулейменов: «Возвысить степь, не унижая горы». Аналогично, не возвеличивая себя, мы должны возвеличивать ценности нашего народа. Мы должны их показать и донести до мира. Салык Зиманович говорил, что казахский суд биев –

это ценность не только для тюркского мира, это общечеловеческая ценность мирового масштаба.

Огромное спасибо!

Осы конференцияны өткізіп жатқан білім ордасына рақметімді айтамын!

## САЛЫҚ ЗИМАНОВ МҰРАСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ ТУРАЛЫ

### ДУЛАТБЕКОВ Нұрлан Орынбасарұлы

*заң ғылымдарының докторы, профессор, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректор, Қарағанды*

Құрметті Ерлан Бәтгашұлы, құрметті зиялы қауым!

Бүгін ерекше күн!

Бізге заң ғылымының корифейі, академик Зиманов Салық Зиманұлының 100 жылдық мерейтойының куәгері болу нәсібі бұйырған екен. Салық Зиманұлы қазақ байтағының бір туар азаматы. Заңғар заңгердің мемлекетімізге, елімізге сіңірген ерен еңбегі ұшан теңіз. Сондықтан да Ел Президентінің пәрменімен бұл айшықты дата кеңінен аталып өтіп жатыр. Үлкен деңгейдегі конференциялар, жиындар, симпозиумдар соның куәсі. Баспасөз беттеріндегі көптеген мақалалар мен эсселердің, кітаптардың жарық көруі осының айқын айғағы. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын», - деген аталы сөз осындайда ойға оралады.

Ұлы тұлғаның мол мұрасын бұл баяндамаға сидыру мүмкін емес. Ол кісінің кісілік келбетін, энциклопедиялық өресін, азаматтық асқар рухын қалай ашуға болады деген ой мені қатты толғандырады. Жаңа Қуаныш аға Сұлтанов сол сұрақтың жауабын берген сияқты. Мен бүгін ол кісінің бір қырына тоқталғым келіп отыр. Әрбір ұлы адамға тән мәрттік қасиетін негізге ала отырып, заң ғылымына, ел парасаты мен өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ғалымның екі-үш әрекетін безбендеп, суреттеп кетсем деймін. Салық Зиманов талай ұрпаққа қызмет ететін еңбектерді жазумен ғана аты шыққан ғалым емес, сонымен қатар өзі басында тұрған заң ғылымының қазанында біте қайнасып, әріптестерін де ұмытпай, олардың да еселі еңбектерінің насихаттаушысы бола білді. Мәселен, Т.М. Культелеев пен С.Л. Фукстің мұраларын тасада қалып қоймауына қазақстандық заң ғылымы патриархының сіңірген еңбегінің зор екендігін айтып кетпеске болмас.

Т.М. Культелеевтің «Уголовное обычное права казахов» (Алма-Ата, «Наука» баспасы, 1955), С.Л. Фукстің «Обычное права казахов в XVIII - первой половине XIX века» (Алма-Ата «Наука», 1981) атты еңбектерінің жарыққа шығуына зор үлес қосты. Бүгін біздің конференцияға төрт жүзге жуық студенттер, магистранттар мен докторанттар қатысып отыр. Сондықтан да оларға Тайыр Мулдағалиевич Культелеев пен Савелий Львович Фукс жөнінде аз да болса мәлімет бере кетсем деймін. Т.М. Культелеев 1911 жылы Астрахан облысының Марфа ауданында туып, өзі Саратов заң институтын 1932 жылы бітіріп, 1935-1938 жылдары Ленинград заң институтында (қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің заң факультеті) қылмыстық құқық кафедрасында аспирантурасын ойдағыдай аяқтайды. 1939 жылы желтоқсанда Т.М.Культелеев Ленинград заң институтының Ғылыми кеңесінде «Социалистическое право в борьбе с пережитками патриархально-феодалных отношений в Казахстане» («Қазақстандағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың қалдықтарымен күрестегі социалистік құқық») тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. 1940 жылдан бастап Т.М.Культелеев Қазақстанға қызмет жасай бастайды. КСРО ҒА Қазақ филиалының Қазақ КСР Ғылым академиясы болып қайта құрылуымен (1946 ж.) Қазақстанда алғашқы ғылыми-зерттеу заң мекемесі – Қазақ КСР Ғылым академиясының құқық секторы құрылды (бұдан әрі философия және құқық институты, содан кейін ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институты болып қайта құрылды). Құқық секторының меңгерушісі болып Т.М.Культелеев тағайындалды. Мұнда ол өмірінің соңына дейін жұмыс

істеді. 1953 жылы ақпанда қайғылы жағдайда қайтыс болады. Т.М.Культелеевтің ғылыми қызығушылық ортасында қазақтардың әдеттегі құқығының мәселелері, оның табиғаты, құрылымы, Кеңес үкіметі жағдайындағы әлеуметтік қызметтерінің тағдыры тұрды. Т.М.Культелеев 1940 жылдары жарияланған бірқатар мақалалары әлі күнге дейін танымдық және ғылыми құндылығын жоғалтқан жоқ. Оларға: «Қазақстанның Кеңестік қылмыстық заңнамаларының даму тарихы туралы», «Мұхтар Әуезов романындағы қазақ құқығының мәселелері», «Қазақстандағы заң ғылымдарының маңызды міндеттері» және ең соңғы еңбектері «Қазақтардың қылмыстық әдет-ғұрып құқығы» атты іргелі зерттеуі. Ал аталмыш монографияға жиырма жыл уақыт ішіндегі проблеманы зерттеу материалдарының нәтижелері жинақталған. Бұл осындай бағыттағы жұмыстың бірінші туындысы болған. Міне осы ғылыми жұмысты аяқтаған Т.М.Культелеев бұл еңбегінің жарыққа шығып, оқырмандарға жетуін көре алмай кетті. Тосын апаттан қайтыс болған ғалым еңбегінің жарыққа шығуына Салық Зиманов үлес қосып, ат салыспаса заң ғылымының қазанына қайнамас еді. Академик осы еңбекті өзі редакциялап, алғы сөзін жазып, бар ұйымдастыру мәселелерін шешіп, халық игілігіне ұсынды. Кітап үлкен резонанс туғызды. Заң ғылымындағы іргелі еңбек деп бағаланды. Шыққан тиражы бір жылға жетпей таралып кетіп, баға жетпес құндылыққа айналды. Ғалым есімі мәңгілікке қалды. Т.М. Культелеевтің осы еңбегі әдет-ғұрып құқығын, құқық тарихын зерттеуші ғалымдардың назарынан ешқашан тыс қалған жоқ. Т.М.Культелеевтің бір халықтың әдет-ғұрыптық заңына байланысты жұмысы бүкіл Советтер одағында резонансқа айналып, «Советский государство и право» журналында оның тиражының елең еткізгені осы Салық Зимановтың арқасында.

Кейін елу жылдай өткеннен кейін Салық Зимановичке Т.М.Культелеевтің осы кітабын кейінгі ұрпаққа молынан таратсақ деп біз ұсыныс бердік. Салық Зиманович осы еңбекке өзінің алғы сөзін жазып, 2004 жылы Қарағандыда «Болашақ» баспасынан бес жүз данамен шығарып, аз уақытта ол да өзінің бағасын алды.

С.Л. Фукс – Қазақстан мемлекеті және құқық тарихының негізін салушылардың бірі. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы мемлекеттік заң институтында бірінші болып, Қазақстанның мемлекеті және тарихы туралы дәрістер оқи бастады. Тарихи-құқықтық ғылымның осы саласында бірінші болып докторлық диссертация дайындап, қорғады. С.Л. Фукс өзі үшін де барлық адамзат үшін де тарихтың жаңа қырын қазақтардың көшпелі мемлекеті және олардың Қазақстанның Ресейге қосылуына дейін, сондай ақ қосылуына дейінгі кезеңдердегі көшпелі өркениеттегі құқықтың әлі де зерттелмей қалған әлемін ашып берді. Ұлы отан соғысы жылдарында Алматыда болып, көпшілік біле бермейтін тарихи дереккөздермен танысқан ол, тарихтың белгісіз қабаттарына қызығушылық танытып, Украинаға келген соң да оны қалдыра алмады.

С.Л. Фуксқа өткен жүз жылдықта ресейлік оқымыстылар, саяхатшылар, қазақ қоғамының тұрмыстық өмірін бақылау әкімшілігінің өкілдері жинақтаған қазақтардың әдет-ғұрыптық құқықтары туралы бай, жан-жақты жазылған материалдарды қорытындылау, мәнін түсіндіру, жүйелеу секілді тарихи миссиясы жүктелді. С.Л.Фукстің 1948 жылы Мәскеуде қорғаған диссертациясы таңдаған бағыты бойынша атқарылған көп жылдық белсенді жұмыстарының қорытындысы болып табылды. Міне осы кісі қайтыс болып кеткеннен кейін 1980 жылдардың басында Салық Зиманов осы жұмысты оқырманға жеткізуді қолға алды. Бұл диссертация белгілі себептермен құпия грифпен Харьков заң институтында қалып қойған болатын, міне сондағы материалдарды тауып алып Салық Зиманов оны осы біздің оқырмандарға жеткізіп, өз бағасын алған болатын. Арада көп жылдар өткеннен кейін С.Ф.Ударцев, Шолпан Тлепина және біздер қосылып осы жұмысты Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде шығардық. Ол туралы Салық Зиманович қатты бағалап, өзінің батасын берген болатын.

2011 жылы біздің университеттің бір топ ғалымдары болып “Қаз дауысты Қазыбек би” тұлғалық энциклопедиясын шығаруды қолға алған едік. Соған орай қазақтың билер институтының білгірі ретінде Салық Зиманов ағамызға Қазыбек би туралы бас мақала жазып беру жөнінде өтініш жасадық. Ағай оны ықыласпен қабыл алып, жылдам жазып



берді. Өкінішке қарай бұл заң саласының патриархы ғұлама ғалымның ең соңғы мақаласы болатын. Арада біраз уақыт өткеннен кейін ағамыз фәни жалғаннан бақи дүниеге озды.

Сөз жоқ, адамның адамдық қасиеті істеген ісі, еткен қызметі, сіңірген еңбегі ғана емес, сонымен бірге айналасына адамдарға, кейінгі буын өкілдеріне көрсеткен қамқорлығымен өлшенеді. Салық Зимановтың ең алдымен Т.М.Культелеев, С.Л. Фукс сынды заң саласы мамандарының ұмыт бола бастаған еңбектерін қайта жарыққа шығаруына мұрындық болуы көп жайды аңғартса керек. Өткен тұрмақ, өз тұрғыластарын әрең мойындайтын кесепат заманда мұндай ерлікке екінің бірі бара бермейді. Ұлы ұстаздың үлгі-өнегесі дегенде мен ең алдымен осы өрелі тарихтың өміршең салт-дәстүрлеріне сәуле түсірген терең танымын, кемел кемеңгерлігін ерекше атар едім.

Салық ағай қызметтес, жұмыс бабынмен қандай талапшыл, ымырасыз қатал болса, былайғы өмірде сондай жайсаң, маңғаз еді. Әрдайым ойы тұнық, салиқалы, толғамдары салмақты, сөздері сүбелі болатын. Заң, құқық саласының тұғыры бөлек патриархы Салық Зимановтың елі мен жері үшін сіңірген есепсіз еңбегі, ғибратты ғұмыры халық үшін қашанда құнды. Кезінде қазақтың асыл ұлдарының бірі үлкен парасат иесі Салық Бабажанов қайтыс болғанда халық “Салық өлгенше, халық өлді десейші” деп қайғырған екен. Заң ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан абыз ағамыз 91 жасында фәниден бақиға озғанда да Кеңсайға бет алған қаралы қауым тағы да сондай күйді кешкен болатын. Бүгін айтулы күн, бүгін Салық Зиманұлы 100 жасқа келіп жатыр. Жылдар жылжып өтсе де, замана заңғарына айналған парасат-пайымы биік, рухани жан дүниесі бай, білімі терең тау тұлғалы адамның, азаматтың аты ешқашан өшпек емес. Алып аласармайды.

Рахмет!

## **САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**ШАПАҚ Унзила**

*заң ғылымдарының докторы, профессор,*

*Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, Нұр-Сұлтан*

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.З.Зиманов еліміздің заң ғылымының бастауында тұрған тұғырлы тарихи тұлға. Салық Зиманов Қазақстанның құқықтану мамандығын даярлау жүйесінің негізін салды, заң ғылымының іргесін қалады, соның ішінде мемлекет және құқық тарихы мен теориясы мектебінің тамырын терең жайып орнығуына зор еңбегін сіңірді. «Төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды» демекші, ол білігі мен білімін ұштап, ғалымдарды ұйыстырып, зерттеу-зерделеу қызметінің нәтижелері ұлттық-мемлекеттік құрылысының стратегиялық бағытын анықтай алатын үлкен ғылыми мектепті қалыптастырды.

Салық Зиманов қазақстанның мемлекеттік-құқықтық егеменділіктің нығайтылуына, еліміздің тәуелсіздігінің орнығуына теңдессіз роль атқарған дара заңгер. Заңғар заңгердің шығармашылық мұрасына талдау жасау арқылы көшпелі мемлекеттің, ұлттық мемлекеттіліктің табиғатын, қазақ құқығының, қазақстан құқықтық жүйесінің болмысын аша аламыз, сонымен қоса тәуелсіз Қазақстанның конституциялық-құқықтық даму жолын сараптау мүмкіндігі туады. С.Зимановтың ғылыми-педагогикалық қызметі және мемлекеттік-басқару саласында (КСРО ЖК депутаты, конституциялық комиссия төрағасы) қызмет атқарған кезінде жазылған саяси-құқықтық мұрасы әлі де толық зерделенбеген. С. Зимановтың қалдырған еңбектерін ғылыми тұрғыда тұжырымдап, әсіресе ұлттық-мемлекеттік идеясы мен егемендік, тәуелсіздік, қазақ тілі, адам құқықтары мен бостандықтары және т.б. конституциялық құндылықтарға деген көзқарасын тұтас ғылыми жүйеде қарастыру қажеттігі мен мұндалап тұр.

Изначально, когда общество еще состояло из бродячих групп поведение определял главный в группе т.е. вождь. Он и определял и устанавливал правила жизни для группы. Право на тот момент еще не существовало.

Когда стал возникать родоплеменной строй появились обычаи, благодаря которым устанавливались правила поведения людей. Эти обычаи содержали в себе варианты поведения людей, которое накапливалось долгое время и передавались дальше. Эти обычаи стали всеобщими и устанавливали норму поведения, являлись для всех обязательными и были постоянными.

#### Список использованных источников

1. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. / С.З. Зиманов. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. - с.296
2. Нарикбаев М.С. Казахстан Судебно- правовая реформа и дальнейшим пути ее совершенствования// Проблемы реализации судебно- правовой в постсоветских государствах: опыт и осуждения. Астана 1998, С.9,10
3. Сапаргалиев М. История народных судов Казахстана Алма-Ата Издательство «Казахстан» 1996, С.61-62
4. Алиев М.М. «Деятельность суда биев и казиев в Казахстане». Сборник «Суды и их роль в укреплении государственной независимости», Астана 2015, С.279-284
5. Баранов В.М. Юридическая техника: природа, основные приемы, значение: Ретроспективный ... М., 2017. с.21
6. Лукашева В.Н. Мифологизация политической и правовой жизни. Автор: Лукашева Е. А. Год: 2015 Издание: Норма, Инфра-М. с.555

7. Поленина С.В. Гендерное равенство. Проблема равных прав и равных возможностей мужчин и женщин. Учебное пособие / С.В. Поленина. - М.: Аспект пресс, 2015. - 272
8. Кудрявцев В.Н. Борьба мотивов в преступном поведении. Автор: Кудрявцев В.Н. Год: 2017 Издание: Норма. Генезис преступления. Опыт криминологического моделирования: Учебное пособие. С.148-385
9. Князев Д.В. История развития института мирового соглашения в российском гражданском праве // Современные проблемы гражданского права и процесса: Сборник статей. Новосибирск, 2018. Вып. 2., - С 9
10. Давыденко Д.Л. Из истории примирительных процедур в Западной Европе и США // Вестник ВАС РФ. 2018. № 1., С. 27-31
11. Общая теория права и государства: учебник /под ред.В. В. Лазарева. - М.: Юрист, 1994. - с.360
58. Шершеневич Г.Ф. Общая теория права: учебное пособие (По изд. 1910-1912 гг.): В 2-х т. Т.2. Вып.2-4. - М.: Юрид. колледж МГУ, 1995. - 517 с.
12. Лазарев В.В., Липень С.В. Теория государства и права: учебник. - М.: СПАРК, 2000. - с.511
13. Марченко М.Н. Проблемы правопонимания и основные источники англосаксонского права // Научные труды "Эділет". - 2000. - № 1 (7). - С.7-21
14. Теория государства и права: учебник /под ред. В.М. Корельского, В.Д. Перевалова. - М.: Изд-во НОРМА-ИНФРА-М, 2001. - с.616
15. Ертуганов К.Б. Закон как форма действующего права: дисс. ... канд. юрид. наук. - Алматы, 2005. - с.162

## ОТ «БОНАПАРТИЗМА» К «АВТОРИТАРИЗМУ», ИЛИ ОСОБЕННОСТИ СТАНОВЛЕНИЯ ФРАНЦУЗСКОГО КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМА

**НУРМАГАМБЕТОВА Сауле Буркатовна**

*доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного права  
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан*

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности становления французского конституционализма. При частой смене политических режимов и конституционных актов трудно определить преемственность и эволюционное развитие французского конституционализма. Автор определяет, что «бонапартизм» - явление не тождественное понятию «режим», а скорее всего, это - система определенных методов властвования, проводимых Наполеоном Бонапартом, Луи Наполеоном и Шарль де Голлем в разные периоды их правления, и в разных объемах, но имевших общую цель - создание системы государственной власти, которая доказывает свою эффективность и по сегодняшний день.

**Андатпа.** Мақалада Француз конституционалізмінің қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Саяси режимдер мен конституциялық актілердің жиі өзгеруімен Француз конституционалізмінің сабақтастығы мен эволюциялық дамуын анықтау қиын. Автор "бонапартизм" "режим" ұғымымен бірдей емес құбылыс екенін анықтайды, және бұл Наполеон Бонапарт, Луи Наполеон және де Шарль Голль билігінің мақсаты әртүрлі кезеңдерінде және әртүрлі көлемде жүзеге асырған белгілі бір басқару әдістерінің жүйесі, бүгінгі күнге дейін өзінің тиімділігін дәлелдейтін мемлекеттік билік жүйесін құру болып табылады.

Становление французского конституционализма – достаточно сложный процесс, проходивший в течение более двух столетий, сопровождавшийся драматичными, очень тяжелыми для французской нации событиями.

На первый взгляд кажется, что конституционной истории Франции не хватает стабильности. Действительно, по подсчетам ученого В.Константинеско, начиная с Французской революции, то есть с 1789 года произошла смена свыше 30 различных политических режимов, и было принято не менее 20 конституционных актов [1].

Проследить полно и всесторонне эволюцию конституционного строя Франции нельзя без тщательного изучения каждого из ее периодов. Только в таком случае можно говорить об объективности. Но в истории Франции имеются определенные периоды, события, в которых очевидна конституционная преемственность, и в эволюции институтов государственной власти можно проследить очень значимое, фундаментальное устройство самой этой системы. Есть периоды конституционного развития Франции, которые принято объединять одним словом - «бонапартизм».

Понятие «бонапартизм» часто используется в научной литературе, исследователи спорят о сути «бонапартистских» режимов, но четкого представления о том, что это за «режим», что является главным и неизменным в нем, никто не может сформулировать.

Конечно, возникновение понятия «бонапартизм» связывают с именем «человека в треуголке». Первоначально этот термин использовался К.Марксом [2] и В.И.Лениным для обозначения военной диктатуры, установленной во Франции в 1789 году Наполеоном Бонапартом, и правления Луи Бонапарта, пришедшего к власти в 1851 году. В дальнейшем этот термин был распространен на любую диктатуру буржуазии, опирающуюся на военщину и на реакционно настроенные слои отсталого крестьянства. В «бонапартизме» обвиняли впоследствии и Шарля де Голля.

Несомненно одно, что французы во всех трех персонажах истории видели «спасителя» общества. Действительно, каждый из них приходил к власти в очень сложное время для страны (расшатанная экономика, революция, война, мятежи и т.д.). Ситуации в стране требовали человека, который смог бы «разрешить» их и желательно «бескровно». Но на этом и можно завершить проведение параллелей, потому что оценка правления каждого из них неоднозначна.

Наполеон как историческая личность, используя все свои таланты создал, на наш взгляд, систему определенных методов властвования, которые обеспечили эффективность всех его мероприятий. Начиная с создания Конституции 1799 года, борьбы с коррупцией и бандитизмом, упорядочения финансов (в первую очередь, бюджета), закрепления прав собственности, создания Французского банка, унификации законов, создания Гражданского Кодекса (действует и поныне) и т.д. Наполеон считал, что интересы государства требуют жесткой централизации.

Действительно система госуправления в высшей степени была централизована, в ней существует жесткая иерархия должностей, акцент был сделан на узких специализациях. Высшим административным органом страны является Совет государства, ему принадлежит совещательная функция в отношении законодательных высших и административных вопросов. Французская система госуправления была создана одним «росчерком пера» Наполеона. Оценки феномена правления Наполеона весьма противоречивы, кто-то идеализирует его, кто-то называет тираном, деспотом, «чудовищем». Но французский народ был благодарен Наполеону за то, что он закрепил все завоевания революции, и прежде всего, в земельном вопросе, политических свободах, кодификации гражданского и уголовного законодательства, а главное, обеспечил безопасность существования простым французам. Приход к власти Наполеона был на фоне его побед в Италии и Египте, борьбы с интервентами, что послужило основанием доверия народа к нему.

Вторая Империя, которую называют «авантюрно-подражательной», была основана на кредите доверия к достижениям прошлого. Луи Наполеон III приходит к власти, будучи никому неизвестным во Франции, только благодаря своему имени, при поддержке наивного, неграмотного крестьянского населения. Победив на выборах 10 декабря 1848 года, Луи Наполеон становится главой государства более чем на 20 лет. Согласно Основному закону, принятому 4 ноября 1848 года, он не мог переизбраться на второй срок подряд, поэтому Луи Наполеон совершил государственный переворот, объявив о роспуске Национального Собрания, Государственного Совета, Верховного Суда, а также приняв другие жесткие меры. Желая править авторитарно, он все-таки был вынужден принять Основной закон, так как большинство французов считали это обязательным.

Принятию Конституции 1852 года предшествовала Декларация от 2 декабря 1851 года, которая утром, в день государственного переворота была расклеена на стенах парижских домов. Основные положения Декларации были вынесены на плебисцит. Народу предстояло решить: легализовать ли государственный переворот Луи Наполеона или отказать в доверии.

Кстати, как и Наполеон в 1799 году, используя юридическую хитрость, обеспечил себе право иметь ту конституцию, которая была ему нужна. В прокламации, изданной до



Конституции 1852 года, Президент прямо заявляет: «В этом документе я представил на ваш суд основные принципы, заимствованные из Конституции VIII года (1799 г.). Если вы их одобрите, они станут фундаментом нашей политической Конституции».

Из конституционного акта 1799 года был заимствован расщепленный законодательный процесс. Согласно терминам Конституции VIII года, государственные органы назывались Сенатом, Государственным советом и т.д.

Вместе с тем есть и отличия от акта 1799 года. Согласно Конституции 1852 года глава государства имел право назначать членов Сената и его Председателя. В то же время Сенату представлялись более широкие полномочия, чем в 1799 году. Также не предусматривалось создание Трибунала, но были зато увеличены права Государственного Совета.

Государственный совет, который был учрежден как вспомогательный орган еще при Наполеоне Бонапарте, должен был осуществлять подготовку законопроектов и представлять их в Законодательном Корпусе. Очевидно, что он должен был быть заградением, заслоном между законодательной и исполнительной властью. Но Луи Наполеон был заинтересован в постоянном надзоре за бюрократическим аппаратом, поэтому Государственный Совет получил право рассматривать административные споры и жалобы, то есть была учреждена административная юстиция (существует и по сегодняшний день).

Главное различие двух конституций состояло в определении всеобщего избирательного права, но в 1799 году это право было чисто теоретическим, а в 1852 году было уже реальным и действительным.

Согласно Конституции 1852 года управление французской Республики «доверялось» Луи Наполеону на целых десять лет. Основной закон 1852 года наделял его всей полнотой исполнительной власти и контролем над законодательной властью. Сенат мог аннулировать законодательные акты, противоречащие Конституции, но это полномочие ни разу за все 18 лет не было использовано.

Изменения, внесенные в текст Основного закона, позволяют нам видеть, как шел процесс эволюции этого режима. Первое изменение позволило изменить форму правления, Франция провозглашалась Империей, а Луи Наполеон - ее Императором. Следующие поправки наделяли Императора огромными полномочиями: право помилования, право председательствования в Сенате и Государственном Совете, право заключать договоры без одобрения Законодательного корпуса, гражданский лист для императорской семьи и т.д.

Однако, по мере уменьшения политической активности Императора (из-за болезни), начиная с 1860 года, проводятся либеральные реформы, реально обеспечиваются права и свободы граждан, увеличиваются законодательные полномочия Парламента, создается ответственное Правительство, то есть устанавливается Парламентская Империя.

К 1870 году стало невозможным дальнейшее существование авторитарного режима, требовалось преобразовать власть главы государства в соответствии с изменившейся ситуацией, но, как хотел Луи Наполеон, с закреплением безответственности Императора. Вторая Империя вывела в политику огромные массы крестьян, наделив их реальным всеобщим избирательным правом и возможностью участвовать в политической жизни страны.

Следует сказать, что в деятельности Луи Наполеона можно найти некоторые особенности его правления, но они никогда не меняли сути того государственного строя, который создал Наполеон Бонапарт. Вторая Империя, подражая Наполеону I привела к оппортунизму во внутренней политике и губительному авантюризму во внешней, что и предопределило ее падение.

Значение всех этих конституционных актов Второй Империи в том, что позволили «демократии достаточно вызреть, чтобы принять традиционные формы» [3], подготовили развитие и становление III Республики явились своеобразным «мостом» между республиками прошлого и будущего [4].

Именно Конституции 1852 и 1870 годов послужили базой для закрепления авторитарного режима нового типа, который стал предметом научных исследований и получил название «цезаризм» в трудах французского юриста Ж. Бартелеми [5].

Пришедший к власти в мае 1958 года по приглашению Парламента, генерал де Голль получил чрезвычайные полномочия согласно Конституции, которую считали «скроенной точно по мерке для де Голля». Многие исследователи считают, что по этой Конституции 1958 года была выстроена система власти, которая была архаичной для самой Франции, и была возвратом к собственному политическому прошлому, а сам генерал де Голль в этой конструкции стал своего рода «парламентским монархом». Сам де Голль и его соратники считали это возвращением к республиканским идеалам путем «большой сбалансированности всех видов власти и усилению независимости исполнительной власти от политических маневров различных партий».

Законодательная и исполнительная власть, имея своим источником только «мандат народа» (то есть выборы), должны были четко разделены. Самым эффективным способом укрепления системы властвования должен был стать институт главы государства. Возвышаясь над всеми ветвями власти, не будучи главой Правительства и лидером парламентского большинства, Президент должен был выражать высшую волю государства по вопросам первостепенной важности.

Центральным звеном был Президент. Став «высшим арбитром», он не нес политической ответственности ни перед каким органом и никем не контролировался. В соответствии со статьей 19 Конституции 1958 года свои наиболее важные полномочия: роспуск палаты, введение в действие чрезвычайной ситуации, передача законопроектов на референдум и ряд других, Президент осуществлял единолично.

Обширные prerogatives Президента Франции, предусмотренные Конституцией не имели аналога даже в президентских республиках. Однако даже самые серьезные политические реформы, осуществленные де Голлем, мало что решали бы без изменений в административно-управленческой системе. Начиная с реформ Наполеона I, исходя из духа республиканизма и идей Французской революции, проведенные в последующем многолетние реформы подготовили создание института государственного функционера, выделив основное звено управления этим институтом и его преобразования, а именно систему образования/конкурса/назначения функционеров высшего и среднего звена.

По отношению к старой элите де Голль занимал критическую позицию, называя их «предателями». Поэтому создание нового слоя высших функционеров и явилось первоочередной задачей для де Голля конца 50-х годов. Именно она и была решена путем реализации административной реформы и создания учебного заведения для политической элиты нового формата - Национальной школы управления (ENA). Административная реформа, прежде всего, служила цели унификации государственного управления в контексте экономической, политической и социальной модернизации, но одновременно она позволяла обезопасить модернизационную программу от противодействия старых элит и бюрократических корпусов.

Дальнейшее усиление президентской власти было связано с возможностью главы государства опираться на парламентское большинство, поскольку в 60х-70х годах Президент выступал как лидер голлистской партии - «Союз демократов за Пятую Республику». Де Голль, имея поддержку большинства в Парламенте, фактически возглавлял и Правительство, отеснив его главу - премьер-министра. Полная зависимость Премьер-Министра и правительства от воли Президента, фактическая ответственность правительства перед ним, стали характерной чертой Пятой Республики в это время. Личная канцелярия Президента стала центром принятия государственных решений. В 60х-70х годах были созданы чрезвычайные органы политической юстиции, проведена централизация судебно-полицейского аппарата, были расширены полномочия полиции и префектов.

С утратой большинства мест в Парламенте голлистская партия в период с 1973-1976 года вынуждена была уступить важнейшие государственные посты представителям других политических партий.

Несмотря на все сложности партийного соперничества примат президентской власти во всех областях государственной жизни Франции и ныне остался неизменным. Неслучайно и сейчас, наиболее распространенными оценками Пятой Республики являются такие характеристики, как «суперпрезидентская республика» или «ультрапрезидентский режим».

Таким образом, независимо от расстановки основных политических сил в периоды Первой и Второй Империи, в существующей и ныне Пятой Республике, глава государства во Франции был главной регулирующей силой. Но каждый из них, будь Наполеон I, Наполеон III или Шарль де Голль, придя к власти, решали вопрос выбора не между республикой и империей, а между порядком и хаосом. При всей схожести, эти политики действовали в разное время, при разных обстоятельствах. Поэтому было бы некорректно называть их правление «бонапартистскими режимами». Каждый из них использовал те методы властвования, которые, скорее всего, были бы применены и другими политиками (например, если вместо Луи Наполеона пришел Кавиньяк).

Та система государственной власти, которая была создана Наполеоном Бонапартом фактически является «базовой», и в последующем, политики подвергали её только модернизации с учётом изменений, происходящих во французском обществе. Существовая и по сегодняшний день, она доказывает свою эффективность и результативность тех методов властвования, которые называют «бонапартистскими».

Исходя из этого, нельзя преуменьшать значение конституционных актов. Конституции Второй Империи и Пятой Республики, главным образом, имели значение для развития в двух сферах: в политико-теоретической и политико-идеологической. Важность для первой состояла в том, что эти акты разрабатывались на основе предыдущих конституционных актов и были основой при разработке последующих, являясь тем самым очередным этапом в развитии того или иного института, причем, это касается как их формально юридического закрепления, так и практики функционирования. Таким образом, можно сделать вывод, что Основные Законы 1799, 1852 и 1870 годов, а также Конституция Франции 1958 года являются необходимыми стадиями в развитии как отдельных институтов, так и французского конституционализма в целом. Этот опыт неоднократно используется и другими цивилизованными странами.

#### Список использованных источников

1. Constantinesco V., Pierré -Caps S. Droit constitutionnel. Paris.2004. P.325.
2. См. Маркс К., Восемнадцатое брюмера Луи Бонапарта, Маркс К. и Энгельс Ф., Соч.2., 2 изд., т.8.
3. Prelot M. La signification constitutionnelle du Second Empire. P.56
4. Цит по: April S. La II Republique et le Second Empire... P.16.
5. См.об этом: Vacot G. Carré de Malberg et l'origin e de la distinction entre souveraineté du peuple et souveraineté nationale. Paris 1985. P.159.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕГЕМЕНДІГІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ АКАДЕМИК С.ЗИМАНОВТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚҚА ҚОСҚАН ЖЕКЕЛЕГЕН ҮЛЕСІ

**СЕЙДЕШ Бәкіжан Болатбекұлы**

*заң ғылымдарының магистрі, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**МУРЗАГАЛИЕВ Ердос Чарипович**

*халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Аннотация.** Мемлекеттік егемендік оның аумағының тұтастығын, қолсұқпаушылығын білдіреді. Кеңес Одағы ыдырап, әлемнің саяси картасында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда бола бастағанда мысалы, Қазақстан Республикасының да халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретінде танылуы ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыруды кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібіне қоюының өзі заңдылық еді. Қазіргі заманауи халықаралық құқық мемлекеттік егемендік пен аумақтық тұтастық қағидаларының орындалуын мемлекеттің өмір сүруі үшін қажет императив ретінде көтереді. Тұтастық пен мемлекеттік егемендік сипаттамасы қоғамның саяси ұйымдастырылуының негізгі өмірлік тараптарын қамтиды. Бұларсыз қоғам толық емес, яғни шектелген болар еді.

**Тірек сөздер:** Егемендік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық, юрисдикция, халықаралық құқықтағы имплементация, мемлекеттің өз аумағындағы үстемдігі мен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі.

70 жылдан артық өмір сүрген КСРО атты алып мемлекет өзінің өмір сүруін тоқтатып, оның орнына бірқатар халықаралық құқықтың жаңатәуелсіз субъектілері саясат аренасына шыққаны өткен тарихымыздан белгілі. Яғни Кеңес Одағы ыдырап әлемнің саяси картасында тәуелсіз мемлекеттердің, яғни халықаралық құқықтың жеке дербес субъектілерінің пайда болуы ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыруды күн тәртібіне өткір қойғандығы да еш жасырын емес, міне осындай еліміздің болашақ тағдыры айқындалар, әлем картасында енді ғана пайда болған жаңа Қазақстан егемендікке ұмтылған сол тарихи кезеңде құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында академик С.Зиманов өлшеусіз үлес қосты, әрі сол кезеңдегі ҚазКСР-і Жоғары Кеңесінің екі шақырылымының депутаты болған ғалымның жас, егемен мемлекетіміздің құқықтық негізін қалауда және заңнамалық реформалардың бастауында тұрғанын ерекше атап өткен орынды болар еді. Міне, осындай тарихи кезеңде елге жаңа заңдар қажет еді. Ел тарихындағы шешуші, әрі маңызды саяси құжат болып саналатын 1990 жылғы «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының» жобасын әзірлеген комиссияны басқарғаны да көп жағдайды аңғартса керек. Мемлекеттегі маңызды саяси акті деп бағаланатын 1991 жылғы 16 желтоқсандағы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның жобасын даярлайтын комиссияның да мүшесі болды. Сонымен қатар, Қазақ КСР атауын өзгерту туралы заң, азаматтық туралы заң, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Конституциясы, тағы басқа маңызды заңдарды дайындаудағы еңбектерінің өзі бір төбе. Академик С.Зимановтың «КСРО және автономиялау теориясы мен практикасы» (1998 жыл) атты зерттеу еңбегін ТМД аясындағы құқықтанушы ғалымдар аса жоғары бағалады. Осы аталмыш ғылыми еңбекте Кеңес Одағының ыдырауы мен оның бұрынғы автономиялық аумақтары негізінде егемен елдердің бой көтеруі жан-жақты талданып баяндалады. Заң ғылымының теориялық мәселелерімен түпкілікті айналысқан ғалымның 500-ден астам ғылыми еңбектері мен солардың ішіндегі 20-дан астам монографияларын да атап өткен орынды. Академик С. Зимановтың ғылыми еңбектері негізінен алғанда мемлекет пен құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орталық Азияның өзге де аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен даму жолдарына, тәуелсіз қазақ мемлекетінің құқықтық платформасының қалыптасуына және тағы да басқа өзекті мәселелерге арналған. Олардың қатарында маңызы зор «Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство», «Общая теория права и ее место в курсе теории государства и права», «Теоритические вопросы

советского национально-государственного устройства», «Политические взгляды Ч. Валиханова», «Конституция и парламент» атты және т.б. көптеген ғылыми еңбектері бар.

Академик С.Зимановтың еліміздің басты заңы болып саналатын Конституциямызды жетілдіруге қатысты қосқан еңбектерін де атап өткен орынды болар еді, себебі ғалым көтерген идеялар 2007 және 2017 жылғы еліміздің Ата заңына, яғни Конституциямызға енгізілген өзгерістер де еліміздегі жүйелі түрде жүзеге асырылып келе жатқан реформаларға сәйкес Елбасының бастамашылдығымен кезең-кезеңімен жүзеге асқаны белгілі. Жан-жақты білімпаз, әмбебап, әрі теоретик ғалым ретінде заң шығарушы орган Парламенттің құқықтық мәртебесін айқындауда, парламенттің қандай болуы, оның өкілеттілік қызметі мен заңшығармашылық функциясын жетілдіруге қатысты атқарған еңбектері мен еліміздің сот жүйесін қайта құру туралы ұсыныстары мен талдауларының өміршендігін бүгінгі тәжірибе дәлелдеп отырғандығының куәсі болып отырғандығымыз да еш жасырын емес. Әсіресе тәуелсіздік алған алғашқы елең-алаң сәттерде ел егемендігіне қатысты саяси құжаттардың ішінде егемендік Декларациясының қоғамдағы ролінің ерекшелігін деп басып айта білуінің өзі көрегендік еді. Жалпы Егемендік термині өте ауқымды мағынаны білдіреді. Егемендік нақты географиялық кеңістіктегі саяси биліктің көрінісі ғана емес, оған қоса сол жерді мекендейтін тұрғындар мен азаматтарға жүретін юрисдикция. Мемлекеттің өз аумағындағы үстемдігі мен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздігі - мемлекет егемендігінің бір-бірімен өзара байланысының көрінісі.

Қазіргі заманауи халықаралық құқық мемлекеттік егемендік пен аумақтық тұтастық қағидаларының орындалуын мемлекеттің өмір сүруі үшін қажет императив ретінде көтереді. Тұтастық пен мемлекеттік егемендік сипаттамасы қоғамның саяси ұйымдастырылуының негізгі өмірлік тараптарын қамтиды. Бұларсыз қоғам толық емес, яғни шектелген болар еді. Маңыздылығына орай бұлар мемлекеттің негізі ретінде конституциялық ретте бекітіледі. Мысалы, Конституцияның 2 бабында «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» делінген. Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз армандаған осы мүмкіндікті жүзеге асыруда көптеген біртуар тұлғалардың саясат сахнасына жарқ етіп шығулары да заңдылық еді. Осы мақаланы жазуға да себеп болып отырған академик, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зиманұлы Зимановта осындай жарқын тұлғалардың бірі еді. Сөзіміз дәлелді болу үшін, 1990 жылғы 25 қазандағы Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы декларацияның түпкі редакциясын дайындау бойынша комиссияға басшылық жасағандығы, сонымен бірге 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» - Конституциялық Заңын дайындау бойынша комиссияның мүшесі болғандығы, ал Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының жобасын дайындау барысында сарапшылар тобын басқаруының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Әлемдегі интеграциялық процестердің қарқынды дамуына байланысты халықаралық құқық нормалары мемлекетшілік, яғни ішкі құқықтық нормалардың дамуының шешуші элементіне айналып отырғандығы айқын байқалады немесе керісінше. Бейбітшілік мақсаттарына қол жеткізу, планетада, яғни жер бетіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету осымен тығыз байланысты. Әр түрлі салалардағы халықаралық ынтымақтастық мемлекеттердің әртүрлі аядағы әрекеттерін үйлестіру үшін халықаралық құқық нормаларын кеңінен қолдануын анықтайды.

Осы уақытқа дейін заң әдебиеттерінде халықаралық құқықтағы кейбір мәселелердің құқықтық табиғаты күрделі болып келеді, әсіресе қылмыстық-құқықтық салада. Себебі келесі құқықтық мәселелер мынадай әртүрлі тәсілдермен шешіледі, қылмыстық-құқықтық сипаттағы халықаралық құқық нормалары қалай қолданылады, қылмыстық-құқықтық нормаларды имплементациялау қалай жүзеге асырылады, қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алғанда оффшорлық аймақтардың құқықтық мәртебесі оларға қалай ықпал етеді, юрисдикция мен егемендік мәселелері қалай шешіледі, қылмыстық құқық бұзушылық

жасаған кездегі трансұлттық корпорациялардың құқықтық мәртебесін қалай анықтауға болады?

Сонымен қатар, бұл мәселелерді теориялық тұрғыдан түсінудің қажеттілігі туралы сұрақ туындайды, бұл қылмыстық заңнаманың барлық имплементациялық нормалары халықаралық нормативтік талаптардың, яғни нұсқаулардың мемлекетішілік орындалуын тиісті түрде қамтамасыз етпейтіндігімен байланысты. Мұның бәрі практикада түсіндіру мен қолдануда қиындықтар туғызады және белгілі бір елдерде қылмыстық құқық бойынша халықаралық құқық нормаларының имплементациясына терең теориялық талдау жасауды талап етеді. Бұл халықаралық құқық нормаларын іске асыруды мемлекетішілік қылмыстық-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу үшін қажет.

Біздің білуімізше, имплементация деп Халықаралық құқық нормаларын ұлттық нормаларға енгізу түсініледі, яғни халықаралық-құқықтық нормаларды қабылдау, орындау қалай жүретіні және белгілі бір мемлекеттің аумағында халықаралық-құқықтық нормаларды іске асыру үшін жағдайлар қалай жасалатыны түсіндіріледі.

Біріншіден, көптеген елдерде Халықаралық құқық нормаларын ұлттық құқыққа енгізу, яғни имплементациялау әр түрлі жолдармен жүзеге асырылады. Мысалы, егер Қазақстан Республикасының тәжірибесіне жүгінетін болсақ, онда «ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағының жаңа редакциясында (2017 ж.) заңдарға қатысты ратификацияланған халықаралық шарттардың басымдығы туралы ереже сол мазмұнда қалдырылғанмен, бірақ Қазақстанда халықаралық шарттың қолданылу тәртібі мен талаптары заңнамамен айқындалатыны туралы жаңа ереже енгізілді. ҚР Конституциясының қолданыстағы редакциясының 4-бабы 3-тармағына қатысты екі ұсынысты да, бірлікте - бір тұтас ретінде қарастыру және түсіндіру қажет» [1].

Осыдан келіп Қазақстан Республикасы халықаралық міндеттемелерді орындаудан бас тартады ма деген өзекті мәселе туындайды, әрине, жоқ.

«Жаңа норма халықаралық құқыққа қайшы халықаралық шарттардың өз еркімен орындалмауын білдірмейді. Қазақстан 1993 жылғы 31 наурызда Халықаралық шарт құқығы туралы Вена конвенциясына қосылғаны белгілі».

Бұл сыртқы басқарылмайтын жағдайлардан қорғау, ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген кезде барабар, яғни адекватты шаралар қабылдау қажеттігіне байланысты. Және бұл дұрыс қабылданған шешім еді.

«Халықаралық шарттың қолданылу тәртібі мен шарттарын заңнамада айқындау туралы жаңа ереже жаһандандудың объективті процесіне қарсы тұру немесе бас тарту үшін қабылданған жоқ. Ол халықаралық қатынастарда туындаған шиеленістің салдарын белгілі бір жұмсарту үшін, халықаралық шарттармен байланысты процестердің қарқынын, мерзімдерін, ағымының нысандарын біртіндеп пайдалану, түзету және шарттың мазмұны мен оған ілеспе мән-жайларды ескере отырып, синхронды немесе дәйекті пайдалану, әртүрлі нормалардың әрекетін қосу үшін енгізілді» [2].

Сонымен қатар, «Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттер, оның ішінде қазіргі заманауи мемлекеттер, әсіресе олардың ішіндегі ең күштілері, олардың одақтары халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықта құқық үстемдігін әрдайым сақтай бермейді. Нәтижесінде «Қос стандарттар», «күштінің құқығы» көбінесе өздерін тым еркінірек, басым сезіне отырып, тіптен кейде олар үстемдік ете бастайды, әсіресе ХХІ ғасырдың басындағы жаһандық «турбуленттілік», «гибридті соғыстар» формальды бейбіт уақытта «түрлі - түсті төңкерістерден» өткен бірқатар елдердің ыдырауы, бөлінуі және сол кезеңге сәйкес жағдайларды басқаралмауы, яғни бақылау жүргізе алмаушылық тенденциялары байқала бастайды» [3].

Соңғы уақытта халықаралық құқықта болып жатқан үрдістерді ескере отырып, біз осы мәселелер туралы айтып отырмыз. Әрбір мемлекет имплементация мәселелері бойынша өзінше шешім қабылдайды. «Халықаралық құқықтың жедел дамып келе жатқан эволюциясы және әлемдегі іргелі ғылыми-техникалық, экономикалық және саяси өзгерістер аясында

оның ұлттық құқықпен өзара әрекеттесу формалары халықаралық құқық нормаларының дамуының, кеңеюінің және басымдылығының артуының жалпы тенденцияларын нақты түсінуді талап етеді. Сонымен бірге, бұл ұлттық қауіпсіздікті, экологияны қамтамасыз ету, ұлттық экономиканы дамыту үшін қолайлы және пайдалы жағдайлар жасау, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті сақтау тұрғысынан нақты тарихи контексте халықаралық және ұлттық құқықтың жекелеген нормаларының ситуациялық өзара іс-қимылына неғұрлым мұқият қарауды талап етеді».

Бірақ, осы проблемаларға қарамастан, Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың басқа субъектілерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, белгілі бір проблемаларды шешуге ұмтылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық конференция жинағы
3. Е. Баянов «Академик Салық Зиманов» - Алматы 2011 ж. 152 б.

### САЛЫҚ ЗИМАНОВ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ, ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТІРЕГІ

#### ДЖИГИТОВА Р.Н.,

*жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция майоры,  
Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе қ-сы*

#### СИМАНОВА Г.Т.,

*жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны,  
Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе қ-сы*

*Андатпа. Мақалада академик Салық Зимановтың бүкіл өмірін қазақстандық заң ғылымына қызмет етуге арнағаны туралы баяндалады.*

*Аннотация. В статье рассказывается о том, как академик Салық Зиманов посвятил всю свою жизнь служению казахстанской юридической науке.*

Міне, биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының отыз жылдығына қадам басып отырмыз. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Қазіргі таңда біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанып асқақтатамыз. Өйткені, Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Ән-ұранымен айбатты. Осы зымыраған уақыт талабына сай, Қазақстан экономикасы қарыштап дамуда. Саясаттағы сындарлы бағыт өз жемісін бере отырып, берекелі бірліктің арқасында бүкіл әлем таныған іргелі мемлекетке танылдық. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деп саналады.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата – бабамыздың көптеген жылдар бойы аңсаған арманы сарғайып күткен сағынышының орындалуы.

Тәуелсіздік тарихы жас ұрпақ бойына патриоттық сезім, еліне деген құрмет пен мақатаныш ұялататын ауқымды тақырып өзегі деп санаймын.

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өз заңдары мен талаптары болуы тиіс. Ата заңымыз қабылданған соң, ата заңға сүйене отыра қоғамдық келенсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары қабылдана бастады. Қабылданған заңдарды жүзеге асырушы сот билігі және Құқық қорғау органдары өз біліктіліктері мен қабілетіліктерін көрсетте білді.

Тәуелсіздік жылдарында заң саласына үлкен үлес қосқан қоғам және мемлекеттік ірі қайраткер тұлға, заңгер ғалым, Заң ғылымының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, ҚР тұңғыш президентінің мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері Салық Зиманұлы Зимановтың туғанына 100 жыл мерей тойын салтанатты түрде тойлануда.

Қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы. Өнегелі өмірінде академик 200-ге жуық, ғылыми еңбек жазған, заң ғылымдарының өркендеуіне сүбелі үлес қосты. **Салық Зиманов** біздің республикамыздағы үлкен ғалымдардың бірі. Біз сондықтан да оны еліміздегі «Заң ғылымдарының патриархы», -деп санаймыз. Ол біздің арамыздағы ең беделді, ең құрметті, ғылымда зергерлік көрсеткен азамат», -дейді заң ғылымдарының докторы, академик Сұлтан Сартаев атап өтті.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасы кезінде де ол азаматтық ерлік көрсетті. Империялық орталықтың үлкен лауазымды өкілдерінің қазақ халқы атына айтқан астам пікірлеріне тайсалмай қарсы шығып, ұлт намысын, ел абыройын нақты да кесімді дәлелдермен қорғап қалды.

Салық Зимановтың ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігіне сондай-ақ, өзекті мәселелерге арнайы арналған. Салық Зимановтың құқық теориясына, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне, шарифат заңдарына қатысты бірнеше ғылыми еңбектері жарияланған. Атап айтсақ, «Абай ережелері» атты ғылыми мақаласында Абайдың қазақ өмірінің тарихындағы ойып алатын орнына жоғары баға бере отырып, қазақ халқының ежелгі әдет-ғұрып заңдарын жетілдіруге қосқан үлесі мен құқықтық көзқарастарын саралады.

Қоғамдық тәртіпті сақтауда және заң үстемдігін темірдей қатаң шарттарды орындау әр азаматқа міндет пен борыш деп санаймын.

Осы мақаламды жаза отырып, Салық Зимановтың еңбектерімен таныса келе Ұлы Абайдың мұрасына көп көңіл мен ықылас аударғаны айдан анық байқадым. Абайдың ұстанымы өркениетті мемлекеттің даму қағидалары Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болуы керектігін мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнатылатындығы туралы тілге тиек етті.

Сонымен қатар, **Абайды ақын, философ ретінде ғана танып жатамыз. Алайда, шын мәнінде, Абайдың саяси және құқықтық ірі реформатор екенін ұмытпауымыз қажет. Қазақ елінің ұлт мақтанышына айналған хәкімнің заң шығару ісіне де араласқаны жайлы көп айтыла бермейді. Абай 1885 жылғы Қарамола съезінде жетпіс үш баптан тұратын заң ережелерін жазған.**

Сол кездегі қазақ қоғамының өмірін, тұрмыс-тауқыметін мұң-мұқтажын бір кісідей білген дана Абай жергілікті атқару органдары мен билер қызметінде әлеуметтік істерге белсене араласа отырып, Заң ережелерін жинақтап, қазақтың ерте кезден келе жатқан әдет-ғұрып салт -дәстүрі нормаларының негізінде жаңа заңдарды дүниеге паш етті. Бес дуанның болыс-билері бас қосқан жиында 73 баптан тұратын «Ереже» қабылданды. Ол ережеге көп өзгертулер, түзетулер қосып, өңделді. Абай әдет-ғұрып мәселесін заманға сай лайықтап, халық пайдасына шешті, кем-кетіктің, әсіресе, әйел адамдардың құқығын жақтады». Бұл ереженің жазылуы – жоғарыда айтып отырған Қарамола съезінің басты тарихи оқиғасы. Абай ережесі қазақтың әдет-ғұрып құқығымен де патша өкіметі сот билігімен де ұштасуда. Қазақ даласындағы ертеден келе жатқан заңнамалық құжаттарды жетік білген заңгер Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы орыстар енгізген заң нормаларын да шебер пайдалана білген. Өйткені, билер шешімі тек қана басқару мен сот жүйесі емес, сонымен бірге, халықтың дәстүрі мен ұлттық таным-түйсігі екенін туған халқына жеткізе білді. Нәтижесінде, Сот билігінің қазақ қоғамында ертеден қалыптасқанын дәлелдеді.



Абай ережесінің көптеген тарауы қылмыстық құқық пен жазаға арналған. Оның ішінде ұрыс-төбелес, ұрлық, ұрлықты қайта жасау, денесіне зақым келтіру әрекеттері қатал түрде жазаланды. Әсіресе, төбелесті ұйымдастырушылар жазасы басқаларға қарағанда қатаң жазаланды.

Абай Құнанбайұлының ережесінде құн, жесір, мал, мүлік, әменгерлік, мұрагерлік даулары мен оларды шешу, үкім шығару және сот жүргізу тәртібі көрсетілді. Салық Зимановтың еңбектеріндегі «Абай ережесі» Ата Заң тарихына алтын әріппен жазылар құқықтық құжат екенін де ұмытпағанымыз абзал.

Бірнеше жылдар бойы Салық Зиманов тарихтың басқа мәселелерімен, оның ішінде Абай Құнанбаевтың шығармашылығына аса назар аударды. Соның нәтижесінің жемісі 1960 жылдар басында ҚазҰУ-ның заң факультетінде ғылым заңгерлер мен тәжірибелік жұмыскерлер ішінде Салық Зиманұлының «Абай билік жөнінде» деген тақырыпта ғылыми баяндамасы жарыққа шығуы болып табылады. Мазмұны бойынша баяндама өте қызықты болды. Нақты мысал келтіретін болсақ архивтен алынған деректер, шежіре Абай атамыздың замандастарының естеліктері басқа да қайнар көздер арқылы баяндамашы Абайды зерттеу барысында даулы жағдайларға ақиқат жол тауып, әділеттілік пен адамгершіліктің мән мағынасын, сырын аша отырып, көрсете білді.

Бұл баяндамада Абай талантының көмескі тұстарына айқын аша отыра, болашақ ұрпақ үшін оның ұлылығы мен парасаттылығын биіктете түсті.

Бірде Салық Зиманұлы халық менталитеті, қазақ-әдеп құқығы негізінде билік айту, ежелгі билерді ерекше құрметтеу, әділетті әділ соттарын аса қадірлеу сынды тарихи дәстүрлеріне ерекше көңіл бөлді.

Бұл билердің айтарлықтай қазақ тарихында үлгі-өнеге боларлықтай бірлестіруші рөл атқарады. Сонымен қатар, ұрпақтан -ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға халық арасында оларға деген аса құрмет көрсетті. Соттардың әділдігіне деген сый-сыяпат ықыласпен беріліп отырған мұның бәрі-қазақ халқы менталитетінің ерекшелігін көрсететін белгілер. Салық Зиманұлы көптеген қос азаматтық концепциясының түрлі нұсқаларына, жергілікті, тарихына және ұлттық тұрмыс жағдайларын шешу мәселесінде жерді жекеменшіктеу құқығына қарсы тұрды.

Салық Зиманұлы демократиялық мемлекеттік маңызды приоритет болып табылатын адам бостандығын шынайы құқық ретінде жасау және оған кепілдеме беру қажеттігі туралы жазды. Сол уақытта, экономикалық дағдарыс жағдайында ол ТМД елдерінің көпшілігімен салыстыра отыра, Қазақ жергілікті халқының оның ішінде зейнеткерлердің апаттық жағдайда кедекленуіне санмен мысал келтірді. Құқықтық саясаттың басшысы ретінде Қазақстандағы шынайы саяси құқықтық жағдайдың ерекшелігі мен тарихи тәжіриесімен таныса отыра, Салық Зиманұлы 1993 жылғы Конституция конституциялық өзгерістің бұл тек басы екендігін өте жақсы түсінді.

Оның көптеген проблемаларды түсінуде сол кездегі Қазақстан Республикасының заң министрі Н.А. Шайкеновтың ойымен тұспа тұс сәйкес келетін болған. Қазақстан Республикасының Конституциясының жаңа нұсқасын ұсынуда да ауызбіршілігі бір болды. С.Зимановтың – ұлттық мемлекеттің заңды әрі қажетті құрылыс екендігін нық сенімді саясаткер «Ұлттық мемлекеттілік,- деп жазды ол – табиғи кезең, өздерінің қайта өрлеу мен нығаю дәуірінде көптеген халықтар бастан кешіретін кезең.

Бұл міндеттер, егер мемлекеттің ұлттар формалары өзін-өзі анықтау деген -бұл халықтың бостандығы мен өзін тану құқығын жүзеге асыру»

Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі, С.З. Зиманұлы 20 ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан заң ғылымындағы ірі тұлға болып саналады.

Көптеген заңгерлермен қатар, ол алғашқы Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттік негізін салуға белсене қатысушы С.З.Зимановтың еңбектері, белгі ғалымның тек ғылыми жұмыстары ғана емес, сонымен қатар, қазіргі заманның саяси және құқықтық ойларының маңызды қайнар көздері болып табылады.

С.З.Зимановтың еңбектерін бүгінгі жасөскелең ұрпақтың бүгінгі мен келешігіне жетерліктей оқып білім жинақтауға білім мұрасы қалдырылды деп сенімді айта аламыз.

Бұл Мақалада ғалым ұстаз және мемлекет қайраткері Салық Зиманұлы Зимановтың жемісті ғылым қызметі мен шығармашылық келбетінің бар болғаны бірнеше ерекшеліктері ғана дегім келеді.

Мақаланы қорытындылай келе, Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!

#### Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. inform.kz // [https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev\\_a3737118](https://www.inform.kz/kz/tauelsizdik-barinen-kymbat-kasym-zhomart-tokaev_a3737118)
2. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені - 2011 жыл. Екі томдық анықтамалық. Алматы, 2011
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
4. Зиманов Салық Зиманұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст. Ш.Е.Құнанбаев, О.П.Бравач. Ред. алқасы: С.Ф.Ударцев. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. - 268 б.

## САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВ - ҒҰЛАМА ЗАҢҒЕР, ҰСТАЗ, ҚАЙРАТКЕР

### САЛАУАТОВ М.С.

*жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі,  
Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе қ-сы*

### МАХАНОВА А.С.

*жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция майоры,  
Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе қ-сы*

**Андатпа.** Мақалада кеңестік және қазақ ғалым-заңгері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Зиманов Салық Зиманұлының өмірбаяндық кезеңдері баяндалады.

**Аннотация.** В статье раскрываются биографические вехи советского и казахского ученого-юриста, заслуженного деятеля науки Республики Казахстан, доктора юридических наук, профессора, академика Зиманова Салыка Зимановича.

Профессор, академик Салық Зиманов қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы. Өнегелі өмірінде академик 200-ге жуық, ғылыми еңбек жазып, заң ғылымдарының өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

Осы күндері республиканың ғылыми қоғамдастығы ұлттық ғылымның көрнекті қайраткерлерінің бірі, халқымыздың парасатты ұлы ұлтын, халқын жанындай сүйе білудің ең жарқын символына айнала білген академик Салық Зиманұлы Зимановтың 100 жылдығы мемлекетіміздің түпкір-түпкірінде атап өтілуде. Дөңгелек үстел отырыстары өткізіліп, университеттердегі арнайы аудиторияларға ғалымның аты беріледі, «Зиман оқулары» ұйымдастырылады. Ақындар оған өлең арнап, сүйіспеншілігі мен құрметін поэзия тілдерімен білдіреді. Мұның бәрі академиктің ұзақ мерзімді ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметін мойындау болып табылады. Оның мерейтойы ғылыми әлемдегі айтулы оқиға екені сөзсіз.

Салық Зиманов - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі. Салық Зиманұлы 90 жыл өмір сүрді. Бұл қазақ даласының ашаршылығы, Кеңес өкіметінің қалыптасуы, ауыр соғыс, күйреген шаруашылықты қалпына келтіру, социалистік мемлекет құру және оның күйреуі, егемен Қазақстанның жандануы сынды ұзақ та қызықты өмір болды. Ол көптеген ғылыми жұмыстар мен монографиялардың авторы. Мемлекет тарихы және Қазақ құқығы туралы кітап шығарған алғашқы ғалымдардың бірі. Академик Зиманов парламентаризм мәселелеріне және заңнаманы дамытуға ерекше назар аударды [1].

Академик С. Зимановтың тағдыры соғыс кезінде жастық шағы құлаған мыңдаған құрдастарының тағдырына ұқсас. Дәл осы жағдай, көпшіліктің пікірінше, Салық Зиманұлының табанды және мақсатты мінезін, асыл жаны мен жанашыр жүрегін қалыптасуына үлкен рөл атқарды.

Соғыстан кейінгі жылдары С.Зиманов Гурьев облыстық прокуратурасының тергеушісі, Қазақ КСР прокуратурасының маңызды істері жөніндегі тергеушісі болып жұмыс істеді. Оның ғылыми өмірбаянының басталуы соғыстан кейінгі дәуір зиялыларының уақытына сәйкес қалыптасты. 1948 жылы Бүкілодақтық сырттай оқу институтының Алматы филиалын, 1950 жылы КСРО ҒА Мемлекет және құқық Институтының аспирантурасын бітіріп, «Бөкей Ордасының қоғамдық және саяси жүйесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1952 жылы Алма-Ата заң институтының директоры болды, 1955 жылы институттың С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті болып қайта құрылуына байланысты заң факультетінің бірінші деканы болып тағайындалды.

Салық Зиманұлының есімімен Қазақстанда жоғары заң білімінің дамуындағы жаңа, шынайы шығармашылық кезең және ғылыми-зерттеу жұмысының өрлеуі байланысты. Оның бастамасымен 1952 жылы Алматы мемлекеттік заң институтының 15 жас дарынды түлектері аспирантураға түсу үшін Мәскеуге жіберілді. Бұл ретте, замандастары Зимановтың атқарған қызметі туралы еске алады, ол Мәскеудегі аспиранттардың күнделікті өмірін жеке өзі басқарды. Нәтижесінде, республикада жоғары білім және академиялық заң ғылымдары жүйесінде жұмыс істеу үшін жас заңгер ғалымдар саны айтарлықтай толықтырылды.

С.Зиманов Қазақстандағы заң ғылымдарының бірінші докторы, профессор және республика Ғылым Академиясының заң мамандығы бойынша алғашқы академигі болды. Ол еліміздің құқықтық ғылымы мен заң білімінің қалыптасуы мен дамуына елеулі және баға жетпес үлес қосты [2].

Салық Зиманұлы өзінің ғылыми еңбектерінің, егемен Қазақстанның құқықтық реформасын жүргізуге қосқан зор үлесінің, кәсіби заң корпусының қалыптасуының арқасында және басқа да көптеген істерінің арқасында тек елімізде ғана емес, шетелде де танымал болған адамдар тобына жатады. Профессор С.Зимановтың ғылыми-теориялық идеялары мен тұжырымдамалары лайықты бағасын алып, ғылыми қоғамдастық пен құқық практиктерінің қолдауына ие болды.

С.Зиманов таңғажайып дикциясы бар тамаша дәріскер болды, көрермендердің назарын негізгі мәселеге аударып, күрделі материалды қол жетімді етіп түсіндіре білді. Ол студенттер мен аспиранттар арасында үлкен құрмет пен сүйіспеншілікке ие болды, әріптестер үшін беделді болды.

Оның өмірі - сирек кездесетін, әсіресе біздің уақытымызда, нағыз ғалым және мемлекет қайраткері ұстанымдарының үйлесімі. Салық Зиманұлы өзінің өмірінің көп жылын асыл миссияға - заңгер ғалымдардың және тәжірибелік заңгерлердің жоғары білікті кадрларын даярлауға арнады. Ол үлкен ғылыми мектеп құрды, оның шәкірттері біздің мемлекетіміздің және ТМД елдерінің құқық қорғау жүйесінің әр саласында және барлық деңгейлерінде жемісті қызмет атқарады. Олардың көпшілігі ұстазының батасымен өздерін ғылыми, оқу-әдістемелік және қоғамдық-саяси жұмыстарға арнады [3].

Салық Зиманұлы жұмыс істеген барлық салаларда ең керемет биік шыңдарға жетті. Көрнекті құқықтанушы және жауапты лауазымдарды атқара отырып, ол Қазақстанның

егемен мемлекет ретінде қалыптасуына да көп күш жігерін жұмсады. 1990 жылғы 25 қазандағы «Егемендігі туралы» Қазақ КСР декларациясын, 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Мемлекеттік Тәуелсіздік туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңын, «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, 1993 жылғы Конституцияның жобасын және басқа да негізгі заң жобаларын әзірлеуге белсенді қатысқан.

С.Зиманов ел болашағына алаңдап, күтілетін нәтижелерді болжауға бейім болды, сондықтан оның ойлары мен идеялары әрқашан ауқымды және өзекті болды. Көптеген жылдар бойы ол қатарда қалып қоймай, майдан шебіндегі позицияларды сенімді иеленді.

Жоғары эрудициялы адам, құзыретті, принципіалды, адал, әдепті, өзіне және айналасындағыларға талапшыл, қарамағындағы адамдармен оңай қарым-қатынасқа түсетін және қайырымды адам болған - бұл оның мінез ерекшеліктерінің толық тізімі емес. Бірақ оның мінезінің басты ерекшелігі, қарапайымдылық болды. Ол жариялылықты ұнатпады және өзі туралы сұхбат беруден тартынды.

Оның жемісті ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі - Қазақстан халқына қызмет етудің жарқын мысалы. Салық Зиманұлы Қазақ Ұлттық Университетінің әйгілі ғалымдары туралы «Өнегелі өмір» сериясындағы кітаптың алғашқы шығарылымының кейіпкері болды.

Ғылым саласындағы көрнекті жетістіктері үшін ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (1967), Бейбітшілік және рухани келісім жөніндегі Президент сыйлығының (1993), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (2002) лауреаты болып сайланды. . 2 дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, Қызыл Жұлдыз, «Парасат» (2002) орденімен марапатталды [4].

Салық Зиманұлы Зимановтың жарқын бейнесі - өз елінің нағыз патриоты және қазақ халқының лайықты перзенті ретінде біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдірайым Б.Ж. Зиманов Салық Зиманұлы - отандық заң ғылымдарының атасы // Вестник Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумилева. 2011 №1(7) С.14
2. Вызываю огонь на себя! Интервью с С. Зимановым // Казахстанская правда. 20.04.2005. <http://www.kazpravda.kz/>
3. К.Сағадиев: Салық Зиманов - қазақ тарихын да терең зерттеген заңгер. // inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз [https://www.inform.kz/kz/k-sagadiev-salyk-zimanov-kazak-tarihyn-da-teren-zerttegen-zanger\\_a2872697//](https://www.inform.kz/kz/k-sagadiev-salyk-zimanov-kazak-tarihyn-da-teren-zerttegen-zanger_a2872697//)
4. Салық Зиманов елдегі саясаттың қалыптасуына елеулі үлес қосқан қайраткер // <https://baq.kz/news/othernews/salyk-zimanov-eldegi-sayasattyn-kalyptasuyna-eleuli-ules-koskan-kayratker-igor-rogov/>

## ХАЛҚЫНЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ

### ТОҚАБАЕВА Бейбитгул Маметказықызы

*баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Аңдатпа.** Мақалада ҚР ҰҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.З.Зимановтың өмірі мен қызметінде көпшілік байқай бермеген қырлары талданып, бағаланады. Оның қарапайым азаматтық бет-бейнесі, туған отанына деген сүйіспеншілігі еліміздің мемлекет ретіндегі орнығуына қосқан үлесі баяндалады.

**Тірек сөздер:** С.Зиманов, заңгер, ғалым, абыз, академик, жауынгер, ерлік, Ұлы жеңіс,ғұлама, заң саласы, депутат, шәкірт, ұстаз.

Қазіргі кезде өздерін дана санайтындар да, оларды дәріптейтіндер де тіпті ұлы деп ұлардай шулап жататындар да көп. Бірақ солардың ешбіріне де қосылмайтын шоқтығы биік, айналасына Темірқазықтай жарқырап нұрын шашатын, өзі түгіл атынан-ақ жалғанның тазалығы қанының тектілігі сезілетін бірән-саран ерекше хәм гауһар тұлғалар болады. Қазақ

заң саласының абыз ақсақалы жайлы бұдан он шақты жыл бұрын танысқанмыз, қолыма қалам алдыртқан сол бір қуанышты кездесудегі әсерлі әңгіме ойға оралды. Менің көз алдымда ғұлама ұстаз ұлтын сүйген асыл жүрегінің лүпілін ақ қағазға түсіріп-қаттап, тоқсанға қарай аяндап, елінің болашағына деген алаң көңілмен, «жазсам үлгерсем, айтсам» деген абызға тән даналығымен, кешегі Әуезов, Сәтбаевтар бастаған алыптар қатарына қосылып бара жатқан таудай асқар тұлғасымен есте қалды. Біздің кездесуіміз жеңістің 65 жылдығы қарсаңында болған еді. Мен сол кезде Салық Зиманұлы соғыстың алғашқы күнінен бастап, Ұлы жеңіске дейінгі қан майданға бастан-аяқ қатысқанын және елге тек 1946 жылы ғана оралғанын білмеген едім. Әскери бас командование бір кездері Сәкен жайында мынадай мінездеме жазыпты: «Жастығына қарамай ерекше батыл, ұстамды, кескілескен шайқас үстінде міндетті өзіне артып, шұғыл шешім қабылдап, қауіпке төтеп береді». Батырлық деген осы емес пе?...

### Жалынды жауынгер

Жайшылықта өзі туралы мақтанып не масаттанып әңгімелей бермейтін жауынгер ақсақалдың ара-тұра шерткен сырларынан жазылған мына жағдай, оның қайтпас қайсар ерлігінің, азаматтық өрлігінің бір куәсіндей. 1943 жылы Кавказдағы 3 мың метрлік Аджимушқай асуында тау атқыштары дивизиясы жау қоршауында қалыпты. Маңызды тау шатқалын жауға бермеу үшін біздің жауынгерлер барынша қарсыласқан. Көмекке әскер келгенше әбден әлсіреген олар аштықтан адам етін жеуге дейін барады. Әлсіздіктен қозғалуға да шама келмей жатқанда Сәкен жанындағы жолдастарының бірі: «Мына түріңізбен өліп кетесіз. Басқалар да жеп жатыр ғой, былай шығып ауқаттанып келіңіз, мен де сөйттім» деп кеңес береді. Сонда Салық ағамыз оған «Өлсем, адам болып өлейін» деп жауап қайтарып, жау мен жағадан алған аштыққа да төтеп беріп, шыдамдылық танытады.

Тұла бойын кернеген қайсар рухтың арқасында талай жаудың бетін қайтарып, кең байтақ даласын жоңғар мен қалмақтан аман сақтап қалған ата-баба ерлігін жалғастырушы Салық Зиманов үшін Отан алдындағы борышты адал өтеу – ең басты мақсат болғаны анықты. Оны 1 дивизионның 615 – миномет полкына командир етіп тағайындаған уақытта 23-ке де толмаған жас еді. «Полктың жауынгерлік жорықтары» атты журналда әскери командирлері (отставкадағы полковник И.А. Котельников) жазып, жарыққа шығарған оның мына бір ерлігі еріксіз бас шайқатады:

«Бірде жау әскерлерінен Польша жеріндегі бір биік төбені азат ету керек болады. Төбені жаулап алған немістерді қалай да қуып шығу керек. Төбеден төмен төніп тұрған жау пулеметтері мен миномет-зеңбіректері аузынан зәр оғын шашып, шапшып тұр. Беттетер емес. Сол кезде полк командирінің орынбасары майор Зиманов келеді де, жағдаймен жедел танысып, шұғыл іске кіріседі. Бала күнінен есепке жүйрік Салық бораған оқтың арасындағы ырғақты, үзіліс шамасын есептеп, бір топ жауынгерді соңына ертіп, төбеге қарай беттейді. Отан үшін отқа түскен жауынгерлер оқ атылса болды, ой-шұңқырға бастарын тығып жата кетіп, толастаған сәтте алға жылжи түсіп, бекініс іргесіне жетіп, жауға қарсы шабуылға шығады. Мұндай күтпеген әрекетке тосылып қалған жаудың әскерлері жан-жаққа қаша жөнеледі. Бірақ төбеден төніп тұрған немістер бұлардың саны аз екенін байқап, қайта лап қояды. Кейінде қалған біздің әскерлер көмекке келейін десе, алдыларында жатқан Зиманов бастаған аз қолды қырып аламыз ба деп қорқады. Мұны түсінген Салық жанындағыларға:

- Тірі қалудың қамын жасау керек, барынша бекініске тығылыңдар! – деп бұйрық береді де, арттағыларға:

- Бізге қарай оқ жаудырыңдар! – деп бұйрық береді.

Бұл әрине, бар айла-амал таусылғанда ғана баратын шара еді. Сөйтіп, өз әскерлерінің үстінен жауға қарай оқ боратып, немістерді баудай түсіреді. Төбе-бекіністі азат еткен әскерлер бұзылған бекініс ішін аралап жүріп, бірнеше ғана шығынмен тірі қалған Зимановтар тобын тауып алады.

Міне, осындай ілуде бір кездесетін ұрыс тактикалары арқылы, жансебіл ерлік көрсетіп, тығырықтан шығудың шебері атанады. Сол ерліктерінің куәсіндей жиырмадан енді

ғана асқан жас жігітке 1-дәрежелі Отан соғысы ордені кеудесіне тағылады. Осы жасында майор, артиллерия полкінің командиріне дейін көтеріледі. Төрт рет жараланып, сонда да қайтпай, емделіп, майдан шебіне қайта түседі. Солтүстік Кавказды қорғаған, одан Кубаньға, кейін Новосібір мен Краснодарда соғысқан, Воронеж бен Харьковты, Кировоград пен Кременчугті жаудан азат етуге бел шеше кіріскен, ақыр аяғында Германия жерінде жаумен алысып, Берлинге де жеткен. Соғысты 24 жасында генералдық шенділер отыратын орын – полк командирінің орынбасары қызметімен аяқтаған қайсар қазақ жігітін подполковник шеніне ұсынып, Фрунзе атындағы әскери академияға жолдама бергенде, өзінің орынбасарын жіберіп, елге қайтады. Кейін сол азамат Прибалтика әскери бас қолбасшысы дәрежесіне дейін көтеріліп, Салық ағамызды талай қонаққа шақырыпты. Әр сағаты, әр минуты қызу еңбекке арналған жанның арнайы қонақ болуға да қолы тимеген екен. Міне, біздің заң ғылымының абызы саналатын ардақты көшбасшысы күллі ұрпақ бас иіп, қарыздар санайтын Ұлы азат күнге жетуге осылайша өз үлесін қосқан осындай азаматтық ерен ерлігі бар екенін бүгінгі заңгерлер біле ме, білмей ме?

### **Заңғар заңгер**

Алапат соғыстан аман оралған Сәкең елге келгеннен кейін «Майданда болдым, мен соғыстым, болдым, біттім» демеді, тіпті көптің бірі болып қалмай, оқып-білім алуды мақсат етті. Сол ойымен заң институтына сырттай оқуға түсті. Қорғаушысы, қолдаушысы жоқ, қаржыдан жұрдай адамның екі жылда институтты үздік бітіруі, Мәскеудің аспирантурасын тәмамдап, кандидат атағын алуы, қазақ топырағындағы заң саласының тұңғыш ғылым докторы, тұңғыш академигі болуы қаншама қажырлы еңбек пен тиянақты білімнің жетістігі екені даусыз. Бірнеше ондаған кітап шығарып, жүздеген еңбек жазды, Алматы заң институтының тұңғыш ректоры, Қазақ университетінің заң факультетінің тұңғыш деканы, Қазақстан Ғылым академиясы Философия және құқық институтының тұңғыш директоры – мұндай тұңғыштардың қатарын тағы біраз тізбектей беруге де болады.

Шын мәнінде С. Зиманов қазақ заң саласының негізін қалаушылардың бірегейі ғана болып қоймай, еліміз егемендік алған тұста Тәуелсіздік декларациясының жобасын жасап, оны қабылдауда айрықша еңбек сіңіргенін көзі қарақты көнекөздеріміз және оның шәкірттері жақсы біледі. Сәкең тек қана заң саласына емес, оған егіз тарих, қоғамтану салаларын да зерттеп, зерделеп, ұрпаққа азық талай еңбек жазды. Заңгердің еліміздің аяқтан тұру жылдары депутат ретінде сан рет көтерген мәселелері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Оның көрегендігі таңқалдыратыны сонша, кейде осы әңгіменің бәрін оның 20-25 жыл бұрын айтқанына да сенгің келмейді. Қазіргі қоғамдық дамуда мемлекетшілдік идеясы жиі-жиі еске түседі. Зимановтың сонау 90 жылдарда жазған әрбір еңбегі, мақалалары осы идеяны ұлықтап, оның маңызына сол кезден-ақ мән беруді сұраған екен. Өкініштісі, ғұлама ғалым айтып, жазып қойған осынау дүниелерге мемлекеттік деңгейде әлі де жете көңіл бөлініп, жете қабылданып жатқан жоқ. Ол заң саласына, билікке, оның дамуы мен келешегіне қатысты тың ойларын депутат кезінде де былайғы уақытта да Елбасына, Үкіметке сан мәрте жазып та, айтып та берді.

### **Ұстаздық ұлағаттың таусылмас нәрі**

Салық Зимановтың ұстаздығы туралы сөз еткенде оның шәкірттерінің мына сияқты лебіздері ойға оралады:

«Ұлттың аппақ ары,  
Халықтық рухтың – салтанатты сәні.  
Заң ғылымы мен білімінің символы  
Ұстаздық ұлағаттылықтың таусылмас нәрі».

Ұстаз деген ұлы сөздің мағынасын терең түсінетін қазақ үшін Салық Зиманов жайлы сөз еткенде оның қарапайым ұлдың ғана емес, ұлттың ұстазы бола білетін ұстаздық тұлғасын бөле-жара әңгіме еткіміз келеді.

Академик Манаш Қозыбаев Сәкең жайлы «Осы жұрт Зимановты біле ме екен?» деген очеркінде оның ұстаздығына арнайы тоқтала келіп: «Ұстаз – әке мен анадай қолыңнан ұстап, талабыңды көріп, жақсылыққа теліп, әу баста шалағайлығыңа көніп, өміріңе жол ашатын жан; Ұстаз шебер ұстадай ақ алмастай шыңдау үшін 99 рет отқа салып, 99 рет суға малып, мың сан сыннан өткізіп барып, шикіні пісіруге, шаланы жетілдіруге шыдамы жететін жан» деп әуелі «ұстаз» деген ұғымға өзінің анықтамасын береді де, осы анықтамаға Салық Зимановты сыйдыра отырып, суреттейді.

Сәкеңнің ұстаздығы әкім мен бағынышты адамның ара-қатынасындай емес, ол кісі өз шәкірттеріне әкесіндей қамқор, жанашыр бола білетін жан екенін әріптестері де, одан тәлім-тәрбие алған шәкірттері де бүгінде жырдай етіп айтып та, жазып та жатыр.

Бір күні ұстаз Салық Зиманов жеті жасты пойызға мінгізіп, Мәскеуге жіберіпті де, өзі олардан бұрын ұшақпен Мәскеуге жетіп алып, олар келгенше аспирантурадан орын алып, ғылыми жетекші тауып, жатақханадан бөлме дайындап қойыпты. Бүгінде сол жеті баланың барлығы да Қазақстанның көрнекті ғалымдары сапында.

Ұстаз жолын ұстанған оның артынан ерген шәкірттері де талай тайталас пен тағдырдың сан тараулы жолында бірінші боп топ жарып жүр. Тіпті Салық ағаның алдынан тікелей дәріс алмаған кұқық мамандары да ол кісіні ұстаз санайды. Өйткені олар Қазақстанда қалыптасқан Зиманов мектебінен өткендер, оларды Зимановтың өзі оқытып, тәрбиелемесе де, оның шәкірттері оқытқан, жол көрсеткен. Суреттеп айтқанда, Салық Зиманов теңізге шыққан кемелердің бағыт-бағдарын анықтап, көрсетіп тұратын жағадағы маяк тәрізді.

Кезінде Салық Зимановқа еліктеп, ол жүрген жолмен жүруді армандаған, оның сарқытын ішіп, жүрген жолына аунап, пір тұтып жататын шәкірттерінің өзі бүгінде ғылымның белді тұтқасын ұстағандар, бірі академик, бірі профессор, тағысын тағылар.

Академик К. Сағадиев «Бұл алпысыншы жылдырдың басы болатын. Менің Мәскеудегі Г.Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасында оқып жүрген кезім. Ғылым, білім қуып, күндіз-түні шықпайтын жеріміз – В. И. Ленин атындағы орталық кітапхана. Оған адам көп барады, сондықтан ерте оянып, кітапхана ашылмастан бұрын оған кіру үшін кезекке тұратынбыз.

Сол күндердің бірінде кітапхана асханасында академик Зимановты көрдім. Салық Зиманұлы қолында тамақ салған подносын ұстап, тамақ ішетін орынның босағанын күтіп тұр екен. Маған, сол кездегі жас аспирантқа: «апыр-ай, академиктер де кітапханаға келеді екен ғой, олардың да білмейтіндері, іздегендері болады екен ғой», – деген ой келді. Артынан: «мына кісі (мен ол кезде Сәкеңмен жүздеспеген едім) еліміздің даңқты, әйгілі ғалымдарының бірі, кезегін күтіп, ол кісіден босаған орынға тамақ ішуге мен отырайын, ғылыми ізденісті енді ғана бастап жүрмін, мүмкін жолын берер» деген үміт ұшқыны жылт-жылт етті» деп, оның «сарқытын» ішуді өзіне мәртебе көргенін еске алады.

### **Мінезі, адамгершілік қасиеттері туралы**

Бір кездері Нури Муфтақ Салық Зиманұлынан «Адам бойындағы қандай қасиетті қадірлейсіз?» деп сұрапты. Сонда Сәкең аз-мұз ойланып: «Американың атақты президенті Джефферсоннан «басқару өнері дегенді қалай түсінесіз?» деп сұрағанда, ол «басшының тазалығы» деген екен. Тазалық басшыға да, қосшыға да да тән қасиет болу керек» деп жауап беріпті. Былай қарағанда қарапайым сұраққа терең мағыналы жауап қайтару үшін де, оның өзі ойшыл, арғы-бергі тарихтан хабары бар, парасатты әрі өзі айтқандай таза болуы керек емес пе? Ендеше осы қасиеттердің барлығын біз Салық Зимановтың бойынан көре аламыз.

Бар-жоғы 20 жасында қан майданда шыңдалып, Отан қорғаудың қаншалықты зор жауапкершілік екенін сезінген Сәкең былайғы өмірде де батырлығынан, батылдығынан айнымаған. Қаншама қыршын жаспен бірге өзі қорғауға үлес қосқан Отанын қиын-қыстау кезеңдерде тоғышарлардың, жағымпаздар мен шовинистердің, теріс пиғылды саясаткерлердің солақай іс-әрекеттерінен қақпақылдап қорғай білді. Желтоқсан оқиғасы кезінде империяның жауыздық саясатына баға беруде, қазақ тілінің мәртебесін қолдауда еліміздің қаншама қайраткерсымақтары үрейден бастарын ала қашып, інге тығылған

түлкідей қылық танытқанда Салық Зиманов ұлт мүддесіне, көзқарасына сай келетін батыл пікірлер айтып, қазақ халқының еңсесін көтеріп, салын суға жібермей отырды. Бүгінгі зиялы жас Желтоқсан оқиғасы жайлы төгілдіріп әңгіме айтатын талай «қайраткердің» өтірік әңгімесін естісе де, Жұбан Молдағалиев пен Салық Зиманов қана ақты ақ, қараны қара деп жастар жағына шығып, бюрода билікті сынағанын біле бермейді. Мінездің асылдығы да сол, Сәкеңнің өзі де ол жайында «мен бүйттім» деп аузына алмайды. Қашанғы пенделік қарапайымдылығы оны өзгелерден оқ бойы осылайша биіктетіп келеді. Кейінірек тәуелсіздікке жету жолында тіл, дін, діл үшін шовинизм, империялық саясаттың желігі, рухы әлі басылмаған депутаттардың аузына құм құйып, тәуелсіздік туын төмен түсірмей сақтап қалушылардың бірі деп Зимановты айтсақ қателеспейміз. Бір қазақ тілінің мәселесі бойынша сол кездегі Үкімет басшыларына, Елбасына тікелей хат жазып, «Караван» газетімен ұлт мүддесі үшін айтысқан мақалалары да жарық көрді.

Басқаның бәрін былай қойғанда, тек қана осы ұлттың тілі үшін жасаған қадамын алсақ. Бүгінгі күні заң саласына, еліміздің билігіне қолы жеткен сан мықтылардың көпшілігі Зиманов шәкіртімін деп мақтанады. Басқаны қойып, тілге көңіл бөлуге, сол үшін шайқасуға даяр екенін білдірген Зимановтың қадамы артынан ерген талай жасқа ой салары сөзсіз. Орыстың ықпалына кеткен талай оқымыстыны ойға қалдырып, туған тіл мәселесі жайлы ойландыратыны анық. Кейінгі жылдары оның қаламынан «Қазақтың ата заңдары» атты он томдық шығармалар жинағы шықты. Ұлтты дәріптеудің үлгісі ғана емес, бұл қазақтың ұлы билеушілерінің ұлағатын ұғындырар жазылмаған дала заңдылықтарының жүйелі жинағы ұрпаққа қалар таудай мұра болмақ.

### **Қос академик шыққан отбасы**

Салық Зиманов туралы сөз қозғағанда оның жұбайы – қазақ халқының аяулы қыздарының бірі, Республиканың Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Шәрбану Батталқызы Батталова жайлы да айтпай кету мүмкін емес. Өте мейірімді, әділ, аса бір салауатты, өз ойын бүкпестен ашық айтатын, әрі турашыл жанның қазақ халқының ардақты азаматына жар болуының өзі заңдылық еді.

Бірде Шәрбану ападан оның шәкірттерінің бірі: «Шәрбану Батталқызы! Салық ағамыздың елге танымал ғалым болуына, халыққа белгілі қайраткер дәрежесіне көтерілуіне сіздің еңбегіңіз зор деп ойлаймын. Өйткені, сіз ол кісінің қас-қабағына қарап, ыстық-суығына күйіп, шығармашылық бабынан таймауына жағдай жасадыңыз», дейді. Сонда парасат биігінен қарай білетін ардақты жар ретінде Шәрбану апай былай деп жауап беріпті: «Айтқаның дұрыс қой! Бірақ ағаларыңның ғылымдағы, ресми қызметтегі жетістіктері – оның өз еңбегі. Осыны ұмытпаңдар!»

Иә, қос академик шыққан отбасынан бүгінде 1 ұл, 2 қыз өсіп, одан өнген немерелер шуағына аталарын шомылдырып отырған құтты шаңыраққа айналған.

### **Үйде де түзде де тәртіпті**

Күнде ертемен ерте тұрып, таза ауада серуендеуді, жүгіруді әдетке айналдырған Сәкең, сонау жылдары аңға шығып, табиғаттың тылсым сырларын ұғынуға, туған жердің әрбір тал шөбімен сырласуға да құштар болыпты. Сәкеңнің аңшылығы туралы шәкірттерінің бірі академик К. Сағадиев былай деп сыр шертеді: «Сәкеңмен жиырма жылға жуық бірге саятшылық «аңшылық» аңшылық жасадық. Табиғатты керемет жақсы көреді, жаяу жүріске алдына жан салмайды. Кей кезде «ұшатын қаздың алдын күтіп отырыңыз» деп тастап кеткен жерімізден ол кісіні таба алмай, одан 5-6 шақырым алыс жерден кездестіретінбіз. Сәкең – жойқын күштің иесі. Бірде Наурызым қорығында құс аттық. Ит мұрыны кірмейтін нар қамыстың ортасындамыз. Атқан құсымыз қамыстың ішіне құлайды. Нар қамысты қақ жарып, бір-екі қазды аламыз, қалғанын іздеуге күш, дәрмен жоқ. Жалғыз Сәкең сол жердегі дәрменсіз 4-5 аңшының түсірген құсын бір өзі жинаушы еді» деп қарапайым өмірдегі Салық Зимановтың ерекше қасиеттерін суреттей келе «Сәкеңнің кеңсе мен үйде ғана емес, түзде де өзін өте тәртіпті ұстайтынын, өзінің серіктеріне барынша жайдары, жайлы екенін айтпай кетуге болмайды» деп түйіндейді академиктің академик шәкірті.



### **Қаламыңыз талмасын!**

«Қарттық жаспен өлшенбейді». Бәз біреулер 30-ында 90-дағы шалдай жүреді, Ал – Сәкеңдер!!! Сөз арасында одан таусылмайтын күш қуатты қайдан алатынын сұраған болатынмын. Сонда ғұлама аға «Сендер, күн санайсыңдар, ай санайсыңдар, жыл санайсыңдар. Қаншаға келгендеріңді санап, қартайғандарыңды да той етесіңдер. Менің осының бәріне де титтей уақытым жоқ. Жазудан қолым тимейді, әлі істелмеген жұмыстарым қаншама» деп жауап берді. Иә, сана-сезімі жалындаған жігіттердей жарқын ойға толы адам қалай қартайсын! Оның таңғы сағат 4.00-ден басталатын жұмыс кестесі кешке дейін ұлты үшін, оның болашағы үшін ерінбей еңбек етеді. Кейде қазақта зиялы қауым бар ма осы деген сөзді де естіп жататынбыз. Бірақ, сөздің қадірі кеткен тұста, алтын басының қадырын аяққа таптатпай қаламын алып, ақырын ғана жазуын жазып жүрген ардақты ағаның қарапайым тірлігі сол кезде мені өзіне соншама тәнті етті. Жүректі тебірентті, үнсіз егілтті. Бір қызығы, қаһарман аға осы мақаланы сол кезде жариялауымызға да жазуымызға да үзілді-кесілді қарсы болды. Зимановтай зиялы тұлғаларды таныған осындай сәтте «Қазақта ұл туар ма, сіздей тағы» деп тамсана әрі таңдана қарап қош айтысқан кезді мәңгі есте сақтап қалдым.

20 жасынан бастап 90 жасқа дейінгі өмір жолына саралап, халқымыздың қаһарман ұлына өз дәрежесінде атақ берілуі де тиіс-ау деген ой келеді. Ұлылардың да ұлылығы да сонда шығар, олар атаққа - құл емес, қайта табандарына таптап, кешегі Бауыржан атамыздай өр кеудесін имей өтеді. Бүгінде Зимановтың да шәкірттері оның еңбегін білетін азаматтар «Халық қаһарманы» атағына лайық екенін дәлелдеп, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында ескерсе екен деген тілегіміз бар.

## **ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ**

### **КЕМЕРБАЙ Рауан Амантайұлы**

*PhD докторы, философия кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

*Аңдатпа. Мақалада белгілі заңгер-ғалым Салық Зимановтың шығармашылығы зерделенеді. Әділдік түсінігі философиямен байланыстыра отырып сипатталады.*

*Аннотация. В статье рассматривается творчество известного юриста и ученого Салыка Зиманова. Описывается понятие справедливости с точки зрения философии.*

Арғы замандарда грек ойшылдарының көтермеген мәселелері жоқ шығар, бәлкім. Дүниенің алғашқы субстанциясын іздеді. Өмірдің мәнін тапқысы келді. Сонымен қоймай, Эллада елінде әділдік орнап, заңның үстемдік еткенін қалады. Дүниені тануға бел байлап, барын салды. Білім, ғылымды игеруге күш салып, өздерінің еңбектерін қалдырды. Оларды әділеттілік туралы ғана емес, әділет сөзінің табиғаты да қызықтырған болатын. Көптеген ғалымдардың ұстанымы бойынша «әділеттілік» мемлекетті құраушы негізгі фактор. Өйткені, өмірде әділдік, тәртіп болмаса, бұл өмірдің құны жоқ. Құн болмаған жерде әдепте, мәдениетте, өркендеуде болмайтындығы анық.

Сол замандардағы алғашқы философ, ойшылдардың көтерген мәселелері бүгінгі күнде де өзекті. Әлі де күн тәртібінен түскені жоқ. Себебі, әділеттілік әр адамға тікелей қатысты, оның көңіл күйін анықтап, тағдырына әсер етеді. Ғылыми, құқықтық, әлеуметтік мәнімен қатар, саяси сипаты да зор. Әділетті қоғам мемлекеттің өсіп-өркендеуіне жол ашып, прогрестің алғы шартына айналады. Көбінесе, әділеттілік – әлеуметтік, демократиялық қозғалыстардың да басты ұранына айналғандығын көріп жүрміз. «Не әділ болса, сол мәңгілік» деп қазыналы қарияларымыз бекер айтпаса керек.

Менің бүгінгі тақырыбым – әділеттілік. Осы ұғым туралы ойымды елімізге белгілі, құқық саласының майталманы, академик – Салық Зимановтың шығармашылығымен байланыстырып жазғым келді. Өйткені заң ғылымы үшін әділеттілік, әділетті қоғам орнату

қаншалықты зор болса, философия ғылымы үшінде сондай маңызды тақырып. Екі ғылым үшінде әділеттілік бірдей категория. Бір – арман!

Зандылық пен әділдік – кез-келген мемлекеттік тірегі болуы тиіс. Егерде осындай құндылықтар сақталмай жатса, ондай мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Халық бұндай мемлекеттен қауіптеніп, басқа елге көшіп кетуі әбден мүмкін. Сондықтан, шешім қабылдайтын мемлекеттік органдардың қоғам алдында жауапкершілігі өте ауыр.

Әділдік – қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас. Ал, өз ара қарым-қатынас әртүрлі болатындығы белгілі. Біреу әділ, шын, тура сөзін айтып жатса, екінші біреулер басқа адамдарды алдап, арбап жатқанын көруге болады. Сондықтан болар, әділдік, шындық, дұрысын айту, тура сөзді жеткізу мәңгілік тақырып. Адам Ата мен Хауа Анамыз жаратылғаннан бастап әділ қоғам құруды аңсап, сол арман бүгінгі күнге де жетті. Ислам дінінде әділдік басты тақырып. Жаратушы әділ болғанды сүйеді дейді. Пайғамбарымызда әділетті мұсылмандарды өте жақсы көрген. О дүниеде әділетті сот болатындығына да кәміл сендіреді. Алла Тағаланың әділдігі турасында Құран Кәрімде 300 астам аят кездесетіндігін молдалар жиі айтады. Сондай аяттың бірінде «Қиямет күнінде әділ болғандарға Алла Тағала нұрдан жасалған таққа отырғызады» деп жазылған екен. Салық Зиманов ағамызда Ислам дінінің қағидаларын, құндылықтарын терең біліп, үнемі Ислам шариғаттарын сұхбаттары мен еңбектерінде келтіріп отырады. 1998 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» атты еңбегінде қазақтың әдет-ғұрып заңдарының жүйесін саралап, бостандық және әділеттілікке негізделген ережелерді талдап көрсетеді.

Бұдан көретіндігіміз, әділдік, шындық идеясы барлық замандарда қоғамдық келісімнің басты ұстанымы. Қоғамды, мемлекетті, отбасын ұстап тұрғанда осы ұғым. Тәртіп, ережені бұлжытпай орындау, сақтауда үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жер астындағы қазба байлықты игеріп, бөлу кезінде әділдік болмаса, халықтың наразылығы туындауы әбден мүмкін. Адамдар арасындағы балансты ұстап тұратын осы – әділдік ұғымы. Билік пен әділдік бірге жүрмесе қоғамдағы толқулар орын алады. Билік осы әділдік шекарасынан шығып кетпеуі өте маңызды.

Әділдік қоғамда қандайда бір міндеттемелерді жүктейді. Бұл қасиетті адамдар өте қатты бағалайды, әрі басқалардан осындай әділдік, шындықты талап етеді.

Әділ, әділет, әділеттілік адамның жоғары адамшылық қасиетінің жиынтығы. Ата бабаларымыз баласына ат бергенде әділ болсын деп «Әділ», «Әділет» деп қоюды дәстүрге айналдырған. Ел тарихында әділдігімен көзге түскен билеріміз өте көп. Қара қалды қақ жарып, әділеттілікті ту еткен билер институты қазақ дүниетанымында кең қанат жайған.

Әділеттілік көбінесе, мемлекеттегі құқықтық нормалардың сақталуынан шығатын категория.

Еліміздің заң шығару ісіне белсене қатысқан, билер институтына қатысты жазған зерттеу еңбектерінің авторы Салық Зиманов ағамыз жөнінде ақпараттық баспасөз хаттарын көзім шалып қалды.

Әділдікті ту етіп, заң үстемдігін орнатуға бар күш-жігерін, ғұмырын арнаған ғалым ағамыздың өмірі барша қазақ халқына үлгі, өнеге. Осындай қажырлы еңбек етіп, артына өшпес ғылыми мұра қалдырған азаматтың жарқын бейнесі ұзақ сақталатындығы анық.

«Салық Зиманов отандық заң ғылымының дамуына, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан зиялы тұлға еді. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, жаны жайсаң, жүрегі кіршіксіз, абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидарын халқымыз әрдайым жүрегінде сақтайды деп сенемін. Оның ғылымдағы мол мұрасы мен ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс» - деген жүрекжарды көңіл айту жеделхатында Елбасы ғалым ағамыздың қасиеттерін атап өтеді.

Қазақстандағы заң ғылымының негізін салушылардың бірі Салық Зимановты бүкіл заң саласындағы қызметкерлер біледі. Ежелгі Рим империясы өзінің үш нәрсесімен әлемді жаулап алғандығы айтылады. Соның бірі «рим құқығы». Яғни, құқық саласында білім алған студент міндетті түрде осы курсты оқитындығы мәлім. Біздің заң саласында білім алып

жатқан студент, жас ғалымдар, жалпы барша зиялы қауым үшін Салық Зимановтың еңбектері таптырмас мұра, тұнып тұрған білім көзі. Әділдік ең жоғарғы эталоны болған Салық Зимановтың ақ арманы, заңның үстемдігі жасай берсін.

«Еліңде кімің бар десе, мен академик Салық Зимановты айтар едім. Бұл пікірді бұл күндері бүкіл зиялы қауым, ғылыми орта және саяси элита бүкпесіз, ашық әрі мақтанш сезіммен жеткізетініне еш шүбәміз жоқ. Ғұлама заңгер-ғалымның мінсіз таза абыройы мен зиялы болмыс-бітіміне, бай мінезіне, мінез дегенде турашылдық пен ақиқатқа ғана жүгіне білетін аузы дуалы шешендігіне, қазыналы ел ағасы атануына тікелей байланысты» дейді Мейрамбек Төлепберген. Ғалым, қайраткер ағамыздың тұлғалық, шығармашылығына қатысты көптеген мақала, пікірлерді замандастары жазған Қазақ ұлттық университеті шығаратын «Өнегелі өмір» атты кітаптан табуға болады. Жастарға осы кітапты оқуға кеңес берем. Сонда Салық Зиманов ағамыздың барлық қырлары мен сырларына қаныға түседі.

Әділеттілік – әлеуметтік философияның негізгі тақырыптардың бірі. Әділетсіздік, алдау, арбау, өтірік, екі жүзділік көрсеңіз сізде де бұлқан-талқан болып, көңіл күйіңіз түсетіндігі белгілі. Содан болар, үнемі әділетті қоғам құруды көздейміз, аңсаймыз. Қандай жағдай болмасын әділдіктің тұғыры биік болуын Алла Тағала нәсіп етсін!

«Кімде кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ» деп Хакім Абай айтқандай әділдікті ту еткен Салық Зиманов ағамыздың өмір жолы барша азаматқа үлгі-өнеге дер едім.

## **ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КОРИФЕЙІНЕ – 100 ЖЫЛ**

### **ОҢЛАНБЕКОВА Ғалия Мұратқызы**

*заң ғылымдарының докторы, Алматы қалалық Бостандық аудандық сотының судьясы, Алматы*

Қазақстанның заң саласындағы тұңғыш академигі Салық Зимановты бүкіл Қазақстан заңгерлерінің атасы әрі патриарх, ұстазы десек артық айтқандық болмас. Қазақстанның заң ғылымын дамыту жолындағы қыруар проблеманы қозғап, оларды жүздеген мақалалар мен кітаптар жазды. Ол 1961 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғап, 1966 жылы академик атанды. Салық Зиманұлы мемлекеттік тіл оның қазақ қоғамындағы маңызы туралы ой-пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдарында 1990 жылдан бастап жариялады. Жариялап қана қоймай, мемлекеттік тілдің Конституцияда алатын орнына дейін белгілеп берген заңгер.

Еліміздің саяси және құқықтық тарихында жарқын із қалдырып, аты аңызға айналған академиктің өмірден өткеніне он жыл болды. Ол өзінің 91 жылдық ғұмырында еліміздің заң білімі мен ғылымының қалыптасып, өркендеуіне баға жетпес үлес қосты. Атап айтсақ, Салық Зиманов қазақстандық парламентаризмінің қалыптасуы мен дамуын анықтаған ҚазССР және ҚР Жоғарғы Кеңесінің XII және XIII шақырылымдарында аса белсенді депутаттар қатарында болып, тәуелсіздігіміздің нығаюына атсалысты. Сонымен қатар, заңгердің Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" тарихи конституциялық заңды, 1993 жылғы Конституцияны әзірлеуде еңбегі орасан болды.

Заң ғылымы корифейінің ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен эволюциясының әдіснамалық, тарихи, саяси-құқықтық аспектілері түсіндірілген мемлекеттік құрылыс мәселелері жөніндегі жұмыстары үлкен ғылыми және саяси маңызға ие. Сол себепті, Салық Зиманұлын ой мен білімді индукциялау мен аударудың ғылыми жазбаша желісінің ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қарым-қатынастың да көрнекті өкілі деуге толық негіз бар. Ой мен идеяларды жеткізуде ауызша сөз ерекше мәнге ие десек, бұл тұрғыда оның шешендік өнерімен ерекшеленетін қазақ билерінің лайықты мұрагері екені талассыз. "Қазақ құқығының ежелгі әлемі" атты іргелі он томдығы, «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» еңбектерінің мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі ролі зор. Зимановтың туа бітті ұстаз, яғни, оқытушы екенін және сөзге шешен болғанын бұл күнде шәкірттері тамсана мойындайды. Ұстаздың дәрістері әрбір тыңдаушыны терең ойға батырып қана қоймай, әр

сөзді терең ұғындырып, интеллектуалды және эмоционалды бірлікте жеткізе білді. Терең білім-білігі мен байсалды келбеті үйлесім тапқан Салық Зиманұлы тартымды лектор ретінде аудиторияны өзіне қарата білді.

Академиктің әр лекцияға айрықша дайындықпен келуі студенттерге деген құрметінің жарқын көрінісі еді. Дәрістерінің мазмұны құқық теориясының негізгі таңдалған мәселелерін шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыру, сондай-ақ, оларды белгілі бір тереңдіктер мен ойлардың тармақталуында нүктелі түрде бақылап, белгілі бір бағыттарда зерттеу арқылы шешуге болатын тәсілдер нұсқаларындағы проблемаларды қоюымен үйлесім тапты.

Зимановтың дәрістері автордың құқық теориясына көзқарасын білдіруімен қатар, теориялық заң ғылымының кейбір бағыттарына, студенттерге ғылыми шығармашылықтың ішкі жағының элементтері ашылған ғылыми зертханасына экскурсияның бір түрі болды. Яғни, жобалар, эскиздер, гипотезалар, тек түпкілікті ғана емес, сонымен бірге кейбір алдын-ала бақылаулар мен рефлексиялар қамтылып отырды.

«Қай салада болсын ғылым дамымай, ешқандай жұмыс алға баспайды, нәтиже болмайды» деген ғалым ғылымға баса мән беріп, жастарды көптеп тартты. Жоғары оқу орындары мен мемлекеттік органдарда лауазымды қызмет етіп, еліміздің заң саласына үлес қосып жүрген заң ғылымдарының докторлары мен кандидаттарының басым көпшілігі Салық Зиманұлының шәкірттері.

Салық Зиманов Ұлы Отан соғысының ардагері, өз елінің патриоты және қазақ халқының көрнекті ұлы. Ол әлеуметтік-саяси дамудың өзекті мәселелері хақындағы батыл пікірлерімен танымал. Ғалымның азаматтық парасат-пайымы, көзқарасының кеңдігі, рухани жомарттығы мен биіктігі әрдайым замандастарының таңданысы мен мақтанышын тудырды.

Салық Зимановтың заң ғылымы мен практикаға қосқан үлесі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Қызыл Жұлдыз», «Отан», «Парасат», «Халықтар достығы» ордендерінің иегері болды. Ол - Бейбітшілік және рухани келісім Президент сыйлығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу ғимаратының сыныптарының біріне ғалымның есімі берілді.

Салық Зиманов сынды тұлғалар - Тәуелсіз Қазақстанның мәңгілік мақтанышы. Академиктің биыл 100 жылдық мерейтойы. Соған орай, ғалымның баға жетпес құнды еңбектері мен өнегеге толы өмір жолын жастарға паш ету баршамызға парыз.

## **ЗАҢҒАР ЗАҢҒЕР САЛЫҚ ЗИМАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **ГУБАЙДУЛЛИН Мурат Габидуллиевич**

*заң ғылымдарының кандидаты, азаматтық құқық пәндер кафедрасы,  
Х.Досмұхамедов атындағы КЕАҚ Атырау университеті, Атырау; Murat\_110572@mail.ru*

**Аңдатпа.** Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Салық Зиманұлы Зиманов ағамыздың - отандық заң ғылымының іргетасын қалаған және Қазақтың елінің өткен тарихы мен оның түп-тамырын зерттеуге арнаған, Дала заңдарының әдет – ғұрыптары негізінде құқықтық модельді ғылыми тұрғыдан қалыптастырып, Қазақстан Республикасының заң ғылымының іргетасын тұрғызды.

**Тірек сөздер:** Қазақтың ескі заңдары, құқықтық институттар, билер соты, қазақ халқының салты мен мәдениеті, қазақтың әдет-ғұрып құқығы, қазақ қоғамы, қазақ халқының заңдары.

Елімізде білім алып, өсіп - өнген қазіргі жас буын заңгерлер үшін Салық Зиманов ағамыз - ғылымның алынбас қамалын алған - ғұлама. Ол білімнің құқық саласын терең игерген, көптеген шәкірт тәрбиелеген - ұстаз, ата-бабаның дәстүрлі дала салтының негізімен қаланған қазақ құқығының іргетасын қалап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде ерен еңбегімен танылған тұлға.

Қазіргі құқық деп аталатын ұғымға сәйкес келетін халқымыздың әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүріне, қоғамдық өмірдегі қатынастарына мағына беріп, даналық пен ғибратқа толы дала қағидаларын қасиетті бабаларымыздан ұрпақтарына ұмытылмас ұлағат ретінде мұра

болып қалған дүниетанымы мен қоғамдық қатынастарын зерделеген академик Салық Зимановтың қазақтың заң ғылымының қалыптасуына, дамуына сіңірген еңбегі зор.

Оның ғылыми ізденістері мен терең мағыналы ой толғанымдары - Қазақ халқының руханиятын жандандыруда, жаңа заман үрдісінен шыға білетін қоғамдық ғылымдар дәрежесін қалыптастыруда, оның ішінде қазақтың заң ғылымын өркендетуде маңызды роль атқаруда. Бұл ретте, қазақ халқының тамыры тым тереңде жатқан ұлттық дәстүрінен туындаған қазақ халқының құқығы зерттелген, қазақтың заң ғылымының іргетасын қалауға ат салысқан, ұлттық болмысымыздың, ұлттық дәстүріміздің қайнар көздерін ашқан, «Ата жолы», «жол-жоба», «үлгілі сөз», «қазақтың билер соты - адамгершілік сот» деп аталатын және т.б. еңбектері заң ғылымы мен рухани дүниетанымымызға ауқымды үлес қосты.

Ғылыми шығармалары мен құқық бағытындағы зерттеулері тағылымдық мәні бар құнды еңбектер. Сондықтан, Салық Зимановтың ғылыми еңбектерін қазақ халқының заң ғылымының қалыптасуы мен өркендеуінің бағыт-бағдарын айқындайтын Темірқазығы болуда деп нық сеніммен айта аламыз.

Академик Салық Зиманұлы ғылым әлемінде - өткен ғасырдың екінші жартысында Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың қолға алуымен іргесі қаланған Қазақстан ғылымының жан-жақты қалыптасу кезеңінде, сондай-ақ, осынау бір қиындыққа толы жылдарда ғылым әлемінде бірегей ғылыми ізденістерімен, терең танымымен танылды.

Оның кіндік қаны тамған жері, атамекені - Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған елді мекені (дәлірек айтсақ – Тайсойған құмының бойы).

Салық Зиманұлы Ұлы Отан соғысына қатысып, 22-23 жасында Кеңес әскерінің артиллерия полкінің командирі шеніне дейін көтерілген. Жоғары оқу орынындағы білімді бүкілодақтық заң институтында алды. Ғылымдағы жолы 50-жылдардың басынан бастау алады. Заң саласына арналған көптеген ғылыми еңбектердің авторы.

Ол Қазақстан мемлекеті Атырау өңірінің құрметті азаматы - еліміздің егемендік жолындағы ғылыми негізін бірегей қалаушысы, заң ғылымының көш бастаушысы бола білді.

Салық Зиманұлы - Отандық заң ғылымының қалыптасуына елеулі үлес қосты және заң саласының тұңғыш ғылым докторы, академигі, қазіргі әл-Фараби атындағы ұлттық университетте заң факультетін ашқан, Ғылым академиясында философия және құқық институтын құрған тұңғыш ғалым.

Сонымен қатар, Салық Зиманұлының халқымыздың тіршілік ету желісінің тарих қойнауларын қопарып, түптің түбінен тапқан ақиқаттары мен ол бойынша қазақ даласының болмысы мен одан құралған дала заңының құрылымы туралы тұжырымдары уақыттың өзі берген анықтамасындай көрінеді. Кеңес Одағы кезіндегі жаппай орыстанып, атеизм идеологиясымен тәрбиеленген кейбір қазақтар тіпті «қазақ тілін білмеймін, орыс тілінде таза сөйлеймін», «балаларды оқуға орыс мектебіне бердім, бәрібір қазақ тілінің болашағы жоқ» дегенді мақтан тұтып сөйлейтін жағдайға жеткен кезде, қазақ халқы үшін «қазақ әдет-ғұрып құқығы», «билер соты», «жөн-жосық», «ата дәстүр», және т.б. осы сияқты мағлұматтар, «қазақтың ежелгі тарихы мен қазақтың құқықтық тарихы» деген сөз тіркестері ескіліктің нышаны немесе сауатсыздық сияқты болып көрінді [1].

Міне, Кеңес Одағы кезінде исі қазақ үшін көмескіленіп бара жатқан кезде қазақ әдет-ғұрып құқығының өткені мен болашағын зерттеуді Академик Салық Зиманұлы батыл түрде қолға алып, оған шәкірттерін де баулыды. Алғашқылардн бірі заңгер Нұралы Өсерұлы академик С.Зиманұлымен бірлесе отырып, Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» жайлы зерттеу жұмысын жүргізді. Кейіннен, Н.С.Ахметова, З.Ж.Кенжалиев, Ш. Андабек, С. Өзбекұлы, Қ. Ыдырысов, Е. Тоғжанов, Е.Б. Абдрасулов, Қ.Әбішев, С.А. Табанов т.б. тұратын зерттеушілер плеядасы жетілді. Құдайға шүкір, қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесі жайлы халықаралық конференциялар өткізіліп, Салық Зиманұлы ағамыздың 10 томдық «Қазақтың Ата Заңдары» жарық көріп, Қазақстан Республикасы әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртуымызға шындап бет бұра бастады.

Алайда, қазақ халқының өткендегі тарихын, мәденитетін, мемлекеттік құрылымын, бай фольклорлық әдебиетін, құқық тарихын зерттеп, оны жария етпей, өз болмысымызды

тануымыз мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі жаһандасу дәуірінде осы мәселелерді қолға алмасак ұлттық болмысымызды жоғалтуымыз мүмкін.

Қазақ халқының заңдарының қоғамда араласпаған салалары жоқ, әрі бұл қағида ережелер қоғамды реттеп, тәртіпті сақтап отырған. Мұны айқара ашып, жоғарғы заң оқу орындарынан бастап, тіпті балабақшаға дейін үйретіп, ділдеріне сіңіргенде ғана жаһандасу процесінде өз қалпымыздан айырылмай, ұлттық сипатымызды сақтаймыз. Тәуелсіз, егеменді мемлекетіміздің де қазір алдына қойып отырған мақсаты осыған саяды. «Әлемде, оның мәдени арналарында тарихи өлшем бойынша айтарлықтай маңызды, бірақ соған қарамастан адамзат үшін әлі де жұмбақ қалып отырған, лайықты деңгейде бағаланбаған құнды құбылыстар көп», - дейді атақты ғалым Салық Зиманұлы қазақ әдет-ғұрып заң нормалары жайлы айта келіп, «олар көбіне көп тарих қойнауының шырғалаң қатпарларында шырмалып, өркениет дамуының сарабал жолдарынан түрлі себептермен тыс қалып қойған... ол себеп-салдарлар кешегі бодандық еткен патшалық Ресей мен Кеңес өкіметі тарапынан туындаған-ды. Ендігі жерде сол озбырлықтан әлсіреп, тіпті жоғалып кете жаздаған рухани-мәдени мұраларымызды аршып алып, өз ұрпақтарына ұсыну кез-келген зиялы қауымның қасиетті парызы болуы тиіс.» - деп нәтижелейді.

Академик С.Зимановтың пайымдауынша қазақ билері бітімгершілік тетіктерін ретке келтіріп, қысастық, тәртіпсіздік, өктемдік, біреудің ақысын жеу, алдап-арбау секілді шектен шығып кетушілікке нөқта салды. Ондай шектен шығушыларды әр ауыл, әр ру өздігінен тия алды. Әр рудың ғана емес, сол рудың «ата-бабалары», яғни, бір атадан таралғандардың өз биі, өз ақсақалы болды. Бұл өзіндік дербестіктің, билікті бөлісудің жүйесі, әркімнің егемендігін қадірлейтіннің белгісі болды. Әрі реттеушілік міндетін де атқарды. Кішінің үлкенді сыйлауы - заң, үлкеннің кішіге қамқор болуы, мақұлдамайтын іс-әрекеттерден тия білуі - міндет, парыз саналды [2].

Ауыл, тіпті ру арасынан шығып кететін күрделі даулар: жесір дауы, құн дауы, жер дауы, мал-мүлік дауы секілді дауларды билер институты құзырына берілетін. С.З.Зимановтың тұжырымдағанындай, «Билер соты қазақ хандығынан да және қазақтардың өзінен де көне» [3].

Бұл тұрғыда, Билер сотының жүзеге асырушысы - билер байлықпен емес, әдет-ғұрып құқығының білгірі, әділ де шешендігімен танылған. Билердің басты мақсаты - қазақ халқының ішкі бірлігі, ынтымақтастығын сақтау. Қазақтардың құқықтық мәдениеті, сондай-ақ құқықтық бостандықта әрі, ең алдымен, тұлғаға құрметпен қарауда және биліктің алдында құлдықпен бас ұрудың жоқтығынан, азаттық сүйгіш өмір салтынан көрініс табады. Бұл факт бойынша академик С.З.Зиманов. «қазақтың әдет-ғұрып құқығы - жазылмаған заң. Ол бірқатар негізгі реттеуші институттарға және қысқа, есте сақтауға оңай және сонымен бірге фундаментальды материалды және процедуралық стандарттарды қамтитын мәнерлі сөздерге негізделген. Соңғысы, әдетте, нақты өмір жағдайларына сәйкес келетін, логикалық есептеу, түсіндіру арқылы нақты нормаларды шығарудың бастапқы нүктелері болып табылады.

Осылайша, әдеттегі құқықтың жалпы ережелерін түсіндіру нәтижесінде бийлер сот отырысында, халыққа жалпы түрде дала заңдарымен және Қазақтың әдет-ғұрып ережелерді түсінуктерімен мен нақты заңдық фактілік жағдайларға қолдану нәтижесі болып табылатын заң ережелерін шығарды, құқық нормаларының мазмұнынан логикалық қорытынды шешімдер қабылданып отырды. Нәтижесінде нақты нормалар шығарылатын нормалардан осындай дедуктивті тұжырымдар сот практикасында жиі кездеседі [4].

Өйткені, адам құқығы мен бостандықтары кез келген қағидаттарда алда тұрады. Бұл жолда шындық пен әділдікке жету би сотының түпкі негізі мен мақсатын құрады. Биге өз пікірін білдіруде әрі іс-әрекетінде еркін болды. Алайда, сот процесіне жиналған халық оны жіті қадағалап, былайша айтқанда шығарға билік шешімінің әділдігін сараптау болды. Сот жүргізудің тәртібіне келсек, мұнда да әділдік басым болды. Яғни, дауласушы екі тарап биді өзі таңдай алды.

Егер екі дауласушы тараптың бірі бимен туыстас туыстық байланысы болса, онда би ол дауды қарау-қарамауға ерікті. Ал, дауды қарауға ынта білдірсе, онда бидің жауапкершілігі

арта түседі. Бұған мысалдарды көптеп келтіруге болады. Абайдың өзі өз туысқанын дауды шешуде жығып берген ғой [5].

Егер дау күрделі не болмаса қоғамдық маңызы зор болса, онда ондай дауларды бірнеше билерден тұратын билер алқасы қараған. Билер алқасына «төбе би» болып араларынан ең тәжірибелісі, беделдісі сайланған. Төбе бидің пікірі сот шешімін шығарғанда басымдылық мәнге ие болады. Қазақ халқының ұлттық дәстүрінің тамыры тым тереңде жатыр. «Өркениет», «көшпелі өркениеті» дегеніміз осы ұлттық болмысымыздың, ұлттық дәстүріміздің қайнар көздері. «Ата жолы», «жол-жоба», «үлгілі сөз» т.б. - қазіргі құқық деп аталатын ұғымға сәйкес келетін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері және қоғамдық өмірдегі қатынастары. Даналық пен ғибратқа толы дала қағидаларын қамиятты бабаларымыз екі ауыз сөзге сидырып, ұрпақтарына ұмытылмас ұлағат ретінде қалдырып кеткен ғой [6].

Адамзат қоғамы өзінің тарихи дамуы барысында мақұлдайтын (жағымды) мақұлдамайтын (жағымсыз) іс-әрекеттерді, яғни, жақсы-жаман, обал-сауап, ақ-қара, дұрыс-бұрыс, жөн-жөнсіз, өтірік-шын, ізгілік-қаскүнемдік, т.б. қарама қарсы категорияларды айыра алған. Біздің ата-баларымыз мұндай іс-әрекеттердің «жағымсызын» мәжбүрлеу күшінен емес, санасына күй, көзін жеткізу арқылы тәрбиелеген. Тіпті, қоғамдық талқыға салған. Қағидаттар таратып, оны баршаның орындауын талап еткен. Бұлар «барша үшін және бәрі туралы нормативтерден жасақталған әлеуметтік математика саласы болып табылады». Мұндай нормалық қағидаларды бүкіл қоғам болып қолдаған, оның орындалуына баршасы мүдделі болған. Өйткені, ол қазақ қоғамында теңдікті, әділдікті, ізгілікті, имандылықты тұғыр еткен.

Салық Зиманұлының төрт тілде басылған «Қазақтың ата заңдары» атты энциклопедиясы рухани әлемімізге, құқық саласына арналған құнды еңбек.

Бұл ретте, ол - тек қана заңгерлер мен тарихшылардың күнделікті жұмыста қолданатын, қайта-қайта оқып, жадынан ұстап, небір зерттеулер үшін қажет құнды дүние болғанымен қатар, әрбір қазақстандық отбасының төрінен орын алуы тиіс қазақ құқығының асыл мұрасы.

Қазақтың Ата заң энциклопедиясында қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша осынау ұшан-қиыр мәліметтер орын алған. Бұл энциклопедия туралы белгілі заңгер, профессор К.Жиренчин: «...құқық саласы бойынша оны қазақстандық заңгерлер мен тарихшылар «қазақ құқығының ертедегі әлемі» деп атаған. С.З. Зимановтың энциклопедиясының әр томы өзіндік мазмұны мен тақырыптық бағыты бойынша ғана емес, сонымен қатар өзіндік ғылыми бағасы мен мағынасы жағынан да тағылымдық мәні зор [7].

Заңгер академик Салық Зиманұлы, өз замандастары мен үзеңгілес әріптестерінің арасында «заң ғылымының Абызы» атанған, ал құқықтану ғылымында ащы терін төгіп, ғылымның тереңіне бойлап, ұшар шыңына көз тіккен жас заңгерлер мен жалпы дүйім қазақ интеллегенциясының арасында «ғылымның алтын қазығы», «қазіргі заманның біртуар ғалымы», «Заңғар заңгер», «ұлт келбеті», «қазақтың заң ғылымының патриархы», «тұяғы тозбас Тарланбоз» атанған тұлғаның феномендік қасиеті мен сырын ашу, зерделеу болашақтың үлесінде.

Академик С.Зиманұлы саналы ғұмырын туған халқының - «қазақтың» өткен тарихы мен оның түп-тамырын зерттеуге арнаған, қазаққа ғана тән «Дала заңдарының» (әдет - ғұрып заңдарының) негізінде қазақ даласындағы құқықтық моделін ғылыми тұрғыдан қалыптастырып, Қазақстан Республикасының заң ғылымының іргетасын қалауға арнады. Академик Аманжол Қошанов ағамыз көпшілікке арнап жариялаған академик Салық Зиманұлы туралы осы мерейтойлық ойтолғауында: «Ағамыздың Жаратушы туа дарытқан алғырлық қасиеті, табиғи парасаты өзі тікелей белсенді араласқан білім, ғылым, өмір тәжірибесінен сусындады дер едім. Осы феномен Сәкең еңбектерінің әрдайым алға, келешекке, дамуға бағытталуының сырын ашатын секілді. Академик Зиманов шығармашылығының басты ерекшелігі, өміршеңдігі де осы деп тұжырымдауға әбден негіз бар» депті [8].

Академик Салық Зиманұлы қазақ халқының заң ғылымының дамуына қомақты үлес қосқан тұлға. Оның еңбектері мен өнегесін дәріптеп, ұрпақ тәрбиесінде алар орнын анықтау кезек күттірмейтін мәселе. Елімізде «Академик С.Зиманов атындағы жоғарғы заң мектебі» құрылып, онда академиктің ізбасар шәкірттері заң ғылымы бойынша дәріс берсе, оның ғылыми еңбектері мен тағылымдық мәні бар ой толғанымдарымен ұрпақ тәрбиеленсе, еліміздің құқықтық жүйесін нығайтуға елеулі көмек болып, еліміздің тұғырын биіктетер еді.

Заң саласын дамытуда аянбай еңбек еткен алдыңғы буын ағаларымыздың жолын қуып, олардың қазақ халқының дәстүрлі құқық жүйесі мен институттарын жаңғыртуда ұлттық сана сезімімізді шырқау биігіне көтеруге жұмсаған толағай теңіз еңбегіне құрметпен қарап құқық саласын меңгеруге күш жігерімізді арнасақ, ұлттық намысымызды, патриотизмімізді одан әрі оятып, еліміздің тәуелсіздігін одан әрі нығайтамыз. Сондықтан, бұл жолда Салық Зимановтың еңбектерін ұрпақ тәрбиесінде дәріптеуіміз қажет деп тұжырымдаймын.

Соңында айта кететін тілігім бар биыл 30 жыл болып жатыр Егемендік тәуелсіз мемлекет болғанымызға, бірақ әлі күнге дейін Қазақ әдет ғұрпына және Қазақтың ескі заңдарына байланысты бірде бір арнайы курс және арнайы пәндер берілмейді республикамызда заң мамандықтарында. Өкінішке орай өсіп келе жатқан болашақ ұрпақтарға өзіміздің заң тарихын білмесе заманауымыздың бір беттері ашылмай қалама деп үлкен ойға түсіреді. Академик Салық Зиманұлы Зиманов артында үлкен творчестволық қалдырған еңбекті қолдайық. Сондықтан академик Салық Зиманұлы өзінің зерттеу жұмысында көп томдық кітабында Қазақтың Ата заңдарында былай деп жазған «көшпелі өркениет дәуіріндегі қазақтың құқықтық жүйесінің адамзат тарихында қайталанбас өзіндік бет бейнесі бар, бүгінгі біздің санамыздағы халық билігі, сот әділдігі, құқық тәртібі туралы түсініктерімен ғасырлық сабақтас әуендіс сүбелі мұра екендігін паш етеді».

Соңыда айтқым келеді, өткен тарихты білмей, бүгінді білу, болашақты болжау қиын, жүріп өткен жолды түсінбей алға қарай ілгерілеу мүмкін емес. Бұл дәйектеме сөзді адамзаттың ұлы философы, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби айтқан.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Зиманов С.З Қазақтың Ата Заңдары. 1-том., Алматы. «Жеті Жарғы». 2007.
2. Зиманов С.З. Қазақтың Ата Заңдары. 3-том., Алматы. «Жеті Жарғы». 2007.
3. Усеров Н.У. Проблемы обычного права. Алма-Ата. 1998 ж.
4. Абдрасулов Е.Б. Роль суда биев в совершенствовании норм обычного права. Қазақтың Ата Заңдары. 10-том., Алматы. «Жеті Жарғы». 301-беті 2009 ж.
5. Словохотов Л.А. - (1905) Народный суд обычного права киргиз Малой орды. С.79. 1905 г.
6. Зиманов С.З. Мир права казахов. 4-том. Алматы. «Жеті Жарғы». 2007 г.
7. Жиреншин К.А. Қазақтың Ата Заңдары. 10-том., Алматы. «Жеті Жарғы». 159-бет. 2009 ж.
8. Қошанов А. Ғылымның алтын қазығы, «Егемен Қазақстан» газеті, 26 қаңтар, 2011 жыл

### ЖОҒАРЫ ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ БАРЫСЫНДА С.ЗИМАНОВТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

#### МЫРЗАТАЕВ Нурмухамед Даулеткелдиевич

*PhD докторы, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,*

*конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан; [muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)*

**Андатпа.** Заңгерлік білім беру туралы қоғамда түрлі пікірлердің көптігі осы саланы жетілдіруге жаңа бағытты серпінді қажет етеді. Автор заңгерлік білім беру барысында С.Зимановтың алатын орының ерекшелігін жан-жақты жеткізе белді. Мақаланың негізгі С.Зимановтың болашақ заңгерлер тәрбиелеудегі қызметі мен кәсібилігінің мән мағынасын, теориялық біліммен тәжірибені ұштасыра білу шеберлігінде екендігі туралы ой қозғайды. Елінің мүддесін ойлайтын патриоттық үлгідегі заңгер мамандар даярлау бойынша ұсыныстары құнды.



**Аннотация.** *Обиле различных мнений в обществе о юридическом образовании требует ноу-хау на совершенствование этой сферы. Автор сумел всесторонне передать специфику места, которое занимает С.Зиманов в процессе юридического образования. В основу статьи положен смысл деятельности и профессионализма С.Зиманова в воспитании будущих юристов, в умении сочетать опыт с теоретическими знаниями. Ценны предложения по подготовке специалистов-юристов патриотического типа, представляющих интересы своей страны.*

**Ключевые слова:** юрист, образование, специалист, патриот, высшее юридическое образование.

**Тірек сөздер:** Заңгер, білім беру, маман, патриот, жоғары заң білімі.

Қазіргі таңда әлем жастары популизм мен жариялықты танымалдылықты басты мақсат етендігі жасырын емес. Әрине танымалдылық ол саналы ерен еңбекпен қол жеткізілгенде ғана өміршең болмақ және өзгенің өміріне жаңаша жасампаздық енгізуге ықпалын тигізбек. Жастар арасындағы танымалдылық ол - атақ, абырой мен қатар беделге, мәртебеге ие болуға септігін тигізетіндігімен жастарды баурап отыр. Дегенмен, оның астарына үгілетін болсақ онда, оның адам өміріндегі белгілі бір белестерінен өмірлік өз тәжірибесі арқылы жүріп өтуге тең келмес әрине. Дегенмен, аталған мәселе бүгінгі жастарымыздың бойында болғандықтан еліміздегі танымал адамдардың ерен еңбектерін айту, жариялау, насихаттау ол білім беруші біздерге парыз.

Саналы жастардық көп шоғырланған орта ол жоғары білім беру саласы болғандықтан оларды, жан-жақты білімді меңгеру ғана емес, ұлттың патриоты ретінде тәрбиелеу де өте өзекті. Қазақ даласында ежелгі заманнан бастап әр дәуірдің өз патриоттары мен дүлділірі тарихтан белгілі. Біздің міндет осы жабылғанның көзін ашу, ескірген сананы жаңғырту арқылы әлемдік деңгейдегі шығармаларға арқау болып жүрген тек шетелдік тұлғаралды емес отандық тұлғалардың ерен еңбегіне тиісінше бағалануы, зерттелуі, жариялануы, насихатталуы арқылы ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауымыз керек. «Ұлт болам десен бесігіңді түзе» деген емес пе дана бабаларымыз.

Тәуелсіздік алу мен оны ұстап тұру және жаһандану жағдайында жұтылып кетпеу үшін жастарымызға әр салада, әр бір пәнде патриоттық ұлттық, тарихи құқықтық санамен нәрлендіретін біліммен сусындатып отыруымыз қажет. ХХІ ғасырдағы Қазақстан өзін әлемдік сахнада таныстырып, танымал болды. Ендігі міндет оның адами капиталының сапасын арттыру арқылы қазақтанды әлемге мойындату. Оған қалай қол жеткізуге болатындығы «құқықтық тұжырымдамада», «стратегиялық бағдарламаларда» кеңінен айтылып жүр. Алайда, отыз жылда айтарлықтай нәтиже бермей отыр. Демек, адами капиталды дамыту ол мемлекет бекіткен стандарттарға тәуелді емес, керісінше адамның саналы түрде рухани құндылықтарын дамыту арқылы қол жеткізуге болатындығына сенеміз.

Елміздің заңгерлеріне үлгі, ұлағатты ұстаз С.Зимановтың өмір жолын елі үшін атқарған еңбегін бір мақала аясында қамту мүмкін емес. Оның бүкіл ұғмырынан сабақ алуға болады. Егер ғалымның өмірбаянынмен таныссаңыздар онда тәуелсіздік алғанға дейін де және тәуелсіздік алу кезінде және одан кейінгі уақытта заңгерлік қызмет аясында мемлекеттік органдар мен мекемелерде жоғары әр түрлі лауазымдарда қызмет қатқарғандығы баршаға мәлім екендігін аңғарамыз. Оның кейбіріне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Салық Зимановтың халқының ардақты ұлы екендігін мақтан тұтуымыз керек деп білемін. Салық Зимановтың Бүкілодақтық заң институтында жоғары заң білімін алып (1948), ғылыми жолға түсуі оның ерекше шығармашылық қабілетін көрсетіп, ғалым ретіндегі бейнесін суреттейді. Бүгінде С. Зимановтың «қазақстандық заң ғылымының атасы» екендігінде ешкімнің күмәні жоқ. Ол Мәскеуде КСРО ҒА Құқық институтында ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмысты сәтті қорғайды. Қазақтың саяси-құқықтық ілімдерінде бұл жұмыстың маңызды орын алатынын сол кезде және бүгінде де ғалымдар мойындайды. 1961 жылғы 13 қаңтарда «18 ғ. соңы және 19 ғ. алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымының докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмысты сәтті

қорғайды. Нәтижесінде ол заң ғылымдарының докторы дәрежесін иеленген алғашқы қазақ болып шықты[1].

С.З. Зимановтың Қазақстандық заң ғылымына қосқан үлесі шексіз деп айтсақ, қателеспейміз. Ол қазақ халқының байырғы әдет құқығын, мемлекеттік және құқықтық жүйесін зерттеп, билер мен шешендердің билік өнерін бүгінгі ұрпаққа жеткізген ғалым[1].

С. Зиманов қазақтың әдет құқығын зерттей келе, келесідей пікір білдіреді: «Қазақ құқығы («жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішінде руаралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді»[2]. Бұл орайда ол қазақ құқығы әлемдегі тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын иелене алады және иеленуі тиіс деген ойға жетелейді.

Ол қазақтың әдет құқығын терең зерттеген ғалымдардың алғашқыларына жатады. «Қазақтың әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» деген еңбегінде: «Ежелден бекіген, кешегі күнге шейін жүйесін, ереже негіздерін бұзбай бізге жеткен қазақ халқының әдет-ғұрып жора-жолдарын зерттеу, оған тигізген басқа елдердің мәдениет мұраларының әсерін талдау, соның ішінде шариат әсерін тұжырымды ашу сол қазақ халқының «ескі ережелерінің» құндылығы мен маңыздылығын асыра түседі»[3]. Бұл еңбекте ислам дінінің Қазақстанда таралуы, исламның қазақтың әдет-ғұрпына әсер ету кезеңдері, Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі әдет-ғұрпы, ислам және саясат мәселелерін қарастырылған ғалым[1].

Қоғамдық сананы жаңғырту аясында құқық пен мемлекеттің: теориялық және тәжірибелік мәселелері. Заң үстемдігі басым мемлекет, құқықтық болып саналады. Мұндай құқықтық бастамада құрылған мемлекет, өз қызметін құқықтық регламентке сәйкес шектей отырып, құқықтың талаптарын барлық қоғамдық өмір салаларында мойындайды және жүзеге асырады[1].

Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған»[3].

Саналы ғұмырын заңгерліктің қыр-сырын терең зерттеуге арнап, құқық саласының дамуына ықпал еткен ғалым саяси өмірге де тікелей қатысып, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттілігінің қалыптасуына орасан зор үлес қосты. С.З. Зимановтың мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны, тәуелсіз еліміздің алғашқы Конституциясын және басқа да маңызды заңдарды дайындаудағы еңбегі баға жетпес, деп - атап өтті Қ. Мәми[4].

Зимановтың ғылыми-зерттеу еңбектері, негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, құқық теориясына, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне, шариғат заңдарына қатысты және тағы басқалары[1].

Ұлағатты ұстаз туралы оның еңбектері туралы өте көп айтылып келеді және айта беруге де болады. Дегенмен, жоғары заң білім беру салсын жетілдіру барысында С.Зимановтың алатын орны өзгеше. Болашақ жас заңгер мамандарына арнайы ғалымның еңбектеріне негізделген патриоттық кездесулер өткенімен, түрлі конференциялар мен жиындар өткізгенімен оның заңгер жас мамандар даярлауда, патриот ұлттық қазақстандық тұлға қалыптастыруға үлесін қосуы керек деп ойлаймыз. Ол үшін жоғарыда айтылған жұмыстар жеткіліксіз. Арнайы пән ретінде жоғары оқу орындарында пән оқылмайды. Ежелгі рим заңгерілері Юстиниан мен Гай-ды білмейтін заңгер жоқ шығар Қазақстанда. Алайда отандық ғалым ұстазымыздың атақ, абырой беделі, сіңірген еңбегі заңгер тұлға қалыптастыруға біздер үшін жасаған еңбегі тиісінше бағалану қажет деп ойлаймыз. С.Зимановтың егеменді еліміздің құқықтық дамуына сіңірген еңбектерінің өзі оны БҰҰ

білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымына (бұдан әрі- ЮНЕСКО) ғасырлар адамы, әлемдік деңгейдегі заңгер ғалым екендігін мойындатуымыз керек. Жоғарыда аталған еңбектеріннен өзге жоғары заң білімін беру саласындағы өзіндік қосқан үлесі зор.

Зиманов Салық 1990–95 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне халық депутаты болып сайланып, Жоғарғы Кеңес Төралқасының, Сыртқы қарым-қатынастар мен парламентаралық байланыстар комитетінің мүшесі, Ардагерлер мен мүгедектер жөніндегі комитет төрағасы болды. Ол 1992–93 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Консультативтік кеңестің, мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі болды. Қазақ мемлекеттігі мен қазақ халқының тарихында шешуші рөл атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» (25.10.1990) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды. Ел тарихындағы екінші бір аса маңызды саяси актінің – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның (16.12.1991) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Ол Жоғарғы Кеңестегі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның мүшесі болды, мұнда ол сарапшылар тобын басқарды[5].

С.Зимановтың заңгер практик екендігі жоғарыдағы мәліметтерден көрініс тауып отыр және ол дәлелдеуді қажет етпейді. Ол заңге ретінде мемлекеттік әр түрлі қызметте жүрсе де заңгерлер дайындау ісіне, болашақ заңгер даярлау барысында теориялық білімін болашақ жас заңгерлерге берумен де айналысқан ұстаз. Ол қазіргі тәжірибеде жүрге көптеген заңгерлерге үлгі болуы керек. Практикадағы жүрген көптеген мемлекеттік органдар мен өзге де құқық қорғау органдарында мемлекеттік мекемерде қызмет атқарып отырған заңгерлердің қолынан келмеген нәсені жасап кеткен ғалым. Ол практикамен теорияны үнемі бірге алып жүруші, теориялық білімін тәжірибеде жетілдіруші тұлға. Осы тұрғыдан алғанда жоғары заң білімін беру саласын жетілдіруде орасан зор үлесін қосқан азамат. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің заң факультетінде 2011 жылы С.Зиманов атындағы дәрісхана ашылып, оның есімі болашақ заңгер жастарды даярлауда құқықтану ғылымынның жұмысын ұйымдастыруда, ғалымның ғылыми еңбектеріне қызығушылықты арттыру жалғасып келеді.

Заң білімінің жан-жақты әрі сапалы болуына теориялық біліммен тәжірибені бірге үйлестіре білген ғалымның атқарған еңбегі орасан зор. Жоғары оқу орындарында заңгер мамандығын даярлау барысында С.Зимановтың ғылыми еңбектерін заңгер мамандығы бойынша бакалавр, магистратура, докторанура деңгейі бойынша оқу бардарламаларына арнайы пән ретінде енгізу қажет. С.Зимановтың шығармалары мен атқарған еңбектерімен сусындату арқылы болашақ заңгер мамандар даярлау ісінде кәсіби білікті маман ғана емес, сонымен қатар, ұлтын сүйетін патриот халқына адал қызмет ететін заңгер мамандарды даярлап, арлы ұрпақ тәрбиелеп шығаруға үлгі боларлық тұлға.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдірайым Б.Ж. Зиманов Салық Зиманұлы - отандық заң ғылымдарының атасы // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. 2011 No1 (7) С.14. [http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/4101/zamanov\\_salyk.pdf](http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/4101/zamanov_salyk.pdf). Әбдірайым Бақытжан. Парасат жолындамыз (Академик Б.Ж. Әбдірайымның мақалалары, өзекті еңбектері мен сұхбаттары) (2008-2010 ж.)– Астана. 2011. -с. <file:///C:/Users/AF3F~1/AppData/Local/Temp/1-Kniga-rektora-25-aprelya.pdf>. <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/2476/1-Kniga-rektora-25-aprelya.pdf?sequence=1>.
2. Вызываю огонь на себя! Интервью с С. Зимановым // Казахстанская правда. 20.04.2005. <http://www.kazpravda.kz/2>.
3. Қайрат Мәми. Билер соты – әлемдік құндылық //«Егемен Қазақстан». 17 мамыр 2008 жыл. <https://sud.gov.kz/kaz/content/biler-soty-lemdik-kundylyk>.
4. Академик С. Зимановтың мұрасы. 19.02.2021 жыл. // <http://ksrk.gov.kz/kk/kk/news/akademik-s-zimanovtyn-murasy>.
5. Салық Зиманұлы Зиманов. // <https://asu.edu.kz/university/people/alley-of-persons/7397/>. <http://kze.docdat.com/docs/411/index-1812681.html>.

## С. ЗИМАНОВТЫҢ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ

*Мен әрдайым адал жұмыс істесем,  
көп оқып-үйренсем, адамдарға сене білсем,  
өзімді қоғам да құрметтейді деп сендім.*

**С.Зиманов**

### **ҚАРАБАЕВ Фазылжан Жұмашұлы**

*заң ғылымдарының кандидаты, халықаралық құқық кафедрасының доценті м.а.,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Аңдатпа.** Мақалада белгілі ғалым-заңгер, академик С.Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері қарастырылған. Автор ғалым өміріндегі жайттарды жинастыра келе, оның азаматтық, адамгершілік және отансүйгіштік қасиеттерін көрсеткен.

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые аспекты организационной деятельности в области права известного ученого-юриста, академика С. Зиманова. Автор на примере фактов из жизни ученого показывает его гражданские, нравственные и патриотические качества.

Бүкіл еліміз болып жүз жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан белгілі қазақстандық заңгер-ғалым Салық Зиманұлы Зиманов тоқсан жылдан астам өнегелі өмірінде көптеген жетістіктерге жеткені белгілі. Ол заң ғылымдары бойынша көптеген монографиялар мен оқулықтар жазды. Ең бастысы, ол көптеген шәкірт тәрбиелеп, тұтас ғылыми мектептің негізін қалады. С.Зиманов қазақтан шыққан тұңғыш заң ғылымдарының докторы. Ол академик атағын да өзінің ғылыми деңгейі өте жоғары болған кезде, бір ғана академия болған кезде және академиктер аз болған кезде алды.

Салық Зиманұлының өмірбаяны оның әртүрлі жауапты қызметтерде болғанын көрсетеді: 1948 жылы ол өзінің ғылыми қызметін ғылыми көмекші, содан кейін Қазақ Ғылым академиясының заң секторының меңгерушісі, Алматы заң институтының директоры, Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) заң факультетінің деканы, Қазақстан Ғылым академиясының Философия және құқық институтының директоры, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Ғылым академиясы Төралқасының бас ғылыми хатшысы, Қазақ академиялық университетінің ректоры. Тәуелсіздік алғаннан кейін ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алғашқы халық қалаулыларының бірі болып сайланды. С.Зиманов Конституция авторларының бірі, ол өзінің аты мен беделіне ешқашан кір келтірмеген адам.

С.Зиманов көрнекті ғалым ғана емес, тамаша ұйымдастырушы болды. Оның әкесінен ерте айырылып, қаршадайынан бастап анасына, бауырлары мен қарындастарына қамқор болып, кейін Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде артиллерия дивизиясының командирі ретінде қарамағындағылардың сүйікті қолбасшысы болғаны бұған дәлел. Кезекті биіктікті бағындырудың басқа жолы болмаған кезде, майор Зиманов өзінің майдандық позициясын Қызыл әскер артиллериясымен атқылатуға дейін барды, бірақ ақырында ол жеңіске жетті. Бұл үшін ол 1-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

Ғалымның құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметін талдау кезінде, оның кемшіліктерді көпшілік алдында көрсете айту, тығырықтан шығарудың жолдарын ұсыну, кеңестер беру сияқты тәсілдерінен іздеу қажет. Беделді заңгердің көптеген ұсыныстары мемлекеттік деңгейдегі жоспарлардың құрамына кірді.

Мұны дәлелдеу үшін бірнеше көріністерге тоқталайық.

С.Зимановтың Алматы заң институтының директоры лауазымында алғашқы көпшілік алдында сөйлеген сөздерінің бірі Алматыдағы университеттер мен ғылыми-зерттеу мекемелері қызметкерлерінің жиналысында, 1952 жылдың 25 желтоқсанында болған еді. Оның сөзі жігерлі, құлшынысты болды, заң студенттеріне жоғары талаптар қойды: «Студенттерге олардың іс-әрекеттерінде, күнделікті өмірінде және мінез-құлқында адал болуын қамтамасыз етуге бағытталған қатаң талаптарды қою керек, олардың әрқайсысын адал емес ісі үшін орнына қою керек»[1;9],- деді. Бұл сөздер бүгінгі күні де құндылығын жоғалтқан жоқ деп ойлаймыз.

Жаңа директор институттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына да үлкен көңіл бөлді. Оның келуімен заңгерлер соттың, прокуратураның, Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің қызметкерлері үшін құқық жөнінде дәрістер ұйымдастырылды; ғылыми қызметкерлер мен криминалистер, тергеушілер мен жедел іздестірушілердің тәжірибе алмасуы үшін ай сайын конференциялар өткізілді, осыдан кейін олар практиктерге жақын танымал болды; Алматы қаласының барлық аудандарын қамтитын ай сайын өткізілетін халықтық кеңесшілерге арналған семинарлар; Жоғарғы Сотта Қазақ КСР Әділет министрлігімен бірлесіп, қалалық сот жүйесі үшін арнайы семинарлар өткізілді; Алматы қалалық кеңесі мен аудандық кеңестерінің тұрақты комиссиялары үшін семинарлар өткізу жоспарланды. Ол: «Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз ақсап тұр, ал ғылыми-зерттеу жұмыстары әлсіз болғандықтан, біз практикалық қызметкерлерге қажетті және толықтай көмек көрсете алмаймыз» деп, мәселенің түп-тамыры қайда екенін білетіндігін көрсетті [1;11].

Сонымен қатар, С.Зиманов өзінің әріптестерінің назарын университеттер мен кеңестік органдар арасындағы байланыстың жоқтығына аударды: «Біз әлі күнге дейін кеңес органдарымен байланыс орнатқан жоқпыз. Бізде әлі күнге дейін жергілікті Советтердің тұрақты комиссияларының жұмысын қорытындылайтын бірде-бір жұмыс жоқ»[1;12]. С. Зимановтың қайсар да өршіл мінезі мына сөздерінен көрінеді: «Біз жарты жолда тоқтамаймыз және біз Заң институтын жан-жақты дамыған, партия мен халықтың ісіне берілген мамандар даярлауда биік деңгейге көтеру үшін күресеміз және осындай мақсатқа қол жеткіземіз» [1;13].

Бақылағыш, талдағыш маман қоғамдағы құбылыстарды кезең-кезеңге бөліп қарасту арқылы олардың ерекшеліктерін айқын көрсете білді. Оған мысал - 1967 жылы 17 қазанда Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының ғылыми кеңесінің мәжілісінде институт директоры С.Зимановтың айтқаны: «Қазақстанда заң ғылымының дамуын үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең 1950 жылдардың аяғында аяқталды. Бұл дайындық, күш жинау, ғылыми бағыттарды іздеу кезеңі. Бұл кезең көптеген ғалымдардың тарихнаманың «ауруымен» ауырған кездегі тарихи мәселелердің жедел дамуымен сипатталды. Т.Күлтелеев өмірінің соңғы жылдарын дәстүрлі қазақстандық қылмыстық құқықты зерттеуге арнады; С.Я. Болатов, қазіргі қылмыстық құқықты зерттеген және 1940 жылы елге танымал болған көрнекті ғалым. Ол Ш. Уәлихановтың еңбектерімен айналысады, қазақтардың қоғамдық-саяси және мемлекеттік-құқықтық ойларының тарихы туралы еңбектер жазады. Бірінші кезеңде Қазақстанда құқық және құқықтық білім саласындағы ғылыми жұмыстың алғашқы ұйымдастырушылық формалары қалыптасты.

Екінші кезең - заң ғылымының даму кезеңі және ғылыми бағыттардың қалыптасуы; республиканың заң ғылымының бейіні мен стилі, қарқынды оқыту. 1934 жылы Қазақстанда заң ғылымдарының 2 кандидаты ғана болды, 1945 жылы - 8, ал 1966 жылдың аяғында Қазақстанда 11 заң ғылымдарының докторы және 74 заң ғылымдарының кандидаты болды. Барлық ғылым докторлары мен кандидаттары 1959 жылдан кейін дайындалды. Екінші кезең тақырыптың өзектілігімен, қалыптасқан құқықтық проблемалардың дамуымен сипатталады.

Үшінші кезең - бұл заң ғылымының, оның терең қозғалысының дамуындағы көпқырлы және тұрақты кезең. Егер бұрын жұмыстар негізінен шолулар мен түсініктемелер болса, қазір байыпты теориялық зерттеулер бар; Осыған байланысты М.Баймаханов пен М.А. Биндтердің монографиялары туралы айтуға болады. Теориялық тұрғыдан алғанда, мемлекеттік құқық және кеңестік құрылыс бөлімі жасаған жергілікті кеңестердің шешімдерінде еңбек адамдарының ерік-жігерін көрсету мәселесі; Институттың қылмыстық-құқықтық бөлімі жұмысында теориялық тақырыптар басым»[1;13]. Көріп отырғанымыздай, ғалым әр кезеңді қысқаша сипаттап, айтуға тұрарлық жетістіктерді дәлел ретінде келтіреді. Олардың нақтылығы шүбәсіз, себебі оларды айтушы осы істердің ортасында біте қайнасып жүрген адам. Кезеңдерге байланысты аталған ұстаным әр заңгер үшін бүгін де мызғымас қағида іспеттес нәрсе.

Бұл айтылғандар Қазақстандағы заң ғылымдарының даму тенденцияларына байланысты пікірі болса, енді С.Зиманов тоқмейілуге жол бермей, Қазақстандағы заң ғылымын одан әрі дамытудағы өз ойларымен бөліседі: «Шынында да, біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыптары жергілікті және жалпы болып табылады. Біз тек жергілікті, ұлттық тақырыптағы ғалымдар болып қалуымыз керек пе? Бізде, мысалы, Мәскеу мен Ленинград ғалымдарынан гөрі, осындай тақырыптарды дамытуға қолайлы жағдайлар бар.

Сонымен бірге, біз іргелі тақырыптармен айналысуымыз керек. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай мәселелер Латвияда да, Грузияда да сәтті шешіліп жатыр. Екінші аспект - кадрлар. Мысалы, Украинада халықаралық құқықтың дамып келе жатқандығы белгілі, онда танымал халықаралық сарапшы Корецкий жұмыс істейді. Өзбекстанда 3-4 ірі ғалым-мемлекеттанушы тұлғалар бар. Біз де проблемалық мәселелер бойынша жұдырықтай жұмыла бірлесіп, оқшауланбай, жұмыс жасауымыз керек. Ғылымның барлық бағыттарын бірдей алып кете алмаймыз. Біз күш-жігерімізді тұтас тақырыптарға бағыттауымыз керек» [1;16].

С.Зиманов жоғарыда Қазақстанда халықаралық құқықтың дамымай отырғандығын еске салса, көп ұзамай осы бағытта көптеген жағымды өзгерістер орын ала бастады. Айталық, Узьике Сикунбаевич Джекебаев - халықаралық құқық мамандығы бойынша қазақтан шыққан тұңғыш ғылым кандидаты, заң ғылымдарының докторы, профессор. Ол 1958 жылы «Дауларды бейбіт жолмен шешудегі Бас Ассамблея мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің құзыреті және рөлі» атты өз диссертациясын қорғаған [3]; Сарсембаев Марат Алдонгарович - халықаралық құқық мамандығы бойынша қазақтан шыққан тұңғыш ғылым докторы, профессор диссертация тақырыбы: «Қазақстан және Орталық Азия тарихындағы халықаралық құқықтық мәселелер (XV ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейін)» (1993 ж.), Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, 2011-2012 жылдары БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің мүшесі болды, Хьюстон қаласының құрметті азаматы (Техас, АҚШ) – 1991 жыл, 1995 жылы ол «Халықаралық құқық» оқулығы үшін Сорос-Қазақстан қорының халықаралық сыйлығының лауреаты атанды [4]; Кулжабаева Жанат Орынбековна - халықаралық құқық мамандығы бойынша қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш ғылым кандидаты, диссертация тақырыбы: «Ең қолайлы ұлт туралы клаузула» (1991 ж.), «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары (2012-2020 ж.ж.), «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың иегері (2007 ж.), «Құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталған (2009 ж.) [5] және тағы бірнеше ондаған есімдерді атауға болады. Сүйсінерлік бір жайт, жоғарыда есімдері аталған соңғы екі ғалым да көп жылдан бері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық құқық кафедрасында профессор болып қызмет атқарады. Олар білім алушылармен өз білімін, тәжірибесін бөліседі.

С.Зиманов өмірінің соңғы күніне дейін халыққа қызмет еткен ғалым. КазТАГ тілшісі В.Новиковқа берген «Аяқталмаған сұхбатында» 2011 жылы – өмірден өтер жылы: «Мен жұмыс істейтін тағы бір тақырып: «Құқық қорғау органдарын реформалаудың кейбір мәселелері». Осы тақырып бойынша Астанада Мәжіліс пен Сенаттың құқықтық және сот реформалары жөніндегі комитеттерінің төрағалары, әділет министрі қатысқан отырыста сөз сөйледім. Реформа комитетінің төрағалары мінбеден сөйлеген сөзінде: «Президент пен парламенттің тапсырмасы бойынша біз реформа туралы 30-ға жуық заң жобасын дайындадық. Біз енді 4 жобаны қабылдадық, 6 жоба осы күндердің бірінде қабылданады, қалғаны жыл соңына дейін аяқталады », - деді. Мен олардан кейін сөйледім. 30 заң жобасы, бұл жақсы! Олардың қоғамға қаншалықты маңызы бар, қандай жаңалық әкеледі? Оларды қабылдаудың қандай әсері болмақ? Олар қалай жұмыс істейді? Сіз бұл туралы ойладыңыз ба? Осындай сұрақтар туындады менде бұл сөздерді тыңдағаннан кейін...

Қазіргі уақытта бастысы - адамдардың құқық қорғау жүйесіне деген сенімін арттыру. Екі ай бұрын мен Астанада болдым, содан кейін Конституцияның мерейтойына арналған үлкен конференция болды. Мен сол жерде баяндама жасадым. Бірегей сот жүйесі ретінде даладағы қазақстандық сот төрелігі институты туралы айттым. Қазақ даласындағы би

әрдайым әлеуметтік иерархияның шыңында болды, олар сөзсіз құрмет пен беделге ие болды. Ал енді қазір күш бар, ал құрмет бар ма?»[2] Сұхбаттан туған елінің патриот-ғалымын қандай мәселелер толғандықаны көрінеді.

С.Зиманов Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне профессор-оқытушылар құрамымен, білім алушылармен кездесуге бірнеше рет келген болатын. Ғалымның дәрістерін, өмірлік естеліктерін зейін қойып тыңдайтынбыз. Егде жасына қарамастан, екі сағат дәрісті мінбеден түрегеп тұрып оқитын, «отырып оқи алмаймын», - дейтін. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.Зиманов бір кездесуде мынаны атап өтті: «мемлекеттік тіл болғандықтан, қазақ тілін белсенді түрде зерттеу қажет. Бұл құжат айналымы мен іс қағаздарын жүргізу, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын шығару». Өзі ана тілін өте жетік білетін, оның болашағы үшін алаңдайтын.

Қазақ қоғамындағы билер институтын академик С.Зимановтай зерттеген ғалым жоқ екені баршаға мәлім жайт. Студенттерге әділеттілік билердің қатысуымен қалай жүзеге асырылатындығы туралы айтудан жалықпайтын, ол билердің жоғары моральдық-этикалық қасиеттерге, руханилыққа, мәдениетке, табиғи зеректікке, адалдыққа, әділеттілікке, үлкен өмірлік тәжірибеге, даналыққа, әділеттілікке ие екенін айтатын. Жоғары заң білімі болмаса да, олар кек алу қағидасын емес, ізгілік пен тараптардың татуласу қағидаларын басшылыққа ала отырып, әділ шешімдер қабылдаған деп түсіндіретін.

Қорыта келе айтарымыз, Салық Зиманұлы Зиманов тек ғылыми ізденістермен шұғылданып қана қоймай, сонымен қатар қоғам өміріне де қызу, белсенді түрде араласқан. Осыған куә көптеген жәйттарды келтірдік. Турашыл, батыл мінезімен, ол кемшіліктерді бетке айтып қана қоймай, тығырықтан шығудың жолын көрсететін және тамаша ұйымдастырушы болатын. Қазақтың тілінің, мәдениетінің, әдет-ғұрпының үлкен жанашыры еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Глепина Ш.В. Академик Зиманов С.З. и развитие государственно-правовой науки Казахстана//Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Заң ғылымдары сериясы 2011 ж. №1 (7)
2. Академик Салық Зиманов: Главное – добиться доверия народа к правоохранительной системе. [Беседа с С.З.Зимановым / Беседовал В. Новиков КазТАГ 14.11.2011] <https://go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJwNxrENwkAMAMDUjMAISOb1CCKgo0BiDUNMYn1iR mpWQOC1rEBsx BwxCsQa66xqxPe-cCjob1kuWqLf7cRcVizGHAijoOkLAdAozcoWiGusUsSIDpmS0NOCVT5CmCUSuEAH3ErBqaiMJGRegAiZNRROXhS1-ut7uV3xSz0zWuPg87vH f- N1 AN0AzaD&src=1b50328&via page=1&user type=24&oqid=16165f7841c78b85>
3. <http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:Jh2QKvOmSP0J:www.heritagenet.unesco.kz/kz/participant/scientists/dzhekebaev.htm+&cd=3&hl=ru&ct=clnk&gl=kz>
4. <https://asf.enu.kz/storage/%D0%A1%D0%B0%D1%80%D1%81%D0%B5%D0%BC%D0%B1%D0%B0%D0%B5%D0%B2,1.pdf>
5. <https://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:3hGHe7EJnYJ:https://online.zakon.kz/Document/%3Fdoc id%3D38645502+&cd=1&hl=ru&ct=clnk&gl=kz>

## К ПРОБЛЕМНЫМ ВОПРОСАМ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### КАРЖАУБАЕВ С.С.

*кандидат юридических наук, ведущий научный сотрудник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, Нур-Султан*

**Аннотация.** В статье раскрываются отдельные проблемы юридического образования в Казахстане. На примере развитых стран представлен мировой опыт подготовки юридических кадров. Выявлены основные проблемы подготовки юридических кадров и пути решения проблем.

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстандағы заң білімінің жекелеген мәселелері ашылады. Дамыған елдердің мысалында заң кадрларын даярлаудың әлемдік тәжірибесі ұсынылған. Заң кадрларын даярлаудың негізгі проблемалары және проблемаларды шешу жолдары анықталды.

Без современных знаний и высококвалифицированных кадров общество не способно динамично развиваться. Мировой опыт показывает, что государства, не обладающие достаточными природными ресурсами, но имеющие хорошо подготовленный кадровый потенциал, могут поднять свою экономику на высокий конкурентоспособный уровень.

Важным фактором экономического роста страны является его правовое обеспечение. Только прочные знания отрасли права в том или ином виде деятельности позволяют эффективно работать во всех сферах экономики. Поэтому неотъемлемым условием успешного развития личности, общества и государства всегда является подготовка юридических кадров.

Как известно, в 2010 году Казахстан присоединился к Болонской декларации, интегрируясь в мировое образовательное пространство, что привело к кардинальному реформированию системы образования.

В ее рамках подготовка юридических кадров в стране представляет собой последовательную трехступенчатую систему высшего образования.

Базовой основой получения юристами высшего образования является подготовка по программе бакалавриат со сроком обучения четыре года. Данная программа дает право ее выпускникам работать во всех сферах. Последующая траектория составляет подготовку юридических кадров по программе магистратуры со сроком обучения от одного года до двух лет. Высшей ступенью обновлённой образовательной системы выступает докторантура.

Программа обучения по указанным программам строится в соответствии с положениями Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года, Закона Республики Казахстан «О науке» от 18 февраля 2011 года, государственного образовательного стандарта образования, утвержденного Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года.

Мировой опыт в сфере подготовки юридических кадров весьма разнообразен и имеет свои особенности, свои преимущества и недостатки.

Наиболее ценен опыт развитых европейских стран, где роль координирующего органа юридического образования выполняет Европейская ассоциация факультетов права [1] (European Law Faculties Association - ELFA), которая была основана в 1995 г. В настоящее время в нее входят около 200 членов из стран ЕС и других государств.

ELFA настаивает на том, что обучение праву должно носить практический характер и ориентироваться на развитие общих компетенций. К их числу относятся эффективное владение устной и письменной коммуникацией, знание языков, новых технологий, умение работать в команде. Необходимо облегчить доступ на стажировки, в том числе организуемые в других государствах.

ELFA утверждает, что функции юридических факультетов состоит не только в том, чтобы производить отличных профессионалов, но и готовить выпускников, которые понимают влияние закона на повседневную жизнь граждан, могут взаимодействовать между юристами и обществом. Только такие, активные, творческие, культурные лица способны решать комплексные проблемы, возникающие в обществе. Академическое изучение права заключается в научном и критическом анализе, но не в простое знание множества законодательных норм.

Таковы основные позиции ELFA в сфере подготовки юридических кадров. Однако, каждая страна имеет свои особенности.

Подготовка юристов в Англии [2] проводится в соответствии с программами подготовки бакалавров в области права, который подлежат обязательному одобрению их профессиональным сообществом в лице Объединенной коллегии по вопросам высшего образования, состоящую из Комиссии по стандартам для барристеров и Управления по регулированию деятельности солиситоров. Объединенная Коллегия отвечает за разработку и реализацию стандартов академической подготовки солиситоров и барристеров. Она устанавливает требования к диплому, который открывает доступ к регулируемым



профессиям, общему профессиональному экзамену, требования к программам подготовки к магистратуре.

Две трети дисциплин программы являются обязательными. Помимо этого, студенты должны принимать участие в научных исследованиях. Практические занятия не являются обязательным компонентом программы, но их разрешено в нее включать. В настоящее время все активнее внедряются ролевые игры и юридические клиники.

Вторая ступень высшего юридического образования является обучение в судебных иннах либо в университете со сроком обучения один год, завершающийся экзаменом. При этом, форма и содержание курса находятся под жестким контролем профессионального сообщества.

Завершающий этап подготовки солиситора два года стажировки, под руководством практикующего юриста. Соискатель чаще всего самостоятельно ищет место стажировки. Прохождение этой стажировки должно подготовить студентов к практической деятельности в качестве солиситоров.

Высшая ступень юридического образования, как и во многих странах, это обучение по программе магистратуры, по итогам которого присваивается степень магистра права.

Юридическое образование во Франции [3] является бесплатным и состоит из нескольких ступеней. Первая ступень – лисанс (Licence), аналог бакалавриата, со сроком обучения три года. Получение степени лисанс не дает право заниматься юридической практикой.

Вторая ступень - обучение по программе Master, которое имеет два этапа. Первый этап – 1 год обучения по программе. Выпускники имеют право заниматься юридической практикой, работать юрисконсультантом, адвокатом, судебным приставом, нотариусом, судьей.

Второй этап – одногодичное обучение по программе Master 2 со сроком обучения один год. Эта программа имеет два направления - исследовательскую и профессиональную. Первая является ступенью к последующему получению докторской степени, а профессиональная специализация нацелена на правоприменительную практику, поэтому состоит из обязательной стажировки от 2-х до 5-ти месяцев в юридической фирме, либо суде, либо в юридическом отделе предприятия или нотариальной конторе и после нее сдается письменный экзамен.

Важно, что юридическое образование во Франции, как и в других странах Европы узко специализировано и поэтому наряду с обязательными предметами, преподаются дополнительно курсы по выбору. Исходя из специфики романской правовой семьи, юридическое образование осуществляется в рамках либо публичного права (административный спор, международное частное право, право административно-территориальных образований и т.п.); либо частного права (право предпринимательской деятельности, гражданский процесс, уголовный процесс, трудовое право, гражданское право и др.).

В Германии [4] поступление на юридический факультет немецкого ВУЗа не требует сдачи вступительных экзаменов. Единственным требованием является определенный балл в аттестате.

Высшее юридическое образование в Германии представляет собой сложную двухуровневую систему, в которую входит 9 семестров университетского обучения (Studium), которые завершаются ПГЭ (Первый государственный экзамен) и 4 семестра референдиата (Referendariat), то есть практики, которые в свою очередь подтверждаются ВГЭ (Вторым государственным экзаменом).

Юридическое образование разделено на 2 основных этапа:

1. непосредственная учёба в высшем учебном заведении;
2. практика (референдиат).

Стационарное обучение в университете заканчивается Первым государственным экзаменом (ПГЭ). Для допуска к нему, студент должен в течение учебы пройти практику в 3

разных местах. Это один из двух самых сложных этапов получения юридического образования в Германии. Он состоит из 2 частей: основные предметы и специализация.

После успешной сдачи ПГЭ студенты продолжают обучение на референдарiate. Это не обязательно, так как они уже имеют право работать по специальности.

Референдарият - это двухгодичная практика. Студент-стажер обязан последовательно проходить практику. Выпускники, успешно сдавшие первый юридический экзамен, имеют право именоваться дипломированными юристами (Dipl.-Jur.). Однако этой степени недостаточно для занятия некоторых должностей в государственных учреждениях и для получения адвокатской лицензии. Второй этап считается пройденным после сдачи второго государственного экзамена специальной комиссии. Выдержав оба испытания, студент становится «полным юристом» или *assessor iuris*.

В США существует двухуровневая подготовка юридических кадров, бакалавриат и докторантура. Для получения степени доктора права необходимо иметь степень бакалавра и пройти трехлетний курс юридической школы. Система контроля США за содержанием юридического образования состоит из учета различных интересов главных акторов: преподавателей, Американской ассоциации юристов и крупных юридических фирм. Доминирующая роль все равно принадлежит Американской ассоциации юристов, которая в 1992 г. выпустила доклад «Юридическое образование и повышение квалификации - образовательный континуум», в котором определила набор компетентностей, необходимые юристам.

В США преобладающее большинство выпускников юридических школ получают патент на занятие адвокатской практикой. В каждом штате (за исключением штата Висконсин) требуется прохождение экзамена. Он состоит из нескольких этапов. Первый - письменный - включает выполнение теста по общим вопросам права. Второй (тоже письменный) предполагает написание кратких сочинений на поставленные вопросы. Третий этап - экзамен по вопросам профессиональной ответственности. После успешной сдачи экзамена выдается патент на право заниматься юридической практикой. Этот экзамен проводит специальный орган штата. В этой роли выступает в одних случаях - Верховный суд штата, в других - саморегулирующаяся организация юристов штата (ассоциация юристов штата).

Анализ международного опыта выявил положительные моменты системы подготовки юридических кадров в сфере контроля за организацией и содержанием учебных программ, обучающихся по юридической специальности. Пример тому - Европейская ассоциация факультетов права (European Law Faculties Association - ELFA), Американской ассоциации юристов, английская Объединенная коллегия по вопросам высшего образования и профессиональные юридические сообщества ряда стран, которые определяют траекторию обучения и соотношение теоретического обучения и профессиональной практики. Причем, такая практика проходит под чутким руководством профессиональных юристов, что является гарантом качества практики. В Казахстане до сих пор не сложились профессиональные сообщества и соответственно они не могут контролировать программы обучения юридических кадров. Поэтому контроль остается за уполномоченными органами. В дальнейшей перспективе важно сформировать профессиональное сообщество в Казахстане и позволить ему контролировать качество юридического образования.

Выявлены положительные моменты подготовки юридических кадров, предусматривающие определенный баланс между теоретическим и практическим обучением, достигаемый наличием так называемых клиник и профессиональных практик с опытным наставником. В Казахстане предпринимаются определенные шаги в данном направлении, но они не столь продуктивны.

Республика Казахстан заимствовала передовой опыт в данной сфере, но имеются определенные проблемы, ряд которых перечислен в специальной литературе. Так, по мнению С.К. Амандыковой, Б.О. Алтынбасова, «подготовка юридических кадров имеет свои специфические особенности, однако анализ правовых аспектов данной проблемы показывает

несовершенство ряда нормативно-правовых актов, регламентирующих систему подготовки кадров» [5].

Неудовлетворительным является и уровень знаний, умений и навыков, полученных выпускниками вузов. По справедливому утверждению Н.Н. Турецкого, «ежегодно выпускается значительное количество юристов, не востребованных практикой, не нашедших применение своим полученным знаниям в силу их ненадлежащего качества» [6].

Многие ученые видят причины низкой подготовки кадров в недостаточной теоретической и практической подготовке. Так, по мнению А.А. Сабитовой и О.Б. Хусаинова, что «недостаточная теоретическая подготовка студентов; слабая практическая подготовка студентов; нехватка квалифицированных профессорско-преподавательских кадров и низкий уровень профессорско-преподавательского состава из-за отсутствия системности в переподготовке; отсутствие системности по переподготовке преподавателей; нехватка качественного учебно-методического материала и др.» [7]

Таковы основные проблемы подготовки юридических кадров в стране и их решение является важным и необходимым условием процветания нашего государства. Работа по совершенствованию подготовки юридических кадров ведется, но еще недостаточна и требует тщательного изучения и взвешенного решения.

Во-первых, необходимо сокращение неэффективных учебных заведений, не обладающих достаточной базой и высокопрофессиональным профессорско-преподавательским составом.

Кроме того, на наш взгляд, многие ВУЗы не в полной мере соответствуют предъявляемым требованиям, что создает условия для некачественного образования. Поэтому следует повысить требования МОН РК к ВУЗам, осуществляющих подготовку юридических кадров, посредством ужесточения лицензирования.

Во-вторых, следует совершенствовать механизм отбора в магистратуру и докторантуру. Многие молодые специалисты рассматривают получение ученой степени как очередную ступень в служебной карьере, зачастую не связанную с наукой. Такие выпускники, как свидетельствует практика, показывают низкий процент успешных защит и полное «выпадение» из научной среды. Как итог, потерянные «научные инвестиции», упущенные возможности для других более одаренных ученых.

В-третьих, назрела необходимость пересмотра учебных программ высшего юридического образования, с акцентированием на преобладание практикоориентированных дисциплин, привитие умений и навыков практической работы. Как правило, в ВУЗах преобладает теоретическое преподавание юридических дисциплин, но без практического контента. Необходимо соблюсти пропорции теоретического и практического обучения, и в этих целях следует привлекать практикующих юристов.

В-четвертых, следует ввести обязательность практической стажировки выпускниками по выбранному профилю. В целях закрепления теоретических знаний необходимо установить требования для обязательной практической стажировки выпускниками по выбранному профилю под руководством действующих практиков.

В-пятых, необходимо принять системные меры по развитию юридической науки, так как это позволит поднять на новый уровень теоретическое обучение, правильно ориентировать правоприменительную практику, значительно повысит уровень научно-педагогических кадров ВУЗов. Полагаем, что этому процессу способствовало бы и развитие кооперированных связей высших учебных заведений с научно-исследовательскими институтами в сфере правотворчества как в проведении совместных НИР, так и в подготовке юристов высшей квалификации по программам магистратуры и докторантуры.

#### Список использованных источников

1. Модернизация юридического образования в условиях Болонского процесса // [http://openedu55.ru/pluginfile.php/2560/mod\\_resource/content/1/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%BB%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D0%B8%D0%B7%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%](http://openedu55.ru/pluginfile.php/2560/mod_resource/content/1/%D0%9C%D0%B0%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%BB%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D0%B8%D0%B7%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%)

B8%D1%8F%20%D0%BF%D0%BE%20%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B4%D0%B5%D0%BB%D1%83%202.pdf

2. Юридическое образование в Великобритании: традиции и перспективы развития // <https://cyberleninka.ru/article/n/yuridicheskoe-obrazovanie-v-velikobritanii-traditsii-i-perspektivy-razvitiya>

3. Юридическое образование во Франции //

file:///C:/Users/Admin/Downloads/%D0%AE%D1%80%D0%B8%D0%B4%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5%20%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%D0%BE%20%D0%A4%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%B8%20(1)%20(1).pdf

4. Пуделька Й. Юридическое образование в Германии // <https://www.zakon.kz/4981944-yuridicheskoe-obrazovanie-v-germanii.html>

5. Амандыкова С.К., Алтынбасов Б.О. Проблемы совершенствования системы подготовки юридических кадров в Казахстане // <https://articlekz.com/article/11827>

6. Турецкий Н.Н. О качестве юридического образования //

<http://repository.kazguu.kz/bitstream/handle/123456789/272/18.%20%D0%A2%D1%83%D1%80%D0%B5%D1%86%D0%BA%D0%B8%D0%B9%20%D0%9D.%D0%9D.%2098-103%281%29.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

7. Сабитова А.А., Хусаинов О.Б. Основные проблемы юридического образования на современном этапе развития Казахстана // Вестник Академии правоохранительных органов, № 1(3), 2017 год. С. 38 – 42.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДЕ ШЕТЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ

**ӨМІРЗАҚОВ Пернебек Құрашұлы**

*заң ғылымдарының кандидаты, азаматтық, еңбек және экология құқығы кафедрасының профессоры,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Андатпа.** Бұл жұмыста Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеудің өзекті мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, мақалада қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу және оны Қазақстан Республикасында қолдану бойынша шетелдік тәжірибеге шолу жасалады. Автор қазіргі заңнаманы қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістерін реттеу тұрғысынан талдап, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және оны қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар берді.

**Аннотация.** В работе рассматриваются актуальные вопросы экономического регулирования охраны окружающей среды в условиях перехода Республики Казахстан к «зеленой экономике». Также, в статье предлагается обзор зарубежного опыта экономического регулирования охраны окружающей среды и ее применение в Республике Казахстан. Автор проанализировал современное законодательство в части, регулирующей экономические методы охраны окружающей среды и предложил рекомендации по совершенствованию действующего законодательства Республики Казахстан и практики его применения.

**Кілт сөздер:** заңнамалар, экологиялық құқық, қоршаған ортаны қорғау, жасыл экономика, шетелдік тәжірибе

**Ключевые слова:** законодательство, экологическое право, охрана окружающей среды, зеленая экономика, зарубежный опыт

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде қоршаған ортаны қорғауға көп көңіл бөлінуде, климаттың өзгеруін болдырмас үшін Тұрақты дамудың әртүрлі құралдары енгізілуде. Адамзаттың тұрақты даму принципі алғаш рет БҰҰ Рио-де-Жанейрода өткен конференциясында қоршаған орта мен даму жөніндегі декларациясында 1992 жылы бекітілді [1].

Қазақстан Республикасында да қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу мәселелері өзекті болып саналады, бұл Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін жариялаумен ұштасады. «Жасыл экономикаға» көшу қажеттілігі бірқатар факторлармен айқындалған.

Біріншіден, экономиканың барлық негізгі секторларында ресурстарды тиімсіз пайдалану байқалады. "Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл экономика үшін жылына 4-8 млрд. АҚШ \$ көлемінде пайданы жоғалтуға әкеледі, ал 2030 жылға қарай пайданы жоғалту 14 млрд. АҚШ \$ құрауы мүмкін" [2].

Екіншіден, шөлейттенудің, эрозияның табиғи процестеріне байланысты, сонымен қатар антропогендік факторларға (ластану, тиімсіз пайдалану) байланысты жер сапасының төмендеуі байқалады.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасында суды ұтымды пайдалану және қорғауда шешілмеген мәселелер бар.

Мақаланың негізгі мақсаты экологиялық функцияны жүзеге асыру саласындағы тиісті нормативтік актілерді және мемлекеттің құқық атқарушы қызметін талдау, мемлекеттік органдардың қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті органдармен өзара іс-қимылы арқылы қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін кешенді зерттеу;

Бұл мәселе өте терең және жан-жақты зерттеуді талап етеді, бұл осы салада неғұрлым тиімді қаржы саясатын, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың оңтайлы экономикалық тетігін әзірлеу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта қалыптасқан қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды экономикалық реттеу тетігі біртұтас көріністі білдірмейді, жеке және әрдайым өзара тәуелді емес компоненттерден тұрады.

Осы тетіктің тиімді жұмыс істеуі үшін оның тиімсіздігінің негізгі факторларын зерделеу, осы тетіктің барлық компоненттерін құқықтық қамтамасыз етудің оңтайлы жүйесін құру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу қажет.

Теріс мотивацияға негізделген экономикалық реттеу әдістеріне қатысты бірқатар жақсартулар жасауға болады.

Қазақстан Республикасында экологиялық залалды өтеу көбінесе ақшалай түрде жүзеге асырылады, алайда Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінде тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша залал сотталушыға қоршаған ортаны қалпына келтіруге сәйкес міндеттерді жүктеу арқылы заттай нысанда өтелуі мүмкін деген ереже бекітілген.

Яғни, экологиялық залалды ақшалай түрде өтеу практикасынан, шетелде жасалғандай, қоршаған табиғи ортаны тікелей қалпына келтіру практикасына көшу керек.

АҚШ. Заманауи әлемде АҚШ-та қоршаған ортаны басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелерді шешудің ең оңтайландырылған құқықтық тетіктерінің бірі бар.

Біріншіден, Америка Құрама Штаттары шығындардың құнын өтеу түрінен «натуралды» формаға көшті.

1990 жылдары АҚШ-тағы экологиялық залалды есептеу үшін экожүйелер құнының жоғалуын экологиялық құқық бұзушыдан өндіріп, бұзылған экожүйелерді қалпына келтіру үшін қолданылуы керек ақша сомасына аудару тәсілін қолданды. Мұндай нарықтық емес зиянды бағалаудың қиындығы 1990-шы жылдардың аяғында бұзылған экожүйелердің қызметтері мен адамдар үшін және табиғи функцияларды орындау үшін қалпына келтірілген немесе жаңадан құрылған экожүйелердің қызметтері арасындағы эквивалентті табуға көшуге әкелді. Бастапқыда бұл әдіс бұзылған және қалпына келтірілген мекендейтін жерлердің эквиваленттілігін талдауға қатысты болды. Кейде бұл тәсіл "ресурс үшін ресурс" эквиваленті деп аталады[3].

Бұзылған экожүйелерді қалпына келтіру ақшалай шығындар көлеміне қарамастан ақша бірліктерінде емес, тіршілік ету ортасын қалпына келтіру бірліктерінде жүргізілді. Міндет - жоғалған экожүйені қалпына келтіру келтірілген экологиялық залал үшін өтем ретінде.

Екіншіден, табиғи ресурстарды пайдаланушыларға әсер ету үшін әкімшілік құралдарды қолданғанның өзінде экономикалық ынталандырулар қолданылуы мүмкін. Осылайша, АҚШ-та әкімшілік экологиялық айыппұлдардың мөлшері 2 аспект бойынша анықталады:

- 1) экологиялық ережелерді бұзудың ауырлығы;

2) экологиялық заңнаманы сақтамау нәтижесінде қоршаған ортаны бұзушының алған пайда мөлшері.

Сонымен қатар, егер қоршаған ортаны бұзушы табиғат қорғау органдары белгілеген 9 шарттың барлығын немесе белгіленген бөлігін орындайтын болса, келесі жеңілдіктер қолданылады: бірінші критерий бойынша төлемдер алынбайды немесе 75% -ға азайтылады, қылмыстық қудалау және аудиторлық тексерудің есебін талап ету болмайды, алынған пайданы алып қою мөлшері қоршаған ортаны қорғау органының қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылармен диалог құруда цифрлық технологиялар мен сервистер маңызды рөл атқарады. Студенттермен қарым-қатынас жасау; барлық сұрақтар мен проблемаларды талқылау, шешу және жедел әрекет ету; білім беру қызметтері және ЖОО қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желілерде университеттің құрылымдық бөлімшелерінің парақтары құрылды, оның ішінде кафедралар мен олардың профессорлық-оқытушылық құрамы белсенділік танытады. Пікірталас алаңы университет сайтындағы Ректор блогы болып табылады, онда кез-келген адам тікелей сұрақ қойып, тыңдай алады.

Қазіргі таңда, Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе мемлекеттік өңірлік университеті

(Жұбанов университеті) цифрлы университет жобасын сәтті жүзеге асырып отырған оқу орындарының бірі. «Темірқазық» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ситуациялық орталық, «Univer» бағдарламасы, автоматтандырылған кітапхана, IT кабинеттер және зертханалар, онлайн тренажерлар, виртуалды зертханалар, университеттің автономды білім беру порталы оқу үдерісімен біргелікте жұмыс жасауы, оқу үдерісін оңтайландырып, білім сапасын жоғарылатып қана қоймай, сыбайлас жемқорлықтың орын алу қауіпін төмендетуге ықпал етеді.

2019 жылы Жұбанов университеті «SmartARSU» мобильді қосымшасын іске қосқан болатын. 2020 жылдың қараша айына дейін аталмыш қосымша арқылы 13 мың пайдаланушы 60 мыңға жуық онлайн-қызметке жүгінсе, Студенттерге қызмет көрсету орталығындағы «бір терезе» қағидасымен жүзеге асқан қызмет саны 23 мыңға жетті.

Биылғы жаңа оқу жылында «SmartARSU» мобильді қосымшасы студенттерге арналған жаңа қызмет түрлерімен толықты. Енді білім алушылар онлайн түрде тек университетте оқып жатқандығы туралы анықтама, әскери бөлімге анықтама, ҚОТ бойынша білім алып жатқан студенттерге шақырту, студенттердің жеке мәліметтеріне өзгерістер

енгізу, академиялық анықтама, транскрипт, есеп қағазын толтыру сияқты қызметтерден басқа, жатақханадан орын алу және студенттік ұйымдардың жұмысына қатысуға да онлайн түрде тіркеле алады. Мұндай мобильді қосымшаның студенттерге, әсіресе, қашықтан білім алып жатқан жағдайда да өте қолайлы екені анық.

Сыбайлас жемқорлық қауіпін төмендету үшін университетте қағаз құжат айналымы айтарлықтай қысқартылды. Соңғы үш жыл ішінде оқу үдерісінің негізгі кезеңдері «Univer» жүйесіне ауыстырылды. Студенттердің сабаққа жазылуы, әр сабақ бойынша емтихан және аралық бақылау тапсыру, студенттердің оқу үдерісіне қатысуы, білім берудегі жетістіктерін бағалау (ағымдық, межелік бақылау) электронды түрде жүзеге асырылуда. Студенттердің жеке оқу жоспары және транскрипті автоматты түрде жасалынады. 2017 жылдан бері сынақ кітабы, студенттік билеттер, тьютор журналы қолданыстан алынып тасталды.

Бұған қоса, 2020 жылы Жұбанов университетінің оқу үдерісін, студенттердің оқу үлгерімін автоматтандыратын жаңа, өзінің прокторинг жүйесі бар автономды білім беру порталы құрастырылды.

Оқу үдерісін автоматтандыру барлық факультетте қарқынды дамуда. Мысалы, болашақ металлургтер үшін жаңа оқу жылында мобильді қосымша арқылы қосылатын, практикалық сабақтарға арналған виртуалды тренажер және зерттеу құрылғылары, 3D Атлас виртуалды зертханасы, «Автомобильді жүйе» тренажер-имитаторы, «Болат өндірісінің теориясы және технологиясы» виртуалды зертханасы, ұңғыны жөндеу тренажер-имитаторы және тағы басқа да нысандар іске қосылды.

2020 жылдың наурыз айында қашықтықтан оқытуға көшу білім алушылармен қарым-қатынасты нығайтып, ынталандырып, жеңілдетті. Мәселен, 2020 жылы «Виртуалды ЕҰУ» жобасы іске қосылды, оның мақсаты студенттерді тұрақты ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету және карантиндік шаралар мен онлайн-оқыту салдарынан олармен байланысты бұзуға жол бермеу болды [10]. Осы жоба аясында ректораттың (*«виртуалды ректорат»*), университеттің Ғылыми кітапханасының (*«виртуалды кітапхана»*), студенттік үйлер дирекциясының (*«студенттік үйлердің виртуалды дирекциясы»*), университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің (*«виртуалды құрылымдық бөлімшелер»*) жұмысы цифрлық жүйеге көшірілді. Жоғарыда аталған университеттің әр құрылымдық элементінің виртуалды «филиалы» дәстүрлі форматтар (*электрондық пошта, телефон*) арқылы да, Microsoft Teams, Zoom платформасын пайдалану арқылы да оның өкілдерімен тікелей байланысқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сұрақ қойған кез-келген адам кездесу кестесін және қашықтан қосылу үшін веб-сілтемелерді көре алады. Сонымен қатар, виртуалды деканаттар мен виртуалды кафедралар ашылды. Жұмыс онлайн режимінде жалғасуда және қашықтан басқару форматында қиын болған жоқ. Мысалы, профессор-оқытушылар құрамы мүшелерінің тұрақты кезекшілігі онлайн жүзеге асырылады; әрбір оқытушының оқу процесіне (*office hours деп аталатын*) және аудиториядан тыс сипаттағы іс-шараларға қатысты мәселелер бойынша білім алушыларды қабылдаудың өз кестесі бар.

Сонымен қатар, университетте жүйелі түрде вебинарлар, сандық дағдыларды дамыту курстары өткізіледі, олардың нәтижелері университет қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, бүгінгі таңда цифрлық технологиялар білім алушылармен байланыс орнатуда маңызды және құнды құрал болып табылады, олардың қажеттіліктеріне жедел және тиімді жауап беруге мүмкіндік береді, ішкі және сыртқы сипаттағы байланыстар мен коммуникацияларды құру және дамыту процестерін жеңілдетеді. Білім беру қызметтерінің соңғы тұтынушылары ретінде студенттермен сәтті қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жалпы білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Студенттермен сапалы жаңа қарым-қатынас құру процесінде «тыңдауға» және көмектесуге дайын болу жеткіліксіз, сонымен қатар бастама көтеру қажет. Шетелдік университеттерде студенттермен ынтымақтастықтың әртүрлі тәсілдері қолданылады.

Мәселен, Эдинбург Университеті студенттердің дауысын қолдаудың өзіндік саясатын жасады (Student Voice Policy)[11]. Бұл құжат Эдинбург университетінің Стратегиялық

жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады және оның оқу процесінде және оқытуда маңызды жетістіктерге жету үшін студенттермен тікелей жұмыс істеуге, сонымен қатар университеттің өзінде оқу тәжірибесін жетілдіруге және жақсартуға дайындығын көрсетеді.

Бұл саясат мынадай іс-шаралар мен бағыттар арқылы іске асырылады:

1. Студенттік өкілдік жүйесі, оның құрылымы мен бағыттары бар, атап айтқанда студенттік кеңестің жұмысын қамтиды. Өкілдік білім беру бағдарламалары, жоғары мектептер, үйірмелер мен секциялар және т. б. деңгейінде ұйымдастырылған;

2. Университеттің студенттері мен қызметкерлерінен тұратын комитеттер (*Student Staff Liaison Committees*). Олар әр факультетте (*әр жоғары мектепте*) жұмыс істейді және профессор-оқытушылар құрамы, университет әкімшілігі және студенттер арасынан тұрақты өкілдер арасында оқытудың барлық деңгейлерінде білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру бойынша пікір алмасу және мәселелерді шешу үшін ресми алаң болып табылады;

3. Білім алушыларға білім беру қызметтерінің сапасы туралы олардың пікірін зерделеу мақсатында жүргізілетін сауалнамалар және белгілі бір пәндер мен оқыту әдістемелерінің мазмұнын жетілдіру жөніндегі сауалнамалар;

4. Білім алушылармен ағымдағы кері байланыс. Мазмұны бойынша бұл іс-шара алдыңғыға ұқсас болғанымен, оның ерекшелігі-сауалнама семестрдің ортасында белгілі бір пән аясында студенттер анықтаған мәселелерді анықтау, қажет болған жағдайда және мүмкін болған жағдайда оны түзету мақсатында өткізіледі. Осылайша, білім алушылардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне оқу бағдарламасын бейімдеуге икемді тәсіл қамтамасыз етіледі;

5. Студенттердің оқу бағдарламаларының ішкі тұрақты аудитіне, сондай-ақ студенттерді қолдау қызметінің сапа аудитіне (*білім алушыларға қызмет көрсету орталығының баламасы ретінде*) қатысуы;

6. Білім алушылармен ынтымақтастық туралы келісім. Ол заңды құжат болып табылмайды және тараптар үшін заңды міндеттемелер жасамайды, бірақ білім алушылар мен университет қызметкерлері арасындағы әріптестік қатынастардың мазмұнын көрсетеді. Мұндай келісімнің келесі артықшылықтары бар:

1) студенттердің белсенділігін арттыру және университет қызметіне тарту негізі болып табылады;

2) студенттер мен қызметкерлердің өзара іс-қимыл жолдарын көрсету, сондай-ақ оның даму мүмкіндіктерін табу құралы болып табылады;

3) білім алушыларды оқу процесінің негізгі сәттеріне тартудың тиімділігін мониторингтеу және шолу үшін пайдаланылуы мүмкін;

4) студенттермен ынтымақтастықтың материалдық дәлелі болып табылады [12].

2020-2021 оқу жылында «Жұбанов» университеті «Smart ARSU» мобильді қосымшасына «Студенттік Парламент» жаңа модулін енгізді. Жаңа модуль «Студенттік Парламент» жұмысын жүйелендіруге, белсенді студенттік базаны қалыптастыруға, студенттік клубтар мен үйірмелер қатарына тіркелуге, жаңа жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстар, өз кезегінде, «Студенттік Парламенттің» қызметін оңтайландырады және оның имиджін арттырады. Сонымен қатар, барлық осы әрекеттерді (*процестерді*) университеттің ресми сайтында жасауға болады [13].

Әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу және ағымдағы тапсырмаларды орындау үшін білім алушылардың білім деңгейі мен білім беру бағдарламалары тұрғысынан барынша кең және алуан түрлі қабаттарды біріктіретін және ұсынатын студенттік комиссия [14].

Осыған ұқсас тәжірибе Австралиядағы Квинсленд университетінде бар. Қазіргі «студенттер-серіктестер» (*«Students as Partners»*) жобасы студенттерге оқу процесі мен оқыту әдістемелерін жетілдіруге үлес қосуға, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамымен және әкімшілік персоналмен қатар жұмыс процесіне қатысушы болуға көмектеседі. Осы жоба шеңберінде білім алушылардың бір-бірімен, оқытушылармен және/немесе әкімшілік қызметкерлермен, университет әкімшілігімен және оның түлектерімен өзара іс-қимылы болжанады. Бағдарламаны іске асырудың эмпирикалық нәтижелері университет

қызметкерлері үшін де, студенттердің өздері үшін де айқын артықшылықтардың бар екенін көрсетті. Осылайша, бағдарлама олардың білім беру процесінің мәнін, атап айтқанда оқытушылардың жұмысын түсінуіне, оқу процесіне ынтасы мен тартылу дәрежесін арттыруға, курстастарымен өзара қарым-қатынасты жақсартуға, өзін университет қауымдастығының бір бөлігі ретінде сезінуге ықпал етеді. Оқытушылар үшін мұндай бағдарлама қарым-қатынасты нығайту және білім алушыларға деген сенім деңгейін арттыру мүмкіндігінің пайда болуы, оқыту тәсілдерін өзгерту мақсатында жаңа идеялар мен жаңа көзқарастарды талқылау, пән мен Тиімді оқыту дағдыларын өсіру үшін студенттермен коллаборация ретінде оқыту тұжырымдамасын қайта ойластыру тұрғысынан құнды болып табылады [15].

Университеттің студенттері мен қызметкерлері – әкімшілік немесе профессорлық-оқытушылық құрам арасындағы ынтымақтастықты дамытудың ұқсас бағдарламалары мен тұжырымдамалары Канададағы МакМастер университетінде, Винчестер университетінде және Ұлыбританиядағы Лондон Университеттік колледжінде жұмыс істейді.

Мұндай тәжірибе Еуразиялық Ұлттық университет қабырғасында «Халық үніне құлақ асатын университет» тұжырымдамасын дамыту үшін құнды тәжірибе бола алады. Оның негіздері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат» және «Академиялық саясаты» болып табылады.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат қағидаттарының арасында жеке атап өту қажет:

1) оқытудың барлық деңгейінде: бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру үдерісінің сапасын үздіксіз жақсарту;;

2) студенттерге бағытталған, олардың таланттарын ашуға, сапаны қамтамасыз ету процестеріне белсенді қатысуға ықпал ететін білім беру ортасын құру;

3) барлық мүдделі тараптардың күтілетін нәтижелерін үнемі талдау және болжау;

4) қызмет нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді ынталандыруға және жауапкершілігін арттыруға бағытталған жағдайлар жасау [16].

Осы және өзге де қағидаттар университеттің академиялық құндылықтарын қалыптастырады, олар білім беру және зерттеу процестерінің бірлігін, білім беру бағдарламаларының мазмұнын қалыптастыру кезінде академиялық еркіндікті, академиялық адалдықты, оқу траекториясы мен ғылыми зерттеулер тақырыбын таңдау еркіндігін, оқыту сапасы мен нәтижелері үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету, инновациялардың, кәсіби құзыреттердің, түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне жәрдемдесу, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері, білім алушыларға қатысты кез келген төзбеушілік пен кемсітуден қорғау арқылы оқу процесінің сапасын арттырады [17].

2021 жылдың 23 мамыр күні Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне 25 жыл толады. Осы кезең ішінде университет өз қызметкерлері мен білім алушыларының бірлескен күш-жігерімен өзінің негізгі миссиясын іске асыру жолымен жүріп жатыр: зерттеу жүргізуді және озық білім алуды, экономиканың басым салаларын дамыту үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін, мемлекет пен қоғам алдында өз қызметінің нәтижелері үшін жауап беретін Еуразия өңірінің жетекші ғылыми және білім беру орталығына айналдыру.

Алда әлі де көп жұмыс болса да, өткен ширек ғасырда біздің университет жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету және жақсарту саясатын іске асыру, сондай-ақ университеттің білім алушыларынан, профессорлық-оқытушылық құрамы мен әкімшілік қызметкерлерінен тұратын студентке бағдарланған қоғамдастық құру бойынша үлкен жолдан өткен сияқты.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ұлт жоспары-бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам (2015 жылғы мамыр)/ URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31977084#pos=4;-106](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31977084#pos=4;-106)

2. Сындралы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары 2019 жылғы 2 қыркүйек / URL:

[https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana)

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы / URL: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-i-nauki-respubliki.pdf>

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы» / URL: <https://primeminister.kz/assets/media/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-obrazovaniya-i-nauki-respubliki.pdf>

5. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек / URL: [https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g](https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g)

6. БҒМ Жоғары білім беру жүйесі үшін дағдарысқа қарсы жоспар ұсынды / URL: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/mon-predstavilo-antikrizisniy-plan-sistemyi-vyisshego-410575](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mon-predstavilo-antikrizisniy-plan-sistemyi-vyisshego-410575).

7. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы / URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000410>.

8. См. <https://www.enu.kz/ru/o-enu/vystupleniya-presidenta/vystuplenie-prezidenta>.

9. Указ Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 года № 190 «О проведении отчетных встреч с населением руководителей центральных исполнительных органов, акимов, ректоров национальных высших учебных заведений» / URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000190>.

10. Указ Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 года № 190 «О проведении отчетных встреч с населением руководителей центральных исполнительных органов, акимов, ректоров национальных высших учебных заведений» / URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000190>.

11. Указ Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 года № 190 «О проведении отчетных встреч с населением руководителей центральных исполнительных органов, акимов, ректоров национальных высших учебных заведений» / URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000190>.

12. Student Partnership Agreement / URL: <https://www.ed.ac.uk/files/atoms/files/studentpartnershipagreement.pdf>.

13. URL: <http://zhubanov.edu.kz/pages/zhashtar-sayasaty/registraciya/registraciya.php>

14. Student Voice Policy / URL: <https://www.ed.ac.uk/files/atoms/files/studentvoicepolicy.pdf>.

15. Students as Partners / URL: <https://itali.uq.edu.au/about/projects/students-partners>.

16. Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты. / URL: <https://www.enu.kz/downloads/materials/politika-v-oblasti-kachestva-ru.pdf>.

17. Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің академиялық саясаты. / URL: <https://www.enu.kz/downloads/noyabr/ap-ru.pdf>.

## К ВОПРОСУ О СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СФЕРЕ ОФИЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ РАЗВИТИЮ

**ЖАДАУОВА Жанар Абдилдаевна**

*кандидат юридических наук, научный сотрудник Центра правового мониторинга  
Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, Нур-Султан*

**Аннотация:** Политика Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию является частью её внешней политики. Сама юридическая природа обязательств по оказанию официальной помощи развитию основана на принципах международного права, но порядок ее должен быть установлен в национальном законодательстве. В статье раскрывается правовая основа национальной системы официальной помощи развитию, предложен ряд изменений и дополнений в действующий Закон об официальной помощи развитию. Автором выделены приоритетные направления дальнейшего развития законодательства в сфере официальной помощи развитию.

**Аңдатпа:** Қазақстан Республикасының Дамуға ресми көмек саласындағы саясаты оның сыртқы саясатының бір бөлігі болып табылады. Дамуға ресми көмек көрсету жөніндегі міндеттемелердің заңдық сипаты халықаралық құқық қағидаттарына негізделген, бірақ оның тәртібі ұлттық заңнамада белгіленуі тиіс. Мақалада дамуға ресми көмектің ұлттық жүйесінің құқықтық негізі ашылады, дамуға ресми көмек туралы қолданыстағы заңға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар ұсынылды. Автор дамуға ресми көмек саласындағы заңнаманы одан әрі дамытудың басым бағыттарын атап өтті.

Официальная помощь развитию (*далее-ОПР*)– один из видов помощи развивающимся странам в целях их устойчивого развития.

Казахстан, как страна, взявшая на себя обязательства по выполнению целей устойчивого развития, вносит свой вклад в успешное достижение глобальных целей, направленных на искоренение нищеты, обеспечению защиты нашей планеты, повышению качества жизни и улучшению перспектив для всех людей во всем мире[1].

В ежегодных посланиях Президента Республики Казахстан народу Казахстана, а также иных программных документах неоднократно указывается о стремлении укрепить доверие к Казахстану и продемонстрировать его приверженность решению глобальных и региональных проблем.

Республика Казахстан является региональным экономическим лидером и его международные усилия по оказанию помощи глобальному развитию остается необходимым элементом внешней политики страны. Казахстан продолжит преемственность взятого курса, определенного Первым Президентом Республики Казахстан – Елбасы Н.А.Назарбаевым для решения глобальных и региональных проблем устойчивого развития через национальную систему официальной помощи развитию [2].

В соответствии с Концепцией внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы, одним из приоритетов в области экономической дипломатии является содействие усилиям мирового сообщества по оказанию официальной помощи развитию[3].

Официальная помощь развитию осуществляется на основе международного права, но порядок ее должен быть установлен в национальном законодательстве.

Правовой основой национальной системы официальной помощи развитию являются:

- 1) «Концепция Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию» утверждённая Указом Президента Республики Казахстан от 9 апреля 2013 года № 538
- 2) Закон Республики Казахстан «Об официальной помощи развитию» от 10 декабря 2014 года № 263-V
- 3) «Основные направления государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию на 2017 - 2020 годы», утверждённые Указом Президента Республики Казахстан от 31 января 2017 года.

На сегодняшний день разработан проект Указа Президента Республики Казахстан «Об утверждении основных направлений государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию на 2021 – 2025 годы»[4].

Согласно пункту 1 статьи 12 Закона об официальной помощи развитию (*далее - Закон об ОПР, Закон*), официальная помощь развитию осуществляется в форме международных грантов, кредитов на льготных условиях, добровольных взносов в международные организации на официальную помощь развитию, технической помощи и иных формах странам-партнёрам.

К официальной помощи развитию, оказываемой Республикой Казахстан, не относятся: (*пункт 2 статья 12 «Реализация официальной помощи развитию»*)

- 1) гранты, займы, кредиты для военных целей;
- 2) гуманитарная помощь;
- 3) трансфертные выплаты физическим лицам (пенсии, компенсации, страховые выплаты);
- 4) поставки товаров двойного назначения.

Официальная помощь развитию Республикой Казахстан оказывается по двусторонним, предоставляемым напрямую странам-реципиентам, и многосторонним каналам через международные организации. Таким образом, казахстанская ОПР по своей форме подразделяется на два вида: оказание технической помощи и участие в работе (взносы) международных организаций. Около 70% ОПР Республики Казахстан направляется на помощь развивающимся странам через многосторонние каналы[4].

За период независимости общая сумма оказанной помощи превысила **500 млн. долларов**[5].



**Справочно:** В 2017 году в тесном взаимодействии с ПРООН в Казахстане и Израильским Агентством по международному сотрудничеству «MASHAV» реализован пилотный проект казахстанской ОПП для стран-партнеров в Центральной Азии (научно-практический семинар в области сельского хозяйства для представителей из Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана в гг. Алматы и Нур-Султан (Астана).

В 2018 году реализован проект по обучению иностранных студентов в «Назарбаев Университете» посредством механизма ОПП. В соответствии с данным проектом для стран Центральной Азии и Афганистана предоставлены образовательные гранты на 2018-2020 учебные годы.

В 2017-2018 годы реализован проект «Содействие Казахстану в сотрудничестве с Афганистаном в области официальной помощи развитию» при поддержке и финансировании Трастового Фонда ПРООН-Япония. В рамках проекта были проведены мероприятия по повышению потенциала афганских женщин государственных служащих в сфере бюджетного управления, также по материнскому и детскому здравоохранению. Участие казахстанской стороны в проекте осуществлялось в форме технической помощи в виде передачи опыта и знаний в сфере государственного управления и здравоохранения[4].

Казахстан заинтересован в планомерном развитии Афганистана и предоставил средства на строительство школы в провинции Саманган (160 тыс долларов), больницы в провинции Бамиан (570 тыс долларов), ремонт асфальтированной дороги Кундуз-Талуكان (1 млн 650 тыс долларов). Также Афганистану была осуществлена поставка около 20,15 тыс тонн продовольствия (общая стоимость превысила 17 млн долларов).

В 2020 году реализован проект по оснащению охраняемым оборудованием пенитенциарных учреждений Таджикистана (совместно с ПРООН и УНП ООН)»[6].

В качестве гуманитарной помощи Казахстан выделил продукты питания для Республики Таджикистан на общую сумму 503,4 млн тенге, юго-восточным регионам Украины - порядка 70 млн тенге[7].

В ходе исследования определены следующие современные мировые тенденции развития института официальной помощи развитию, которые повлияли и на национальную систему ОПП:

**1.** Наблюдается мировая тенденция в области ОПП, связанная с «активизацией торгово-инвестиционных потоков компаний развитых стран, их деятельности на рынках развивающихся государств».

**Справочно:** «В последнее десятилетие заметно увеличилась суммарная доля средств, которые фактически не попадают в страну-реципиент (административные расходы, гранты студентам в стране-доноре, расходы на беженцев, информирование общества о проблемах в области развития) – с 13% в 2008–2012 гг. до 19% в 2013–2017 г.г.[8;86,90].

В нашей стране «К реализации проектов в приоритетном порядке будут привлекаться казахстанские компании, специалисты и оборудование с тем, чтобы выделенные средства максимально осваивались в Казахстане»[9].

В связи с реализацией государственной политики Республики Казахстан в сфере ОПП, направленной на государственную поддержку инвестиционной деятельности отечественных компаний на рынках развивающихся стран, предлагаем внести соответствующие изменения в инвестиционное, налоговое, бюджетное законодательство Республики Казахстан. (Например, в Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года № 576-ІІ Об инвестиционных и венчурных фондах).

**2.** Несомненно, что официальная помощь развитию оказывается с целью борьбы с бедностью, социальным неравенством, повышения уровня жизни, но «в реальности решающее значение имеют геополитические и экономические интересы донора». Российский исследователь Морозкина А. убеждена, что «С ростом взаимосвязанности экономик правительства стран-доноров видят в содействии развитию залог безопасности и благосостояния, прежде всего собственных граждан.»[8;86].

Географические приоритеты ОПР определяются исходя из региональной ситуации и мировой повестки в сфере содействия развитию и возможностей страны. Бесспорно, такие явления, как нелегальная миграция, рост преступности, бедности и социального напряжения в соседних государствах ставят под угрозу безопасность и благополучие населения Республики Казахстан.

В соответствии с этим, в проекте Указа Президента Республики Казахстан «Об утверждении основных направлений государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию на 2021 – 2025 годы» определены *географические приоритеты оказания помощи развитию*, это страны Центральной Азии и Афганистан.

Республика Казахстан при оказании официальной помощи развитию, обеспечивает в первую очередь национальные интересы и национальную безопасность. Данное положение нашло отражение в статье 4 Закона, из которой следует, что официальная помощь развитию основывается на принципе «соответствия национальным интересам Республике Казахстан»

Так, согласно *подпунктам 1),2) пункта 1 статьи 3 Закона* официальная помощь развитию осуществляется Казахстаном, в целях содействия «дальнейшей интеграции Республики Казахстан в систему региональных и международных связей;» созданию ***благоприятных внешних условий для успешной реализации стратегий и программ развития Республики Казахстан***[10].

Анализ действующего законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию позволил выработать следующие рекомендации в целях его дальнейшего совершенствования:

1) Посол по особым поручениям Министерства иностранных дел Республики Казахстан сообщил, что «в планах KazAID на старте несколько проектов социального характера, в основном это работа в Центрально азиатском регионе, работа с партнёрами и с теми странами, ***где есть казахские диаспоры***»[11].

***Справочно:*** Согласно данным всемирной ассоциации казахов, за пределами Казахстана в 43 странах живут свыше 5 миллионов человек (по некоторым данным, около 4 млн. 500 тыс.), представляющих казахскую диаспору [12].

Если Казахстан намерен определить географические приоритеты при ОПР для государств в которых проживают представители казахской диаспоры, то следовательно данное положение ***должно найти отражение в содержании Закона об официальной помощи развитию.***

В последнее время через неправительственные организации активно налаживается контакт и сотрудничество с казахской диаспорой за рубежом. Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 октября 2017 года №644, создано НАО Фонд «Отандастар», основной целью которого является обеспечение поддержки зарубежных и прибывших в Республику Казахстан этнических казахов, а также постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 мая 2018 года №280, утвержден План мероприятий по поддержке этнических казахов за рубежом на 2018-2022 годы» [13]. В настоящее время обсуждается проект Закона Республики Казахстан о государственной поддержке соотечественников за рубежом.

Проект Закона Республики Казахстан о государственной поддержке соотечественников за рубежом не содержит положений об оказании ОПР в государствах где проживают представители казахской диаспоры.

При осуществлении поддержки Республикой Казахстан своих соотечественников за рубежом Республика Казахстан действует в соответствии с общепризнанными принципами и нормами международного права, международными договорами и с учетом законодательства иностранных государств[13].

***Справочно:***

*Согласно статье 2 Декларации ООН о правах лиц, принадлежащих к национальным или этническим, религиозным и языковым меньшинствам ... лица, принадлежащие к меньшинствам, вправе устанавливать и поддерживать свободные и мирные контакты как*

с другими членами своей группы, так и с лицами, принадлежащими к другим меньшинствам, а также контакты через границы с гражданами иных государств, с которыми они связаны национальными, этническими, религиозными или языковыми узами [13].

Следовательно, в проект Закона Республики Казахстан о государственной поддержке соотечественников за рубежом предлагаем внести дополнения об оказании ОПР, а Закон Республики Казахстан Об официальной помощи развитию **дополнить положением об оказании ОПР тем государствам в которых проживает казахская диаспора.**

2) Статья 5 анализируемого Закона («Секторальные приоритеты официальной помощи развитию») определяет направления государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию. Официальная помощь развитию направляется, например, на охрану окружающей среды, на развитие сельского хозяйства и продовольственной безопасности; образования и науки; здравоохранения и др. секторы страны-партнёра.

Между тем, статья 5 не содержит таких секторальных приоритетов, как борьба с бедностью, гендерное равенство.

Лишь подпунктом 4) пункта 1 статьи 3 («Цели и задачи официальной помощи развитию») Закона предусмотрена цель ОПР: содействия социально-экономическому развитию страны-партнёра и повышению благосостояния её граждан.

Отсутствие в Законе положений о гендерном равенстве не соответствует Целям устойчивого развития ООН (Цель №5) которая заключается в «обеспечении гендерного равенства и расширения прав и возможностей всех женщин и девочек».

Принимая во внимание, что вся деятельность Казахстана в рамках помощи развитию способствует реализации прав человека в соответствии со Всеобщей декларацией прав человека и другими международными инструментами по правам человека, то становится очевидным, что помощь будет направлена на обеспечение гендерного равенства благодаря конкретным проектам, нацеленным на расширение прав и возможностей женщин.

К тому же, одним из принципов ОПР, закрепленных в Основных направлениях государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию на 2017-2020 годы, является «уважение основных прав человека, экономических, социальных и трудовых прав бенефициаров проекта, включая гендерное равенство».

Казахстан принимал активное участие в процессе выработки ЦУР, достигении Целей развития тысячелетия (далее - ЦРТ) и одним из первых оповестил международную общественность о достижении целевых показателей по ряду ЦРТ, включая искоренение крайней бедности и голода, повышение доступа к начальному образованию и достижение гендерного равенства в сфере среднего образования.

Законодатель в статье 5 («Цели и задачи официальной помощи развитию») в качестве задачи официальной помощи развитию указал борьбу с бедностью, а положение о гендерном равенстве отсутствует.

На основании вышеизложенного, предлагаем внести в статью 5 («Секторальные приоритеты официальной помощи развитию») следующие секторы, определяемые основными направлениями государственной политики Республики Казахстан в сфере ОПР: **борьба с бедностью, гендерное равенство.**

3) В соответствии с тем, что в налоговом, бюджетном законодательстве Республика Казахстан рассматривается как страна-реципиент, считаем возможным закрепить положения в соответствующих кодексах, **о статусе Казахстана как страны-донора.**

4) Принимая во внимание значение взаимодействия институтов национальной системы в сфере ОПР с международными и региональными экономическими и финансовыми организациями, полагаем возможным дополнить статью 3 («Цели и задачи официальной помощи развитию») задачей официальной помощи развитию: **«укрепление взаимодействия с международными и региональными экономическими и финансовыми организациями».**

5) Предлагаем расширить понятийный аппарат с учетом круга субъектов, относящихся к участникам регулируемых общественных отношений в сфере официальной помощи развитию: «страна-реципиент», «страна-донор».

Бесспорно, наличие специального закона в сфере официальной помощи развитию можно оценить только положительно. Вместе с тем, нельзя утверждать, что сложный процесс правового регулирования в данной сфере завершен. Закон не раскрывает всего механизма оказания официальной помощи развитию государствам, многие положения не проработаны, спорны. Недостаточно регламентирована процедура использования финансовых инструментов при оказании ОПР.

Некоторые формулировки являются «громоздкими», носят общий характер, размытость и неконкретность в понимании, так же выявлены нормы, способные создавать коррупционные риски.

Скудная практика его применения, отсутствие внесения изменений и дополнений в период его действия, негативное отношение широкой общественности в целом к оказанию нашей страной официальной помощи развитию зарубежным государствам, создание Агентства (*НАО «KazAID»*) вызывает неоднозначную реакцию. Это требует правильного законодательного оформления общественных отношений в сфере официальной помощи развитию, формирования положительного общественного мнения, дальнейшего совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.

#### Список использованных литератур

1. Цели устойчивого развития в Республике Казахстан. [Электронный ресурс] URL: <https://egov.kz/cms/ru/zur>
2. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» [Электронный ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/>
3. Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 6 марта 2020 года №280 [Электронный ресурс] URL: [https://www.akorda.kz/ru/legal\\_acts/o-konceptcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody](https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/o-konceptcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody)
4. «Об утверждении основных направлений государственной политики Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию на 2021 – 2025 годы». Проект Указа Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс] URL: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=4371215>
5. Горбунова А. Сколько потратит Казахстан на содержание нового агентства помощи другим странам. 19 августа 2020 года [Электронный ресурс] URL: [https://forbes.kz/process/skolko\\_potratit\\_kazahstan\\_na\\_soderzhanie\\_novogo\\_agentstva\\_pomoschi\\_drugim\\_stranam/](https://forbes.kz/process/skolko_potratit_kazahstan_na_soderzhanie_novogo_agentstva_pomoschi_drugim_stranam/)
6. [Электронный ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ulaanbaatar/press/news/details/149593?lang=ru>
7. Официальная помощь развитию [Электронный ресурс] URL: [https://www.inform.kz/ru/oficial-naya-pomosch-razvitiyu\\_a2835876](https://www.inform.kz/ru/oficial-naya-pomosch-razvitiyu_a2835876)
8. Морозкина А.К. Официальная помощь развитию: тенденции последнего десятилетия. //Мировая экономика и международные отношения.- 2019.-том 63.- №9.- С.86, 90 [Электронный ресурс] URL: <http://www.eeg.ru/files/lib/2019/02092019.pdf>
9. Шибутов Марат. Зачем Казахстану агентство международного развития? Центр геополитических исследований «Берлек-Единство». [Электронный ресурс] URL: <http://berlek-nkp.com/analytics/9069-zachem-kazahstanu-agentstvo-mezhdunarodnogo-razvitiya.html>
10. Закон Республики Казахстан от 10 декабря 2014 года №263-V «Об официальной помощи развитию» // ИПС НПА «Әділет» [Электронный ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000263> [дата доступа: 12.02.2021 г.]
11. МИД: Агентство содействия международному развитию KazAID должно начать работу в сентябре. [Электронный ресурс] URL: <https://informburo.kz/novosti/mid-agentstvo-sodeystviya-mezhdunarodnomu-razvitiyu-kazaid-dolzno-zarabotat-v-sentyabre-.html>
12. [Электронный ресурс] URL: [https://www.inform.kz/ru/skol-ko-kazahov-prozhivaet-zarubezhom\\_a3539766](https://www.inform.kz/ru/skol-ko-kazahov-prozhivaet-zarubezhom_a3539766)
13. Заключение РПП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан на проект Закона «О государственной поддержке

соотечественников за рубежом». (По материалам Итогового творческого отчета в рамках исполнения государственного задания Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан «Услуги по обеспечению поддержки зарубежных и прибывших в Республику Казахстан этнических казахов». Отчетный период: 2019 год.)

## СУ РЕСУРСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

### ЖУНУСБЕКОВА Айгерим Жунусбековна

*халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Андатпа.** *Әмбебап деңгейдегі су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың заманауи институционалдық механизмі – бұл қызметі жалпы және ішінара Жер суларын қорғауға және сақтауға көмек көрсетуге арналған халықаралық ұйымдардың (үкіметаралық және үкіметаралық емес) жиынтығын көрсетеді. Мақалада халықаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану саласында халықаралық ұйымдардың ролі мен қызметі қарастырылады.*

**Аннотация.** *Современный институциональный механизм международного сотрудничества в области охраны и рационального использования водных ресурсов на универсальном уровне представляет собой совокупность международных организаций (межправительственных и неправительственных), деятельность которых способствует охране и сохранению трансграничных вод в целом и частично. В статье рассматривается роль и деятельность международных организаций в области совместного использования международных водотоков.*

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қызметін әмбебап деңгейде үйлестірудің жалпыға танылған орталығы Біріккен Ұлттар Ұйымы болып табылады.

Тұщы су ресурстары мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымының күн тәртібінде өзектілігіне сәйкес орынды бірден ала алмады. Экологиялық сипаттағы мәселелерге толықтай арналған алғашқы конференция 1972 жылы Стокгольмде өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта жөніндегі конференциясы болды. Алайда, онда су мәселелері әлі көпжақты талқылаудың жеке тақырыбы ретінде қарастырылмады [1].

БҰҰ-мен 1977 жылы шақырылған және тек қана суға арналған алғашқы әмбебап үкіметаралық форум Мар-дель-Платадағы конференция болды. Бұл конференцияда адамзат тарихында тұңғыш рет толығымен су ресурстарына арналған жаһандық құжат – Су ресурстарын игеру және басқару жөніндегі әрекеттер жоспары қабылданды. Сонымен қатар, Конференцияда Халықаралық ауыз су және санитария онжылдығын өткізу туралы шешім қабылданады, және су мәселелері ынтымақтастықтың жеке бағыты және әлемдік су ресурстарының нақты жағдайын пәндік зерттеу және оларды бағалау саласы ретінде анықталды. Кейіннен бұл шешімді БҰҰ Бас Ассамблеясы жүзеге асырды, ол 1980-1990 жж. Ауыз сумен жабдықтау және санитария халықаралық онжылдығы деп жарияланды [2]. Осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі 1992 жылы қаңтарда Дублинде өткен Су ресурстары және қоршаған орта жөніндегі халықаралық конференция болды. Бұл ең сәтті бейінді форумдардың бірі болып саналады. Осы конференцияда әйгілі Дублин қағидалары қабылданды, олар халықаралық ұйымдар мен құрылымдардың кейінгі жұмысына негіз болды.

Бұл қағидалар 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму бойынша конференциясында одан әрі дамыды. Осы конференцияда және 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы Жер Саммитінде ғаламдық тұщы су ресурстарын талқылау, үйлестіру және пайдалану бойынша ірі халықаралық платформа ретінде әрекет ететін дүниежүзілік су кеңесін құру идеясы алғаш рет айтылады [3; 51].

1996 жылы Дүниежүзілік су кеңесі заңды түрде тіркеліп, Ақпараттық жұмыстармен қатар, оның басты жетістігі үш жылда бір рет өткізілетін және су проблемалары бойынша жаһандық ынтымақтастыққа өзіндік саты болып табылатын Дүниежүзілік су форумдары болды. Бұл форумдар әлемдік қауымдастықтың хабардарлығын арттыру, саяси

міндеттемелер қалыптастыру және тиімді сақтау, қорғау, игеру, жоспарлау, басқару және суды экологиялық тұрақты негізде пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында су саласындағы өзекті мәселелерді барлық деңгейінде (жоғары деңгейді қоса алғанда) шешу бойынша әрекеттерге бастамашылық ету үшін беделді платформа болды.

Су форумдарын өткізу басталуымен халықаралық қауымдастық заманауи су проблемасының ғаламдық сипатын ресми түрде растады. Бір жарым онжылдық ішінде сегіз дүниежүзілік су форумы өткізілді, олардың нәтижелері әсерлі болды [1].

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі әлемдік және аймақтық деңгейдегі су ресурстарының мәселелерімен де айналысады. БҰҰ Бас Ассамблеясымен Экономикалық және әлеуметтік кеңесі шегінде Энергетика және табиғи ресурстар комитеті БҰҰ-ның табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын игеру бойынша қызметін үйлестіреді, су ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша сессиялар өткізеді, қатысушы елдердің жалпы даму жоспарлары шегінде су ресурстарын жоспарлау, игеру және ұтымды пайдалану ісінде талдау жүргізеді және консультациялық қызметтер көрсетеді, осы салада ақпарат және тәжірибе алмасуды ұйымдастырады және т.б.

Халықаралық су ағындарын қорғау мен пайдалануда БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы маңызды рөл атқарады. БҰҰ ЕЭК шегінде қоршаған ортаны қорғау және трансшекаралық өзендерді пайдалану саласында бірқатар маңызды құжаттар әзірленді және қабылданды: Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция, Хельсинки, 1992 ж., 1991 ж. Трансшекаралық контексттегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция (Espoo), Ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне қоғамның қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жетімділік туралы Орхус конвенциясы, 1998 ж.

Халықаралық су ағындарын пайдаланудағы мемлекеттер ынтымақтастықтығындағы маңызды рөл интеграциялық құрылым Еуропалық Одаққа да (ЕО) жүктелген. ЕО су ресурстарына және қоршаған ортаны қорғауға байланысты көптеген директивалар шығарды. Олардың ішіндегі ең белгілісі: 2000 жылы Одақтың Су саясаты саласындағы рамолық әрекеттерін белгілейтін Директива қабылданды (ЕО су директивасы), ол өзен бассейні деңгейінде суды кешенді пайдалану қағидасын енгізу негізінде ЕО-та су саясатын жалпы үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Су директивасында халықаралық келісімдерді, ұлттық заңнаманы және жалпы су саясатын әзірлеу кезінде, тіпті Еуропалық Одаққа мүше емес мемлекеттермен де сәтті қолданыла алатын бірқатар ережелер мен тәсілдер бар [2].

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар осы саладағы өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: ақпараттық, консультативтік, құқық шығарушылық, бақылау. Су мәселелерімен айналысатын маңызды үкіметтік емес ұйымға Жаһандық су серіктестігі жатады. Бұл құрылым өз қызметінде су ресурстары саласындағы Дублин қағидаларын басшылыққа алады.

Алайда, су мәселесімен айналысатын ірі Халықаралық үкіметтік емес ұйымға 1948 жылы Францияда құрылған Табиғат пен табиғи ресурстарды қорғаудың халықаралық одағы болып қала береді. Сонымен қатар, бірнеше мамандандырылған ғылыми ұйымдарды да атап өту қажет, мысалы Халықаралық су ресурстарын басқару институты (International Water Management Institute) ауыл шаруашылығында су ресурстарын пайдалану және дамушы елдерде су шаруашылығын басқару мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымы болып табылады.

Халықаралық су бойынша ассоциация мақсаты тұщы су бассейндерінің жағдайын жақсарту болып табылады. Ол сумен жабдықтау, ағынды сулар, су сапасын басқару, басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, экологиялық мониторинг бойынша материалдарды жариялау мәселелерімен айналысады. Ол Азия-Тынық мұхиты аймағында, Таяу Шығыста және Оңтүстік-Шығыс Еуропада трансшекаралық су ресурстары мәселелері бойынша халықаралық және аймақтық конференциялар өткізеді.

Тағы бір үкіметтік емес ұйым – Еуропалық су бойынша ассоциация 1981 жылы су ортасын басқару және жақсарту және су ресурстарын пайдаланудың барлық мәселелерімен

айналысатын тәуелсіз үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым ретінде құрылды. Ассоциацияның мақсаты ретінде конференциялар, кездесулер және жұмыс топтарын ұйымдастыру арқылы су ресурстарын басқару мәселелеріне қатысты соңғы техникалық және басқарушылық әзірлемелер туралы ақпарат беру болып табылады.

Осылайша, су мәселесін шешуге үкіметтік емес ұйымдар және әртүрлі бейіндегі басқа да мемлекеттік емес субъектілер белсенді қатысады. Соған қарамастан, үкіметтік емес сектор жаһандық су дағдарысына қарсы күресте рөлі артып келе жатқанына қарамастан, әлемдік саясаттың су ресурстары мәселесіндегі мамандандырылған ең тиімді субъектілері халықаралық үкіметтік ұйымдар болып қала береді, олардың арасында БҰҰ ерекше орын алады.

2000 жылы БҰҰ өткізген Мыңжылдық Саммитінде «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» қарары қабылданды, онда су ресурстары туралы мәселелер де көрініс тапты. Атап айтқанда, «2015 жылға қарай таза ауыз суға және қарапайым санитарияға тұрақты қол жетімділігі жоқ адамдардың санын екі есеге азайту» қажет екендігі айтылды [4].

2003 жылдың желтоқсанында су тұрақты даму үшін, оның ішінде табиғи ортаны сақтау және кедейлік пен аштық көлемін азайту үшін өте маңызды екенін, сусыз халықтың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мүмкін емес екенін мойындай отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2005-2015 жж. «Су өмір үшін» Халықаралық іс-қимылдар онжылдығы деп жариялады [5].

2015 жылы Мыңжылдық декларациясының әрекет ету мерзімі аяқталды. Бұл іс-шара сәтті өтті және маңызды нәтижелерге қол жеткізуге алып келді деп танылды. Енді әлемдік қауымдастық алдында адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа мақсаттар қойылды. Жаңа мақсаттар қоюға арналған құжаттардың бірі БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы 25 қыркүйектегі «Әлемді өзгерту: 2030 ж. дейінгі кезеңде тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» 70/1 Қарары болды. Қарарда тұрақты дамудың 17 мақсаты қамтылған, оған қол жеткізуде су ресурстары маңызды рөл атқарады [6].

БҰҰ Бас Ассамблеясының келесі қадамы 2016 жылдың 21 желтоқсанында 2018-2028 жылдар кезеңін «Су тұрақты даму үшін» Халықаралық әрекеттер онжылдығы деп жариялау туралы Қарарын қабылдауы болды. Жаңа онжылдықта әлемдік қауымдастық алдында Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша келесідей міндеттер қойылды: су ресурстарын кешенді басқаруға және тиімді пайдалануға ықпал ету, бағдарламаларды, жобаларды іске асыру және ілгерілету, сондай-ақ су ресурстарымен байланысты халықаралық деңгейде келісілген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін барлық деңгейлердегі ынтымақтастық пен серіктестікті кеңейту. Сонымен қатар, қарарда су ресурстары, азық-түлік, энергетика және қоршаған ортаның өзара байланысын ескере отырып, барлық деңгейлерде суды тиімді пайдаланудың маңыздылығы атап көрсетілген. Бұл қарым-қатынас теңдестірілген болуы керектігі және компоненттердің ешқайсысы басқаларына қарағанда басым болмауы керектігі белгіленді [7].

2004 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының су ресурстарымен айналысатын түрлі мекемелері мен бағдарламаларының әрекеттерінің үйлесімділігі мен үйлестірілуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылым – «БҰҰ – су ресурстары» Механизмі құрылды, оның жұмысы ротация принципіне сәйкес басқарылады. Механизмнің мүшелері, атап айтқанда, БҰҰ-ның кейбір мамандандырылған мекемелері, БҰҰ-ның бірнеше бағдарламалары (ЮНЕП, БҰҰДБ және т.б.), сәйкес аймақтар үшін әрекет ету жоспарларын құрайтын БҰҰ-ның барлық бес аймақтық комиссиясының хатшылығы, бірқатар конвенциялардың хатшылықтары (биологиялық әртүрлілік туралы, климаттың өзгеруі туралы және т.б.), сондай-ақ БҰҰ жүйесіне кіретін жекелеген ұйымдар, органдар мен құрылымдар кіреді.

ЮНЕСКО-ның (UNESCO Water Family) трансшекаралық су объектілерін пайдалану мен қорғаудағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және тереңдетуге қосқан үлесі ерекше назар аудартады. Осы ұйымның қамқорлығымен Аймақтық су ресурстары бойынша орталықтар құрылды және жұмыс істеуде. Суды пайдалану мәселелері бойынша институт (су

ресурстары саласындағы магистрлерді дайындау), Су ресурстарын бағалау бағдарламасы және Халықаралық гидрологиялық бағдарлама жүзеге асырылады, бұл толығымен су ресурстарын зерттеуге, оларды басқаруға және осы саладағы әлеуетті құруға және арттыруға арналған БҰҰ жүйесіндегі жалғыз үкіметаралық бағдарлама болып табылады.

Сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы су қауіпсіздігін нығайту жөніндегі БҰҰ бастамалары шегіндегі ЮНЕСКО-ның ерекше рөлін атап өту қажет. 2001 жылы ЮНЕСКО мен Халықаралық Жасыл Крест (Green Cross International) бірлескен «Ықтимал қақтығыстан әлеуетті ынтымақтастыққа дейін: Су бейбітшілік үшін» бағдарламасын бастады. Ол Дүниежүзілік Су ресурстарын бағалау бағдарламасының бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты, Жасыл Крест сияқты, адамзатқа трансшекаралық су ресурстарының салдарынан қақтығыстар туындаған кезде бейбітшілік пен ынтымақтастық идеясының маңыздылығын жеткізу болды [8].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының 2011 жылға арналған адам дамуы туралы «Тұрақты даму және мүмкіндіктердің теңдігі: баршаға жақсы болашақ баяндамасында», таза және қауіпсіз орта – артықшылық емес, құқық болып табылатындығына баса назар аударады. Сәйкесінше, экологиялық құқықтарды, оның ішінде таза суға қол жеткізу құқығын ұлттық заңнамаларға енгізу өте маңызды болып саналады. Баяндама авторларының пікірінше, салауатты қоршаған ортаға конституциялық тұрғыдан тең құқықты тану теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етеді және «бұл құқықты құқықтық құрылымға енгізу үкіметтің басымдықтарына және ресурстарды бөлуге әсер етуі мүмкін» [9].

Жоғарыда аталған субъектілердің әрқайсысы халықаралық су ресурстары құқығының қалыптасуы мен қарқынды дамуына ықпал етті. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, олар, өкінішке орай, әрдайым бүгінгі күннің шындығымен үнемі қатар жүріп отырмайды: су дағдарысы осы уақытқа дейін күшейе түсуде. Ғаламдық су дағдарысы жағдайында осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың қазіргі кезде қалыптасқан ұйымдастырушылық механизмі айтарлықтай реформалауды қажет етеді. Атап айтқанда, тиісті үйлестіруге қол жеткізу және қайталануды болдырмау үшін, қолданыстағы құрылымдардың мазмұндық құзыреті неғұрлым нақты бөлінуі керек. Бұл олардың салыстырмалы артықшылықтары негізінде БҰҰ жүйесінің әртүрлі бөліктері арасында тиімді еңбек бөлінісін қамтамасыз етеді. Кез-келген жаңа ұйымдастырушылық механизмдер қолда бар ресурстарды барынша ескере отырып, тиісті іс-шараларды белсендендіруге ықпал етуі маңызды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Черняховский Э. Водная дипломатия: водные ресурсы мира – основа для выживания и устойчивого развития в 21 веке // Дипломатическая служба. 2009. – №2.)
2. БҰҰ БА 10 қараша 1980 ж. 35/18 Қарары «Провозглашение Международного десятилетия снабжения питьевой водой и санитарии» [Электронды ресурс]. – URL: <https://undocs.org/ru/A/RES/35/18> (ж.к.: 15.02.2021)
3. Куденева Ю.С. Формирование международной стратегии в области водных ресурсов: современный этап и ближайшие перспективы // Юридический мир. – 2011. – №12. – Б.50-55
4. Кожакматова Н. Дефицит водных ресурсов – угроза устойчивому развитию // Обозреватель–Observer, 2009. – №4
5. БҰҰ БА 23 желтоқсан 2003 ж. 58/217 Қарары «Международное десятилетие действий «Вода для жизни», 2005–2015 годы» [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.un.org/en/sections/documents/general-assembly-resolutions/index.html> (ж.к.: 15.02.2021)
6. БҰҰ БА 25 қыркүйек 2015 ж. 70/1 Қарары «Преобразование нашего мира: повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года» [Электронды ресурс]. – URL: <https://undocs.org/pdf?symbol=ru/a/res/70/> (ж.к.: 15.02.2021)
7. БҰҰ БА 21.12.2016 ж. № 71/222 Қарары «Международное десятилетие действий „Вода для устойчивого развития“ 2018–2028 годы от 21.12.2016 г.» [Электронды ресурс]. – URL: <https://wsdconf2018.org/wp-content/uploads/2017/05/N1646003-rezalyutsiya.pdf> (ж.к.: 15.02.2021)
8. UNESCO-IHP//Groundwater Portal//From Potential Conflict to Co-operation Potential (PCCP) // [Электронды ресурс]. – URL: <https://groundwaterportal.net/project/pccp> (ж.к.: 15.02.2021)
9. Устойчивое развитие и равенство возможностей: лучшее будущее для всех: Резюме доклада о человеческом развитии Программы развития Организации Объединенных Наций // Организация Объединенных



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ІШКІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

**МАЙШЕКИНА Э.С.**

*PhD докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей*

**АМЕРХАНОВА И.К.**

*PhD докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей*

**Андатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қон процестері қарастырылып, көші-қонның қоғамдық өмір процестеріне әсер етуінің негізгі аспектілері анықталған, көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері көрсетілген. Сондай-ақ, мақалада көші-қонды құқықтық реттеудің негізгі аспектілері және ішкі көші-қонның өзекті мәселелері қарастырылады, бұл негізінен қолайсыз аймақтардан экономикалық жағдайы анағұрлым қолайлы аймақтарға қарқынды депортациялаумен сипатталады. Мақалада Қазақстандағы ішкі көші-қон проблемалары қарастырылған.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены внутренние миграционные процессы в Республике Казахстан, определены основные аспекты влияния миграции на процессы общественной жизни, обозначены принципы политики государства в области миграции. Так же в статье рассмотрены основные аспекты нормативно-правового регулирования миграции, и актуальные проблемы внутренней миграции, которая характеризуется в основном интенсивным депортациям из неблагоприятных регионов в районы с более благоприятной экономической ситуацией. В статье рассмотрены проблемы внутренней миграции в Казахстане.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өз талаптары бойынша демократиялық өлшемдер мен шарттарға жауап беретін заңдар мен нормалар қолданылуда. Бірақ уақыт пен қоғам бір орында тұрмайды, жиырма тоғыз жыл бұрын біздің еліміз коммунистік заңдар бойынша тоталитаризм режимінде өмір сүрген. Кеңес дәуірінің кезеңі біздің дамуымызға, мәдени және экономикалық жетістіктерге, интернационализм болды деп айтуға болмайды, бірақ, өкінішке орай, адам құқықтары саласындағы жағдай басқа дамыған елдерге қарағанда нашар болды. Адам мен қоғамның құқықтары дұрыс қорғалмайтын мемлекет ұзақ уақыт өмір сүре алмайды деген қорытынды бар. Бұл Кеңес Одағының құлдырауының және жаңа тәуелсіз демократиялық мемлекеттердің құрылуының негізгі себептерінің бірі болды.

Заңдар қоғамдық процестерді, қоғамдағы қатынастардың әр қырын реттейді. Адам құқықтарының бұзылуына, құқықтық нигилизмге және құқықтық надандыққа жол берілмейді. Адам құқықтарының сақталуын, заңның үстемдігін, заңның құлдырауын бақыламайтын мемлекет тұрақсыздықтың, қоғамдағы тәртіпсіздіктің, анархиялық жағдайға тап болады.

Заң адам құқықтарын қорғап қана қоймай, қоғамдағы барлық процестерді реттейді, сонымен бірге адам құқықтарын шектейді, адамға, қоғамға, елге қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерге тыйым салады.

Ішкі көші-қонның негізі - жұмыс іздеу, алға ұмтылу және өмір салтын өзгерту. Ішкі көші-қон әсіресе кең территориялы және әртүрлі климаттық-экономикалық жағдайлары бар елдерде жиі кездеседі. Үлкен аумағы бар штаттарда маусымдық еңбек көші-қоны маңызды орынды алады: - маусымдық және ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін ауылға жұмыс күшінің уақытша жылжуы, ауылдық жерлерден қалаға уақытша маусымдық қозғалысы. Өкінішке орай, ресми деректерге сәйкес ішкі көші-қонның жылдық көрсеткіштері шамамен 300 мың адамды құрайды, ал сыртқы көші-қон - 1 миллион адамға дейінгіні құрайды. Бірақ бұл көрсеткіш қазіргі пандемия кезінде сиреген. БҰҰ-ның бағалауы бойынша Қазақстан көші-қонның салыстырмалы көлемі бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Жаппай көші-қон білікті жұмысшылардың елеулі шығындарымен қатар жүреді және ел үшін ауыр зардаптарға алып келеді. Кәсіптердің тепе-теңдігі, қоғамның әлеуметтік құрылымы бұзылып, диаспоралар саны айтарлықтай қысқарды. Орталық Азиядағы көші-қон

процестері бір-біріне ұқсас келеді, урбанизация ауылдан (ауылдан) қалаға, жақсы жұмыс іздеп жүрген адамдарға қосылу арқылы магнитті тудырады. Сондықтанда ішкі көші-қон мемлекет тарапынан реттелуі қажет [1].

Қазақстанда қазіргі уақытта ішкі мигранттарды тіркеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі органдары жүргізетін тіркеу деректері негізінде жүзеге асырылады [2].

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамалық базаны талдау біздің елімізде бірыңғай, ғылыми негізделген, теңдестірілген және дәйекті мемлекеттік көші-қон бағыты жоқ екенін атап өтуге толық негіз береді. Көші-қон ағындарын бақылау және реттеу, өздігінен дамып келе жатқан көші-қон процестерінің қолайсыз салдарын жою, мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыру үшін жақсы жағдайлар жасау қажет. Көші-қон бағыты тек мемлекетпен ғана емес, қоғамдық ұйымдар да ішкі мигранттардың мәселелерін шешуде белсенді болуы керек.

Соңғы жылдары ғаламдық көші-қон процестері айтарлықтай ауқымға ие болды. Қазақстан Республикасы басқа елдермен қатарда. Біздің еліміздің көші-қон бағыты мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға бағытталған. Көші-қон процестері адамзат тарихының барлық кезеңдеріндегі тұрақты құбылыс. Халықтың көші-қоны Қазақстан өмірінде орасан және маңызды рөл атқарады, әрине, біздің еліміздегі көші-қонның өзіне тән ерекшеліктері бар. Кез-келген көші-қон қайшылықты әсерге ие болады және бастан өткерген кезеңнің күрделілігін көрсетеді. Мигрант өзінің өмір салтын түбегейлі өзгертуі керек.

Халықтың қоныс аударатын ұтқырлығы өндіргіш күштердің дамуын жеделдетуге ықпал етеді, азаматтардың қоғамдық істерді шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Жұмыссыздық экономикалық дағдарыс пен халықтың көші-қон процесінің өткір мәселелерінің біріне айналды. Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыссыздар саны өте көп. Социологиялық зерттеулер көрсеткендей, 25 жасқа дейінгі қазақстандық жастардың шамамен 30% -ы олардың еңбек және тұрмыстық жағдайларына қанағаттанбайды. Қазақстанда көші-қон саясатындағы кешенді реформалар арқылы жұмыссыздықты жоюға болады.

Халықтың шамамен 40%-ы оңтүстік астананы есептемегенде Қазақстанның оңтүстік аймақтарында тұрады. Сонымен бірге, бұл үлестің Қазақстанның ЖІӨ-ге қосқан үлесі 17% -дан аспайды, ал солтүстік өңірлерде халықтың 29% -ы жалпы өңірлік өнімнің 25% -ын қажет етеді. Қазақстандағы бұл демографиялық теңгерімсіздік күшейе түседі. Егер ешқандай шара қолданылмаса, оңтүстік облыстардың халқы өседі. Сонымен қатар еңбек өнімділігінің теңгерімсіздіктері де бар. Халықтың тығыздығы жоғары Қазақстанның оңтүстік облыстарында өнімділік төмен, ал солтүстік облыстарда өнімділік жоғары. Пандемиялық кезең басталғанға дейін жаңа жұмысшылардың келуінің бәсеңдеуі байқалды. Бұл өткен ғасырдың 90-жылдарындағы демографиялық дағдарыстың нәтижелері мен салдары және соған байланысты еңбек нарығында ұсыныстың тоқтауы. Көші-қон саясатының дәйектілігін қамтамасыз ете отырып, ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу қажет, аймақтардың демографиялық және экономикалық тепе-теңдігін жақсарту, білікті мамандардың ашық нарығын қалыптастыру қажет [3].

Қазақстандағы көші-қон процестері жүйелі емес. Көші-қон - бұл табиғи құбылыс және ол тек еліміздің экономикалық жағдайымен байланысты емес. Жаңа коммуникациялық технологиялардың, байланыс құралдарының дамуы, шекаралардың ашылуы көбінесе халықтың жаһандық қозғалысының негізі болып табылады. Қазақстандағы көші-қон процестері халықтың шетелде де, ел ішінде де қозғалысын ынталандыратын көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Соңғы жылдары ішкі көші-қон процестері көбейді. Аймақтардағы халықтың ұтқырлығы аймақтарға қарағанда жоғары. Екі ірі қала - Нұр-Сұлтан және Алматы - ішкі көші-қон орталықтары, олар ішкі мигранттардың жалпы ағынының жартысына жуығын қажет етеді. Ішкі көші-қон сыртқы көші-қоннан едәуір асып түседі. Олар жақсы өмір, жұмыс және тұрмыстық жағдай іздеп мигранттарға айналады.

Посткеңестік кеңістікте көші-қон процестері бір-біріне өте ұқсас. Ішкі көші-қон формуласы көптеген мемлекеттер үшін таптырмас және ерекше ерекшеліктерімен ерекшеленбейді. Егер мемлекет ішкі мигранттардың мәселелерін шешпесе, онда ол қарама-қайшы және тұрақсыздандырушы азаматтар - маргиналды санатын алады. Ішкі көші-қонды реттеуге болады, қалаларда ішкі мигранттарды әлеуметтендірудің тетіктерін құру қажет. Көптеген елдерде маңызды проблемалардың бірі ішкі көші-қон болып табылады. Өсіп келе жатқан мегаполис елдегі тұрақтылықты сақтауға үлкен сынақ пен қатер тудырады [4;3].

Көші-қон процестері - адамзат дамуының барлық кезеңдеріндегі құбылыс. Көші-қон - бұл халықтың өмірлік жағдайдың жақсаруы мен өзгеруіне жаппай ден қою тәсілдерінің бірі. Әрине, Қазақстанда көші-қонның көпшілігі мәжбүрлі болды. Ішкі көші-қонның негізгі себептері:

- балаларының және туыстарының болашағы туралы жалпы алаңдаушылық;
- еліміздің экономикалық жағдайының нашарлауына байланысты алаңдаушылық;
- көбінің ақылы жұмыс іздеуі;
- өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылу;
- экологиялық жағдайдың нашарлауы.

Жақында халықтың көші-қонында оң белгілер пайда болды: ауылдан-қалаға көшіп-қону бағытын қалпына келтіру, экономикалық фактілердің әсерін күшейтті. Мүмкін бұл тұрақтандыру өте ерекше шығар, бірақ көші-қон процестері әлі де бақылануда. Сәтсіз экономикалық реформалар Қазақстанды мәжбүрлі көші-қон ағымынан шығудың жолын іздейтін кезеңдік (транзиттік) мемлекетке айналдыра алады. Теңдестірілген (жүйелік) көші-қон бағыты мен көші-қон саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйенің өзгеруі халықтың көші-қонының жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі:

- стресстік (абыржу мен әлеуметтік ыңғайсыздыққа байланысты)
- коммерциялық (экономикалық қызметке байланысты)
- қысқа мерзімді (еңбек, сауда сапарлары).

Қазақстандағы көші-қон процестерін тұрақтандыру көші-қон саласындағы саяси, ұйымдастырушылық, қаржылық, экономикалық шаралар кешенін қамтуы керек. Қазақстанға бірыңғай, ғылыми негізделген, теңдестірілген және дәйекті мемлекеттік көші-қон бағыты қажет. Көші-қон процестерін мұқият, егжей-тегжейлі реттеп, көші-қонның қолайсыз салдарларын жеңіп, мигранттардың құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасау қажет.

Қазақстанның ішкі көші-қонына барлық облыстардың тұрғындарына қатысты. Ішкі мигранттар үшін солтүстік пен оңтүстіктегі астаналар әрқашан тартымды. Көші-қон - бұл халықтың өмірлік ахуалдың өзгеруіне жаппай ден қоюының маңызды тәсілдерінің бірі, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерді нақты және дәл көрсетеді.

Көші-қон процестері әртүрлі факторлармен анықталады. Қазіргі әлемде мигранттарды тауар ретінде, ал көші-қонды қауіпті емес, табиғи мәселе ретінде қарастырады. Кез-келген адам бейбітшілікте, жарқын әлемде өмір сүргісі келеді. Мигрант экономикалық жағынан жағдайын жақсартып, өмір сүру үшін көп нәрсеге төзуге дайын. Ауылдан қалаға жаппай қозғалу әлеуметтік-демографиялық көрініске қатты әсер етеді [5].

Қазіргі таңда, ішкі көші-қон көбеюде. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында елде жарты миллионнан астам азамат көшіп келді, оның 65% -ы сол аймаққа көшті. Көбінесе адамдар ірі қалаларға көшуді жөн көреді. Ауылдарда демографиялық жағдай нашарлап барады. Ішкі көші-қон процестерін оңтайландырып, келесі әрекеттерді орындау қажет:

- білім сапасын арттыру бағдарламаларын құру және әзірлеу
- тіркеу процедурасын жеңілдету
- ірі қалалардың қала маңындағы аймақтарын дамыту (Алматы, Нұр-Сұлтан)
- ірі қалалардағы мигранттардың бейімделу мәселелерін шешу
- жұмыспен қамту рәсімінің нормативтік-құқықтық базасына түзетулер енгізу.

Ішкі мигранттардың психологиялық бейімделу проблемаларына қатысты тұрғылықты халықтың жаңадан келгендерге қатынасынан көруге болады. Көші-қон - бұл күрделі және көп қырлы бизнес.

Көші-қон бағыты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ішкі көші-қон келесі процестермен сипатталады:

- ауылшаруашылық саласының құлдырауы нәтижесінде халықтың ауылдан кетуі

- экологиялық себептер

- қала құрушы кәсіпорындар мен қайта өңдеу кешендерінің тоқтап қалуына байланысты адамдардың шағын қалалардан кетуі.

Көші-қон саясатының мақсаты - көші-қон мәселелерін басқару, мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту және қоныс аударушылардың құқықтарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау.

Әрине, ішкі көші-қонға қатысты ағын ауылдан үлкен қалаларға кетіп жатыр. Мұнда кешегі ауыл тұрғындары ғана емес, қалалықтардың өздері де қиындықтарға тап болады. Еңбек көші-қонының арқасында адамдар өмір сүруге және өз отбасыларының әл-ауқатын сақтауға мүмкіндік алады. Ішкі көші-қон өсіп келеді - 2020 жылдың қаңтар-наурызында ол 2 222 963 адамды құрады, ал 2019 жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш 197 951 адамды құрады. Осылайша, ел ішінде қоныс аударатын мигранттар саны 14,1% өсті. Қазіргі короновирустық кезеңде мигранттардың көрсеткіші мүлдем басқа. Өңіраралық қозғалыстар тұрғысынан халықтың көші-қонының оң сальдосы елдердің үш аймағында дамыды: Маңғыстау облысында және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында [6].

Ішкі көші-қонның басқа елдердегі процестерден айтарлықтай айырмашылығы жоқ сияқты. Алайда, оның бірнеше ерекшеліктері бар:

- ішкі көші-қон қалалар мен аймақтардың дамуына әсер етеді

- Урбанизация біріктіру орталықтарын құрастырады.

- Көші-қон (ішкі) - бұл табиғи экономикалық процесс.

Ішкі көші-қон жағдайын тоқтату мүмкін емес, ішкі миграция жағдайының инерциясы сақталады, өйткені ол экономикалық тұрғыдан негізделген. Қазақстан халқының ішкі көші-қоны - бұл ел аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы проблемалардың тұтас спектрінің өзгергіштігіне байланысты табиғи процесс. Ішкі көші-қонның себептері анық. Олар ауылшаруашылығының және ауылдық жерлердің құлдырауымен байланысты. Ішкі мигранттардың мәселелерін шешкен кезде ішкі мигранттар болашақ қалалық мәдениеттің негізі екенін түсіну керек.

Болашақта Қазақстандағы қалалардың келбетін түбегейлі өзгерте алатын және қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық салаларына әсер ететін жаңа қалыптасқан қазақтілді орта. Көші-қон жағдайы қолайлы және қолайсыз факторлармен байланысты. Қазақстанда Қазақстанның ауылдық аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу және қабылдау қажет, ішкі мигранттардың алдында тұрған проблемалардың өткірлігін жою үшін ішкі көші-қон себепін қолдауға бағытталған шаралар кешені қажет.

Негізгі себептердің бірі-олар тұратын елдегі экономикалық және құқықтық жағдай. Көпшілігінде отбасылық бюджеті тұрақсыз адамдар көшіп кетуге бейім, азық-түлік пен жайлы өмір іздеп, үйлерінен кетуге және басқа елге баруға да мәжбүр.

Тарихи тұрғыдан алғанда, біздің еліміз Орталық Азиядағы ең тұрақты аймақ болып табылады. Бұл көрші елдерден, атап айтқанда Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қытайдан ауқымды иммиграцияға әкелді. Арзан жұмыс күшінің негізгі "экспорттаушысы" дәл осы елдер. Бұл біздің елде, әсіресе 2008 жылғы дағдарыс кезеңіне дейін, әсіресе құрылыс және ауылшаруашылық саласында мигранттардың ағынына әкелді. Бұл жалдамалы жұмысшылар негізінен заңсыз жұмыс істеді, мигранттардың құқықтарын бұзып қана қоймай, көші-қон және салық заңнамасының нормалары сақталмады. Бұл бюджетке табыс салығы түрінде айтарлықтай қаражат алмауына әкелді. Сонымен қатар, қоғамда еңбектің арзандауы орын алды. Қазақстандықтар еңбек мигранттары келіскен арзан жұмыс күшімен және төмен жалақымен бәсекеге түсе алмады, бұл өз азаматтарының жұмыссыздығына әкелді. Сонымен қатар, дағдарыс кезеңінде жұмыс берушілер тарапынан Еңбек және көші-қон заңнамасын сақтамау салдарынан көптеген еңбек мигранттары отанына оралу мүмкіндігіне ие бола алмады, бұл ел ішіндегі шиеленіскен қылмыстық жағдайға әкелді. БАҚ-тың хабарлауынша және Бас прокуратураның есептеріне сәйкес, 2008 жылдан бастап меншікке қарсы қылмыстар, иммигранттар жасаған жеке адамға қарсы қылмыстар, атап айтқанда тонау, денсаулыққа әртүрлі ауырлық дәрежелері, зорлау, қарақшылық шабуыл күрт өсті. Әрине, көші-қон, әсіресе еңбек көші-қоны мәселесін мемлекет реттейді, оған екінші тарауларда көрсетілген Қазақстан Республикасындағы заңдары дәлел.

Біздің ойымызша, жаңа көші-қон саясатын жүргізудің, атап айтқанда көші-қон заңнамасын қатайтудың себебі жақындап келе жатқан әлемдік дағдарыс, таяу шет елдердегі тұрақсыз жағдай, терроризм қаупі болып табылады. Заңсыз миграция – заңсыз адам саудасына, жезөкшелікке, әлеуметтік шиеленіске әкеледі.

Мысал үшін Жапонияның тәжірибесіне жүгінетін болсақ, осы ел көші-қонды реттеу саласында жоғары биіктерге жетті, бұл мемлекеттік мүдделерге жауап береді және өз азаматтарының құқықтарын қорғайды. Біздің еліміздің ерекшелігін ескере отырып, кез-келген салада басқа еліміздің тәжірибесін пайдалануымыз керек.

Жапонияның көші-қон саясатының қазіргі жағдайын түсіну үшін оны хронологиялық тәртібін қарастырып өтсек:

1. 1639-1853 - "еліміздің жабылуы" кезеңі, иммиграция жоқ.

2. 1853-1945 - "еліміздің ашылуы" кезеңі - жаппай эмиграция және отарлық иммиграция кезеңі.

3. 1945-1951 ж. - "көші-қонды қатаң бақылау" кезеңі. Эмиграция мен иммиграцияны қатаң бақылайтын заңдар қабылданады.

4. 1951-1980 - "иммиграцияны қатаң бақылау" кезеңі. Бұл жапон экономикасының гүлдену кезеңі. Дәл осы кезеңде білім беру саласында реформалар жүргізу арқылы шетелдік жұмыс күшін пайдалануға, өз жұмыс күшін, кәсіпқойларды дамытуға қатаң шектеулер болды.

5. 1980-1990 жылдар "иммиграцияны бақылаудың әлсіреуі" кезеңі. Елде жұмыс күшінің тапшылығы және соның салдарынан иммигранттарға деген қажеттілік бар. Бірақ мұнда қатаң саясат жүргізілуде. Олар тек мамандардың кіруін жеңілдетеді және біліктілігі жоқ жұмысшылардың кіруін шектейді. Бұл өз еңбек нарығын қорғау болып табылады.

6. 1990 жыл және қазіргі уақытқа дейін "жаңа көші-қон саясаты", бірақ мемлекет тарапынан қатаң бақылау жүргізілуде, сондай-ақ мамандарға ғана кіру жеңілдетілді.

Жапонияның көші-қонды бақылау саласындағы тәжірибесі және осы факторлардың барлығы еліміздің көші-қон заңнамасы саласындағы тұрақты дамуына себепші болады [7].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін реттеу тетігін жетілдіру, этникалық, Еңбек және ішкі көшіп-қонушыларға рұқсат құжаттарын алуға жәрдемдесу, құқықтық және өзге де сүйемелдеу бойынша тұрақты жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамалық базаны талдау (құқықтық бағалау), өкінішке орай, елде әлі күнге дейін бірыңғай, теңестірілген және дәйекті көші-қон бағыты жоқ деген тұжырым жасауға толық негіз береді. Әзірге «Халықтың көші-қоны туралы» Заң тек сыртқы көші-қон мәселелерін реттейді. Қазақстан заңсыз көші-қонның қолайсыз әлеуметтік салдарларынан оқшаулануы керек.

Көші-қон процестерін тұтастай алғанда тұрақтандыру тек саяси және экономикалық реформалар, өмір сүру жағдайлары мен сапасын жақсарту және адам құқықтарын құрметтеу жағдайында мүмкін.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды ескере отырып, көші-қон үрдісінің төмендегідей құқықтық бағыттарын ұсынамыз:

1. Еліміздің еңбек нарығын қорғау үшін шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде жұмыс берушіге қосымша салық енгізу қажет.

2. Азаматтарымыздың еңбегі жұмыс берушілер үшін неғұрлым қолайлы әрі тартымды болуы үшін еңбекші көшіп келушілердің ең төменгі жалақысын заңды түрде арттыру қажет.

3. Заңсыз жұмыс күші табылған жағдайда, елде заңсыз негізде болатын жұмыс беруші мен еңбекші көшіп келушіге үлкен айыппұл санкциялары бекітілсін.

4. Жұмыс берушілерге өз есебінен еңбекші көшіп келушіні мемлекеттік немесе ресми тілде оқытуды, құқықтық сауаттылық бойынша оқыту курсынан өткізуді міндеттеу.

5. Ел ішінде еңбекші көшіп келушінің жүріп-тұруына қатаң бақылауды жұмыс берушіге міндеттеу және оған енгізу, біздің елде болуға рұқсат мерзімі аяқталған жағдайда, бұл туралы еліміздің уәкілетті органдарына хабарлау міндетіне енгізу.

Нәтижесінде бұл шаралар мигранттардың құқықтарына нұқсан келтірмейді, азаматтардың, қоғамның және еліміздің мүдделерін қорғайды деген сенімдеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Щербакова Е.М. Международная миграция: тенденции и перспективы//«ДемоскопWeekly», №399-400, 23 ноября – 6 декабря 2009 г.
2. 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы халықтың көші-қоны туралы Заң ( қараған күні 01.02.2021 ж.)
3. www.stat.kz. Миграция населения // Агентство по статистике Республики Казахстан.
4. Билсборроу Р.Е., Хьюго Г., Обераи А.С., Х.Злотник Статистика международной миграции: рекомендации по совершенствованию систем сбора данных. пер. с англ. Федик В.В. – М.: «Академия», 1999. – С.420
5. Миграционные процессы в современных международных отношениях и проблемы региональной безопасности в ЦА <https://articlekz.com/article/7849>
6. www.stat.kz. Миграция населения // Агентство по статистике Республики Казахстан.
7. Совершенствование миграционного законодательства РК. <https://www.zakon.kz/4621474-sovershenstvovanie-migracionnogo.html>

## АКАДЕМИК С.ЗИМАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕСІ

**НАЙМАНБАЙ Айнұр Рахымбердіқызы**

*филология ғылымдарының кандидаты, практикалық қазақ тілі кафедрасының  
доценті,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**ЖУСИПОВА Бакыт Акылбаевна**

*заң ғылымдарының кандидаты, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының  
доценті,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

**Андатпа.** *Мақалада академик, қоғам қайраткері С.Зиманов еңбектеріндегі адами болмыс пен рухани құндылықтар мәселесі қарастырылады. Сонымен бірге жұмыста ғалымның моральдық-адамгершілік, әдет құқығы мен билік келісім, әділдік ұстанымдары сараланып, қазақтың ойшыл ақыны Абай тұлғасы мен оның заманындағы ел басқару ісі туралы ойлары талданады.*

**Аннотация.** *В статье рассматриваются вопросы человеческого бытия и духовных ценностей в трудах академика, общественного деятеля С.Зиманова. Кроме того, в работе анализируются нравственные права и властные принципы, принципы справедливости, а так же личность казахского поэта-мыслителя Абая и управление страной в его эпоху.*

Жалпы өмірде тау тұлғалы адамдар көптеп кездеседі. Бұл сөздің аясын тұлғаның адамгершілік қағидаттары мен қоғамның даму барысындағы атқарған өлшеусіз еңбектері, елшілдік қасиеттері, сонымен бірге өмір жолында халқына арнаған жарқын істері толықтыра алады. Елі үшін аянбай еңбек етіп, ұрпаққа мол тағылымды ғибрат қалдырған қайраткеріміздің бірі деп бүгінгі ұрпақ атынан ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері С.Зимановтың есімін мақтанышпен айта аламыз.

Ғалымның өмір жолдары біз ойлағандай оңай болған жоқ. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, сан мәрте жараланып, ерлік істерінің нәтижесімен жеңіс тұғырында елге оралды. Кейіндеу бейбіт күн орнап, Отан алдындағы парызын қалтқысыз орындаған жас ізденуші ерекше күш-жігермен шығармашылық бағытқа ден қояды. Ал ғалымның бұл ізденісі – жемісті жылдарға жалғасып, елге қызмет ету, ғылым көкжиегін дамыту игілігімен ұштаса түсті.

Заң саласындағы ғалым еңбектерінің бір бөлігін моральдық, адамгершілік бағытындағы зерттеулері құрайды. Ол зерттеулер адами құндылықтар мен байырғы әдет құқығы, би-шешендер төрелігіне арналып, бүгінгі ұрпақ игілігіне жарауда. Еркін даланың кеңдігі мен саяси жүйедегі туралық жөнінде ғалым С.Зиманов қазақтың әдет құқығын зерттей келе, мынадай пікір айтады: «Қазақ құқығы («жарғы») кең-байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпелілердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішінде руаралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді» [1; 29].

Академик С.Зиманов әдет құқығын зерттегін ғалымдардың алғашқы қатарында. Ғалым осы тақырыптағы тың ойларын «Қазақтың әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» атты еңбегінде жалғастырады: «Ежелден бекіген, кешегі күнге шейін жүйесін, ереже негіздерін бұзбай бізге жеткен қазақ халқының әдет-ғұрып жора-жолдарын зерттеу, оған тигізген басқа елдердің мәдениет мұраларының әсерін талдау, соның ішінде шариат әсерін тқжырымды ашу сол қазақ халқының «ескі ережелерінің» құндылығы мен маңыздылығын асыра түседі» [2; 8].

Бұл еңбекте ислам дінінің Қазақстанда таралуы мен исламның қазақтың әдет-ғұрпына әсер ету кезеңдері, Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі әдет-ғұрпы, ислам және саясат мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Адамзаттың Абайы әлемдік зерттеу кеңістігінде сан қырынан қаралып, көптеген игі істерге бастау болып келеді. Академик С.Зимановтың Абай туралы толғанысы мен тұжырымдары, ойшылдың еңбектерін кәсіби, өміршең ұстанымдармен талдау шеберлігі тым бөлек. Ғалым өз зерттеуінде бұған арнайы тоқталып: «Абайды күні бүгінге шейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл орынды. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Шешендік, билік жолы оның халықтық сана-болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би атануы, биліктері – тұтас тұлғаның күрделі болмысының бір қыры. Ол «Ұлы дала» заңын үлкен қоғамдық күш деп санады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп жазды.

Абайдың ақындығын билік, шешендік өнерімен ұштастыра қарау міндет. Сонда ғана ұлы адамның ұлылығы биігінен көрінбек. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып атқарған қызметінен бөліп қарау біржақтылық екендігі айқын. Солай бола тұрса да, өкінішке орай, бүгінге шейін Абайдың биліктері ол туралы зерттеулерден сырт қалып келді. Оның себебі де бар. Қоғамды топқа емес, қарсылас тапқа бөліп, тап күресін уағыздаған Кеңестік идеологияның үстем болған кезеңінде «би» дегенді әшкерелеумен болдық. Оның көшпелі елдің өзіндік мекемесі екендігін, ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болғанын біле тұра, оны ғылыми тұрғыдан зерттеуден бас тарттық. Енді өмір өзгерді. Қазақтың өз алдына тәуелсіз ел болуына байланысты ақтаңдақтарды жоюға мүмкіншіліктер туды. Абайдың жораға түсуі, биліктері ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйене отырып, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені – зерттеуін күтіп жатқанқан Абай өмірбаянындағы ақтаңдақтар. Көп дүниеден құр қалдық», – деген пікір білдіреді Аталмыш еңбектегі бұл мақалада Абай заманындағы ел басқару, шешім мәселесі «Абай және жер дауы», «Абай және жесір дауы», «Абай және мал дауы» секілді тараушаларға бөлініп, жеке-жеке қарастырылған [3]. Сондай-ақ мақалада Абайдың сол кезеңдегі қазақтардың әдет-ғұрып заңдарын жетілдіруге қосқан үлесі мен сол кезеңдегі құқықтық көзқарастарын саралап өткен.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ұлттық құндылықтармен бірге, мәдени, рухани тірегіміз де орнығып, дами бастады. Алайда жаһандық мағынада бүкіл әлем адамның абыройы тұрғысынан маңызды бір сынақтан өтіп жатыр. Қазір адамзат абыройының аяқ-асты болуы мен азғындық, қылмыс, зорлық-зомбылық, террорлық әрекет сияқты адам жаны түршігетін әлемдік оқиғалармен күрес жүргізілуде. Мұның өзі әлсірей бастаған тұсымызды, рухани кемелденудің ас қажет екендігін көрсетеді.

Адамның өмір сүру барысындағы қолданатын тәсілінде оның түрлі қажеттіліктері, ақыл-ойының қалыптасуы мен еркіндік жауапкершілігі, қызметін ұйымдастыруы немесе болжамы анықталады. Оның іс-әрекеті арқылы адамның



қалыптасуы мен дамуы өз үйлесімін табады. Адам – дүниені жасаушы, өзгертуші күш. Бұған ғалымдар да өлшеусіз үлес қоса алады. Осы ретте орыс жазушысы К.Г. Паустовский: «Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана осынау Адам деген мәртебелі атпен аталуға құқы болады» десе, кубалық саяси қайраткер Х.Марти: «Адам бола білу – ең қиын мамандық» деген екен. Ғалым С.Зимановтың адамдық, кісілік келбеті де осы талаптарды толық ашып, педагогикалық өлшем тұрғысынан ұрпақтар тәрбиесінде үлгі болып келеді.

Көрнекті қайраткер С.Зиманов қазақтың әдет құқығының тарихи даму барысын зерттей келе, оның ішінде билер сотының қызметіне аса мән беріп, терең зерттеулер жүргізіп, аталмыш институттың маңыздылығына тоқталады. Қазақтың билер сотының теңдесі жоқ институт екендігін зерттей келе, мынадай пікір айтқан: «Бір жағынан қоғамдық құрмет пен мәртебенің шыңында тұрған кезде «билер соты» ұғымы кез келген күрмеулі істің ақиқатын табу және сот кесімінің негізі – әділдікке қол жеткізу түсінігімен тең тұратын. Ал би-қазы атағы аталмыш идеяларды қойылған шарт ретінде емес, өз мінез-құлқының табиғи қағидасы ретінде қабылдаған адамға бұйыратын. Мұндай ұғым халық санасында ғана емес, билер санасында да мығым орнаған. Сондай-ақ билерден сот әділдігін жүзеге асыру үшін даналық, шешендік, өз теңдес бәсекелестерімен тең дәрежеде сұхбаттасу, тарихтағы түрлі әдет-ғұрыптық, соттық-оқиғалық нормалардан хабардар болу, хандар енгізген заңдарды білу талап етілген» [3; 6].


Билер соты институтына арналған түрлі еңбектерінде ғалым «қазақтың би-қазылары ешкімге тәуелді болмаған, оларды ешкім сайламаған, төрелік айтатын адамды дауласушылар өздері таңдап, оның әділ шешіміне жүгінген. Сондықтан да өз абырой-беделі үшін билер ешкімге де қиянат жасамай, шындықтың жоқшысы болған» деген пікір-пайымын үнемі айтып келген.

Академиктің мемлекеттік және қоғамдық жұмыстардағы ұшан-теңіз еңбегі «Ғылым туралы» заң жобасында айқын көрініс тапқан. Көрнекті ғалым мұнда да еліміздің ғылым көкжиегіне қатысты тың ойларымен бөлісіп, оның өзгеріс, жаңашылдығына бейім болуын, нақты ұсыныстарымен беріп отырған. Ғалымның бұл турасындағы үлес еңбегі «Білім туралы» заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуде де атқарлығын [4].

Ойымызды қорытындылай келсек, біз талдау жасаған жұмыстар ғалым еңбегінің бір сарасы ғана. Соңында мол мұра, академиялық мектеп қалдырып, өмір жолында әділдік пен теңдік, отансүйгіштік пен ғылыми көзқарастарын ту еткен ғалым, қоғам қайраткері, елшіл тұлға С.Зимановтың адами қасиеттері мен кісілік келбетінің ұрпақ жадында мәңгілік сақталары хақ. Даналық ойда жиі айтылатын «ғалымның хаты, жақсыны аты өлмейді» деген тіркес те осы мағынада қолданса керек-ті?!..

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. 5-том. – 2005. – 544 б.
2. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы: жеті жарғы, 1998. – 128 б.
3. Зиманов С. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 216 б.
4. Зиманов С. Казахский академический университет и государственно-правовая наука. – Алматы: Дайк-Пресс. – 316 с.



**3-БӨЛІМ.**

**КОНФЕРЕНЦИЯ ФОТОЛАРЫ**

**ЧАСТЬ 3.**

**ФОТОГРАФИИ КОНФЕРЕНЦИИ**

**АКАДЕМИК С.З. ЗИМАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АУДИТОРИЯНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ**  
**ТОРЖЕСТВЕННОЕ ОТКРЫТИЕ АУДИТОРИИ ИМЕНИ  
АКАДЕМИКА С.З. ЗИМАНОВА**



Академик С.З.Зиманов атындағы аудиторияның тұсаукесер сәтінен.  
Солдан оңға қарай: Сұлтанов Қ.С., Сабикенов С.Н.



Оңнан солға қарай: Тоғжанов Е.Л., Сұлтанов Қ.С., Сәрпеков Р.Қ., Алимбеков М.Т.





Аудиторияны таныстыру. Солдан оңға қарай: Тоғжанов Е.Л., Сұлтанов Қ.С., Сабиқенов С.Н., Сыдықов Е.Б. және Глепина Ш.В.



Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ ректоры Е.Б.Сыдықов қонақтарды академик С.З.Зимановтың ғылыми мұрасына арналған кітап көрмесімен таныстыруда. Солдан оңға қарай: Тоғжанов Е.Л., Сұлтанов Қ.С., Нухұлы А., Сматлаев Б.М. және Е.Б.Сыдықов.



Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, академик С.З.Зиманов атындағы аудитория. Солдан оңға қарай бірінші қатарда отырғандар: 1) Сұлтанов Қ.С., 2) Нұрғалиева Е.Н., 3) Сабикенов С.Н., 4) Тоғжанов Е.Л., 5) Шапақ У.Ш., 6) Сарпеков Р.Қ. Екінші қатарда солдан оңға қарай түрегеп тұрғандар: 1) қарағандылық қонақ, 2) Сейдеш Б.Б., 3) Қарабаев Ф.Ж., 4) Дауталиев Қ.Н., 5) Уразов Е.Л., 6) Абдолла С.Ж., 7) Тлепина Ш.В., 8) Нурмагамбетов А.М., 9) Дауленов М.М., 10) Сыдықов Е.Б., 11) Нухұлы А., 12) Башимов М.С., 13) Оңғарбаев Е.Ә., 14) Смаглаев Б.М., 15) Дулатбеков Н.О., 16) Қамзабекұлы Д.



## КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

## ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ КОНФЕРЕНЦИИ



Солдан оңға қарай: Сыдықов Е.Б. – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры,  
Тоғжанов Е.Л. – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары



Конференцияның жалпы отырысынан көрініс



Тоғжанов Е.Л. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары



Шапақ Ү.Ш. – Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі





Абдолла С.Ж. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы,  
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Төрағасы



Дауленов М.М. – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі





Сарпеков Р.Қ. – Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры



Құл-Мұхаммед М.А. – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.  
Онлайн бейнебаяндама



Сұлтанов Қ.С. – мемлекет және қоғам қайраткері,  
саясаттану ғылымдарының докторы, профессор



Сәбікенов С.Н. – ҚР ҰҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор





Солдан оңға қарай: Алимбеков М.Т. – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының экс-Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор;  
Нухұлы А. – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.



Оңнан солға қарай (қарсы бетте отырғандар):  
Башимов М.С., Дулатбеков Н.О., Сабикенов С.Н.



Нұрғалиева Е.Н. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы



Тлепина Ш.В. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор





Солдан оңға қарай: Сматлаев Б.М., Сұлтанов Қ.С. және Дулатбеков Н.О.



Солдан оңға қарай: Абдрасулов Е.Б., Сабикенов С.Н.

## ҰЙЫМДАСТЫРУ СӘТІНЕН ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ МОМЕНТЫ



«Тойдың боладысы» әзірлік сәтінен. Солдан оңға қарай: Дауталиев Қ.Н., Карибаева А.Қ., Тлепина Ш.В., Абдрасулов Е.Б., Балғынтаев Ә.О., Сыдықов Е.Б. (Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ ректоры), Сматаев Б.М., Сембекова Б.Р., Нурмагамбетов А.М., Бекайдарқызы Ж., Сактаганова И.С.



Солдан оңға қарай: Сактаганова И.С., Нурмагамбетов А.М., Сембекова Б.Р., Онгарбаев Е.А. (Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ проректоры), Сыдықов Е.Б. (Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ ректоры), Муратханова М.Б., Балғынтаев А.О., Тлепина Ш.В., Абдрасулов Е.Б.





Өзірлік сәтінен. Солдан оңға қарай: Балғынтаев А.О., Сембекова Б.Р., Сыдықов Е.Б. (ректор), Абдрасулов Е.Б., Муратханова М.Б.



Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің ұжымы. Солдан оңға қарай: Ойнарова Ә., Елеген А., Сейдеш Б.Б., Карибаева А. (декан орынбасары), Сматлаев Б.М. (декан), Сембекова Б.Р. (кафедра меңгерушісі), Османова Д., Капсалямова С.С.



Конференция қатысушыларын күтіп алу. Солдан оңға қарай: Сматлаев Б.М., Дулатбеков Н.О. (Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университетінің ректоры)



Конференция қатысушыларын күтіп алу, шығарып салу. Солдан оңға қарай: Сейдеш Б.Б., Сарпеков Р.Қ. (Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры)






Академик С.З.Зиманов ат. аудиторияны ашуға дайындау:  
Тлепина Ш.В., Балгынтаев А.О.



Академик С.З.Зиманов ат. аудитория.  
Солдан оңға қарай: Сейдеш Б.Б., Қарабаев Ф.Ж., Қаражан Б.С.



**4-БӨЛІМ.**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
ҰСЫНЫМДАРЫ**

**ЧАСТЬ 4.**

**РЕКОМЕНДАЦИИ  
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

**ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор,  
еңбегі сіңген ғылым қайраткері С.З. Зимановтың 100 жылдығына арналған  
«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙРАТКЕР»  
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

**ҰСЫНЫМДАРЫ**

**Нұр-Сұлтан қаласы**

**2021 жылғы 19 ақпан**

Конференция қатысушылары,  
мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындарының атынан қатысқан өкілдер мен ғалымдардың сөйлеген сөздерін тыңдап,  
конференцияда талқыланған академик Салық Зимановтың ғылыми шығармашылығы мен оның мемлекеттік және қоғамдық қызметтерін зерттеудің өзектілігін негізге ала отырып,  
академик С.З.Зимановтың ғылыми мектебін мемлекеттік деңгейде қолдау мен насихаттаудың маңыздылығын көрсете отырып

**ҰСЫНАДЫ:**

1. Қазақстанның заң ғылымын қалыптастырудағы академик Салық Зиманов қосқан тарихи еңбекті әділ бағалау мақсатында және отандық құқықтық жүйенің фундаменталды негіздерін жаңғырту мен оны орнықты дамыту үшін С.З.Зимановтың есімін бере отырып Мемлекет және құқық институтын жаңа сапада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жанынан қайта құру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне енгізуді;

2. Қазақстандағы жоғары заң білімі мен құқықтану ғылымының қалыптасуындағы және дамуындағы академик С.З.Зимановтың қосқан қомақты үлесін бірауыздан мойындай отырып Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы сыйлықтарының қатарына гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бағытындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін С.З.Зиманов атындағы бір сыйлық беруді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс ретінде енгізуді;

3. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай 25 қазан 2021 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Академик Салық Зиманов және Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастыруды және өткізуді;

4. Салық Зиманов атындағы кабинет жұмысын, оның жанынан «Зимановтану» ғылыми үйірмесін құру арқылы жандандыру және мұны Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасы базасында үйлестіруді;

5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті базасында заң ғылымының дамуына арналған «Зиманов оқуларын» жүйелі түрде өткізіп тұруды (кемінде 5 жылда бір рет) және мұны университет іске асыратын шаралардың Жоспарына міндетті түрде енгізе отырып Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ғылыми Кеңесінде бекітуді;

6. «Салық Зиманов: ғалым, азамат, қоғамдық және мемлекеттік қайраткер» атты кітапты әзірлеу, шығару және оны таныстыру рәсімін қамтамасыз етуді;

7. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері мен магистранттары арасында «Академик Салық Зиманов және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің қалыптасуы» тақырыбына кемінде 2 жылда бір рет ғылыми конкурс өткізіп тұруды;

8. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультетінде оқитын оқу үлгерімі озат студенттерге С.З.Зиманов атындағы атаулы шәкіртақы тағайындауды;

9. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік және гуманитарлық бағыттағы факультеттерінде «Салық Зиманов тұлғасы және шығармашылық жолы» тақырыбына студенттер арасында кураторлық сағат жұмыстарын жүргізуді;

10. Академик С.З.Зимановтың ғылыми мұрасымен өскелең ұрпақты жақынырақ таныстыру мақсатында жыл бойына «Отырар кітапханасында» ғалым шығармашылығын насихаттауды және кітап көрмелерін ұйымдастыруды.

**Рекомендации республиканской научно-практической конференции, посвященной 100-летию академика НАН РК, доктора юридических наук, профессора, заслуженного деятеля науки С.З. Зиманова на тему:  
«САЛЫК ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

**г. Нур-Султан**

**19 февраля 2021 года**

Участники конференции, заслушав выступления представителей государственных органов, научных организаций, а также ученых, представляющих высшие учебные заведения, научные и научно-исследовательские институты,

принимая во внимание актуальность обсужденных на конференции вопросов творческого наследия, а также научной, общественной и государственной деятельности академика С.З. Зиманова,

подчеркивая важность поддержки и пропаганды на государственном уровне научной школы академика С.З. Зиманова,

**РЕКОМЕНДУЮТ:**

1. Учитывая неопределимый вклад академика С.З.Зиманова в становление и развитие юридической науки Казахстана, а также необходимость воссоздания и развития фундаментальных основ отечественной правовой системы ходатайствовать перед Министерством образования и науки Республики Казахстан о возрождении в новом качестве Института государства и права, с передачей его в ведение Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан с одновременным присвоением ему имени академика С.З.Зиманова.

2. Признавая весомый вклад академика С.З. Зиманова в становление и развитие юридического образования и науки в стране, ходатайствовать перед Министерством образования и науки Республики Казахстан об учреждении одной ежегодной премии в области науки имени С.З.Зиманова за лучшее научное исследование в области гуманитарных и социальных наук;

3. Организовать и провести в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева 25 октября 2021 года международную научно-практическую конференцию «Академик С.З.Зиманов и становление Казахстана как суверенного государства», посвященную 30-летию независимости Республики Казахстан;

4. Модернизировать кабинет академика С.З.Зиманова с созданием при нем научного кружка «Зимановедение», который будет функционировать на базе кафедры теории и истории государства и права, конституционного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева;

5. Утвердить на Ученом Совете ЕНУ имени Л.Н. Гумилева проведение регулярных (не менее одного раза каждые 5 лет) «Зимановских чтений» на базе юридического факультета, посвященных развитию юридической науки и с обязательным включением данного мероприятия в План проводимых мероприятий университета.

6. Обеспечить издание и презентацию книги «Салык Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель».

7. Проводить регулярно, не менее одного раза в 2 года, конкурс научных работ студентов и магистрантов на тему «Академик С.З.Зиманов и становление независимости Республики Казахстан»;

8. Учредить именную стипендию имени С.З.Зиманова для отличников учебы юридического факультета ЕНУ имени Л.Н.Гумилева;

9. Организовать проведение кураторских часов среди студентов на тему «Личность и творческий путь С.З.Зиманова» на факультетах гуманитарно-социального направления ЕНУ имени Л.Н. Гумилева;

10. В целях приобщения подрастающей молодежи к творческому наследию академика С.З. Зиманова организовать в «Отырар кітапханасы» ЕНУ имени Л.Н.Гумилева выставку книг и произведений С.З.Зиманова в течение юбилейного года.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ  
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары  
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ И  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции  
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

Қаріп түрі «Times New Roman»

Тапсырыс 15488

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті типографиясы  
010008, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к., 13/1.